

AQTÖBE OBLYSYNYŇ TILDERDI DAMYTU BASQARMASY  
TILDERDI OQYTU ORTALYĜY

---

---



# TILDERDI OQYTU: IZDENIS JÄNE ÄDISTEME

aqparattyq-ädistemelik jurnal


№2 (24)



2021-jyl  
28-mausym



# «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журнал



**Меншік иесі:** «Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор:** М.Бісқақов

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.

**Басылым мерзімділігі:**

3 айда 1 рет

**№2 (24) саны**

**28-маусым, 2021 жыл**

**Таралымы:** 100 дана

**Тапсырыс:** №65.

**Баспахана атауы:**

«Хабар-Сервис» ЖШС

**Мекенжайы:**

Қазақстан Республикасы,

Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2.

**Тел.:** 8 (7132) 545–545, 400–400.

**E-mail:** habar-service@mail.ru

**Редакция мекенжайы:**

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы,  
Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А».

**Тел./факс:** 8 (7132) 41-69-34.

**E-mail:** ortaluktil@mail.ru

*Авторлардың стилі,*

*орфографиясы сақталады.*

*Ақпараттардың нақтылығы*

*мен ақиқаттығына редакция*

*жауап бермейді.*



# МАЗМҰНЫ

*М.Ысқақов*

*Редактор бағаны*..... 5

## «ТІЛТАНЫМ»

*А.А.Сейітбекова*

Жетілдірілген әліпбиде қандай өзгерістер болды?..... 6

*Г.Мамырбек*

И және Й әріптеріне неге бір таңба алынды? ..... 8

*Н.М.Рсалиева*

Жетілдірілген әліпбиден не күтеміз? ..... 9

*А.С.Зинедина*

Интермәтінділік және прецеденттілік феномендерінің фольклоризмге қатысы..... 10

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

*А.Б.Аралбаев*

Жаңа әліпби — жаңа тарих..... 13

*А.С.Умбетова*

Латын әліпбиіне көшу — еліміздің рухани өміріндегі елеулі қадам..... 14

*Қ.Ш.Калиев*

Білім беру жүйесінде тәрбиенің ұлттық құндылығын арттыру ..... 16

*Ғ.Д.Ізтлеуова*

Бала тәрбиесі — баршаға ортақ ..... 18

*Ж.Н.Жанбырбаева*

«Тәуелсіздік — тәу етер киелі ұғым» ..... 20

*А.А.Махамбетова*

Қазақ тілі — рухани мұра ..... 22

## «ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕ»

*Ф.Е.Борангазы*

ThingLink бағдарламасының мүмкіндіктері ..... 24

*Р.Канаева*

Использование социо-игровых приёмов в работе с детьми ..... 26

*Г.Т.Байтлеуова*

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектеп психологиялық дайындау ..... 34

*К.Қ.Кенжебаева*

«Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» ..... 35

## «ҮЗДІК САБАҚ»

*Г.Е.Айжанова*

Природа осенью..... 37

*Ж.К.Абрашева*

Бізді қоршаған орта ..... 39

*К.А.Айттишева*

«Қазақтың бас театры»..... 41

*Л.Ж.Алабаева*

М.Әуезов «Көксерек» әңгімесі..... 43

*А.Е.Кальжанова*

Оразақын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі атажұртқа оралу ..... 45

*Л.К.Кемаладинова*

Ас адамның арқауы..... 47

*А.К.Сейтахметова*

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілін оқып үйренеміз ..... 49

*Г.Б.Мукушева*

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? ..... 54

*А.Н.Толесова*

Т.Айбергенов «Сағыныш» өлеңі ..... 55

*Ж.О.Тлепова*

Адам бақыты ..... 58

*Г.М.Улмагамбетова*

Путь в школу ..... 60

*М.Улмагамбетова*

Дастархан басындағы әдептілік ..... 62

**«ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ»**

<i>А.Т.Абдыкова</i>	«Құммен ойын».....	65
<i>Б.К.Ауелбаева</i>	«Қоянның үйшігі».....	66
<i>А.Т.Аябергенова</i>	Аққала.....	68
<i>А.М.Абилгазина</i>	«Теремок». Открытое занятие по математике по мотивам русской народной сказки (старшая группа).....	69
<i>Ж.А.Даулетова</i>	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» (Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен өткізілген топтық сабақ).....	71
<i>М.Е.Есенгелдиева</i>	Балам жақсы болсын десеңіз.....	72
<i>Г.А.Байсеркешова</i>	«Біз жолаушымыз» .....	74
<i>А.И.Джумагалиева</i>	Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?.....	75
<i>Г.А.Ержан</i>	Ағаштарды не үшін отырғызады?.....	77
<i>Г.И.Мажарова</i>	«Исследование планеты Земля» .....	79
<i>З.Е.Ешмагамбетова</i>	Үй жануарлары тіршілігі .....	81
<i>Н.Р.Жаксимбетова</i>	«Күлімде, Наурыз, күлімде!».....	82
<i>А.Ж.Құлниязова</i>	Қызықты математика.....	84
<i>А.Н.Текешова</i>	«Түрлі — түсті көбелектер» .....	85
<i>Ж.Т.Кубденова</i>	Күшік пен мысық ертегісі.....	86
<i>Г.Молдабекова</i>	«Ғажайып орманға саяхат» .....	88
<i>Э.М.Жаулбаева</i>	«Түстер әлемі» апталығы.....	90
<i>Ә.Ж.Қуанышова</i>	«1-ден 5-ке дейін тура және кері санау».....	91
<i>Л.М.Толыбаева</i>	«Менің сүйкімді күшігім» .....	92
<i>Г.К.Нурписова</i>	«Шалқан» ертегісін сахналау .....	93
<i>Б.О.Молжанова</i>	«Балабақша мен отбасы» .....	94
<i>А.Ж.Тәжібай</i>	«Мои любимые игрушки».....	95
<i>З.А.Токпанова</i>	«Сиқырлы қағаз» (оригами).....	96
<i>И.Х.Аябергенова</i>	«Күн сәулесі және біз» .....	97
<i>Г.М.Есеналиева</i>	Қыстап қалатын құстар .....	98
<i>Г.Е.Сартова</i>	Біз жолаушымыз .....	99
<i>Ж.С.Нурғалиева</i>	Мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытуда ертегілердің маңызы.....	100
<i>А.К.Сармантаева</i>	Ә дыбысы мен әрпі .....	101
<i>Б.Х.Өтесінова</i>	Баланың балабақшаға бейімделуі .....	102
<i>А.С.Жолымбетова</i>	«Баланы дұрыс сөйлей білуге үйрету» .....	103
	<b>Хабарландырулар тақтасы</b> .....	104



## РЕДАКТОР БАҒАНЫ



**М.Ысқақов,**

Ақтөбе облысының тілдерді  
дамыту басқармасы басшысы

**Б**үгінгі күні Тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған ауқымды шаралар ұйымдастырылып, жүргізілген жүйелі жұмыстар арқасында облыста мемлекеттік тілдің әлеуметтік функцияларын арттыру үшін барлық алғышарттар бар.

Облыста мемлекеттік тілді жетік меңгергендердің үлесі тұрақты өсуде. Мемлекеттік тілді әр түрлі деңгейде білетіндер үлесі **94%-ті** құрап отыр.

Тілдерді оқыту орталығының тілдік курстары Ақтөбе қаласы ғана емес, орыс тілді орта қалыптасқан 6 ауданда да жұмыс жасайды. Мемлекеттік тілді оқып-үйренуге деген құлшыныс артуда. 2021 жылдың 4 айында **827** адам мемлекеттік тілді, **101** адам ағылшын тілін оқытумен қамтылды. Мемлекеттік тілді үйрету курсына қатысушылардың **22%** этнос өкілдері құрап отыр. Өз бетімен тіл үйренем деушілерге қашықтан оқыту жүйесі жұмыс жасайды. Тұрғындар **til-aktobe.kz** сайтына тіркелу арқылы қазақ тілін деңгейлер бойынша үйренуге мүмкіндігі бар.

Облыста тұрып жатырған этнос өкілдерінің ана тілдерімен қоса мемлекеттік тілді оқытуға мемлекеттік қолдау көрсетілуде. Этномәдени орталықтар жанындағы жексенбілік мектептер арқылы *украин, кәріс, татар, башқұрт, әзірбайжан* тілдерімен бірге мемлекеттік тілді оқыту курстары ұйымдастырылуда. Оқытудан басқа жексенбілік мектептердің оқытушылары үшін семинар-тренингтер, дөңгелек үстелдер, ашық алаң, тілдік байқаулар ұйымдастырылады.

Іс қағаздарының мемлекеттік тілде жүргізілуі мәселелері де назардан тыс қалған емес. Бұл бағытта іс қағаздарының жүргізілу жайына тоқсан сайын мониторинг жүргізіліп, қорытындысымен төмен көрсеткіш көрсеткен мекемелерге кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар беріледі. Бүгінгі күні облыс әкімдігіне қарасты мемлекеттік органдарда іс қағаздарының мемлекеттік тілдегі үлесі **98%-ке** жетті.

Мемлекеттік тіл саясатының бағыттарын түсіндіру, сала бойынша атқарылып жатырған жұмыс жөнінде ақпараттық беру, халықпен кері байланыс құру мақсатында «Күншуақ», «*Ономастика тынысы*», «*Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме*» журналдары, басқарманың ресми сайтымен қатар **til-aktobe.kz**, «Күншуақ» сайттары, ютуб каналы, әлеуметтік желілердегі парақшалар сияқты ақпараттық ресурстар бар.

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін арттыру өзектілігін ескере отырып, тілдік шараларды ұйымдастыру жалғасатын болады. Бұл ретте Ел Президенті Қ.Тоқаев алдағы уақытта қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейте отырып, қазақ тілін ұлтаралық қатынас тіліне айналдыруды тапсырды. Сондықтан, үйлесімді тіл саясаты негізінде мемлекеттік тілдің толыққанды қолданысын қамтамасыз ету — баршамыздың ортақ мақсатымыз болып қала береді.

## «ТІЛТАНЫМ»

## Жетілдірілген әліпбиде қандай өзгерістер болды?



**А.А.Сейітбекова,**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Тіл тарихы және диалектология бөлімінің меңгерушісі, Ұлттық комиссия жанындағы Әдістемелік жұмыс тобының мүшесі*

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым Жомарт Тоқаев қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру барысында Елбасының Жарлығымен бекітілген (акут) әліпбиіндегі кемшіліктерді ескеріп, тілтанушыларға жетілдіруге тапсырма берген болатын. Осы арада еліміздегі жеке тұлғалардың тарапынан да әліпби жобалары ұсынылып жатты. Сол жобаларға Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен тілтанымдық сараптама жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде Ұлттық комиссияның жанынан құрылған Орфографиялық жұмыс тобындағы ғалымдар «бір дыбыс — бір таңба» деген ұстаныммен Елбасының Жарлығымен бекітілген әліпбидегі диграфты таңбалардың орнына бір таңба және акут диакритикасының орнына дауысты, дауыссыз дыбысты ерекшелейтін бес диакритика таңдап, жұртшылыққа «Жетілдірілген әліпби» жобасын ұсынды. Бұл жоба Ұлттық комиссияның жанынан құрылған төрт топтың кеңейтілген мәжілісінде талқыланды.

Әр таңбаға қойылған диакритикалық белгілердің ғылыми негіздемесі бар. Жетілдірілген әліпби **умлаут әліпби** деп те аталады. Оның себебі үш әріпке таңдалған тірек белгі умлаут болғандығынан.

Аталмыш әліпбидегі **умлаут белгісі** (әріпүсті қос нүкте) үш дауысты дыбысты білдіретін әріптерге қойылды: Әә – Ää; Өө – Öö; Үү – Üü. Мысалы:

*ädis, öris, jürek.* Умлаут белгісінің лингвистикада бұрыннан белгілі өзінің сипаттамасы бар. Умлаут — жіңішке дауыстыны білдіретін диакритикалық белгі. Ол көптеген тілдердің жазуларында кездеседі: герман, семит-хамит, үнді-еуропа, славян, түркі тілдер тобы. Умлаутты әлемдік лингвистер әртүрлі мақсатта, әртүрлі мазмұнда пайдаланған:

- сөздің фонетикалық мәнін ерекшелеу үшін;
- сөз мағынасына әсері үшін;
- екпінді білдіру үшін;
- өзара ұқсас таңбаларды айыру үшін.

Умлаут белгісі жайында салыстырмалы-салғастырмалы мақсатта зерттеген Н.А.Басқақовтың, Э.В.Севортян, В.М.Носилов, В.В.Радловтың, т.б. ғалымдардың еңбегінде кездеседі. Б.А.Серебренников умлаутты үнді еуропа, түркі, фин-угор тілдеріндегі сингорманизм құбылысы ретінде қарайды. Жазба мұралар мәтіндерін латын графикасымен транскрипциялауда қолданыс тапқан. Көне түркі мәтіндерінде: *baliq, aŷiz, aŷil*, т.б. Ортағасыр мәтіндерінде: *özin, köb, bilür, äzäl*, т.б. Яғни, умлаут белгісінің синхрондық және диахрондық аспектісі бар. Осы тұрғыдан келгенде, жетілдірілген әліпбидегі **ä, ö, ü** графемалары араб жазулы мәтіндерді транскрипциялауға ыңғайлы, оқуға жеңіл болады.

Оқырмандар тапынан умлаут белгісі туралы дұрыс қойылмаса, орфографиялық қателерді көбейтеді. Қолмен жазу барысында қос нүктенің бір сызыққа айналып кету қаупі бар деген пікірлер айтылып жатады. Расында да, тәжірибеде осындай қос нүктелі, үш нүктелі, апостроф, дауысты дыбыстарды көрсететін фатха, кесра, дамма, су-кун белгілерімен жазылған араб жазулы ортағасыр және одан кейінгі дәуірлердегі мәтіндерді оқығанда, лингвотекстологиялық талдауларда қиындықтарға алып келді. Дегенмен бүгінгі күні мәтінді пернетақтада теретіндігімізден, аса қиындық болмайды деп ойлаймыз.

Ертеректе жазба мәтіндерде қолданыс тапқан бұл таңба қазіргі таңда кейбір еуропа елдерінде стильдік мақсатта рок группаларының, фирма-



ларының атауларына да қойылып жатады екен. Бұл белгінің әлемдік графикалық кеңістікте танымалдығы өте жоғары, кең орын алатындығымен ерекшеленетін умлаут белгісі ұлттық әліпбидің графемалық жүйесіне сәйкес келеді деп есептейміз.

**Макрон** (әріпүсті сызық) — дауыстылардың созылыңқы жұптары үшін қолданылатын белгі: Ұұ – Ūū. Мысалы: *būlbūl, maġlūmat, samūruq*. Халықаралық әліпбиде жуан дауыстыны белгілеуде пайдаланылған латыш тілінің әліпбиінде: Āā, Ēē, Īī, Ūū; литва тілінің әліпбиінде: Ūū; қарақалпақ әліпбиінде: Ūū. Бұл белгінің бір артықшылығы — кирилдегі Ұұ таңбасының беліне сызылған сызық, латын графикасында таңбаның үстіне ауысқандай түсінік береді. Сондай-ақ, акут әліпбиінде Уу, Үү, Ұұ таңбалары әртүрлі тұрпатта жазылған еді. Жетілдірілген әліпбиде бір таңбасы тірек болатын тұрпаты ұқсас таңбаларға ауысқан: Ūū, Ūü, Uu. Жазу-сызуда осы көрсетілген белгілері арқылы ажыратуға болады және көзшалымға жеңіл қабылданады, оңай меңгеріледі.

**Бревис** (әріпасты айшық) — қысқалықты білдіретін диакритикалық белгі. Ғғ – Ğğ. Мысалы, *ġaryş, samġau, tabiġat*. Көне грек тілінде қысқа дыбыстарды таңбалау үшін қолданылған: (ǃ, ǐ, ǔ) /a, i, u/. Кирил әліпбиінде осы белгімен қысқа деп аталып жүрге (й) таңбасына әріпүсті белгі ретінде таңбалап жүрміз. Танымдылығы өте жоғары: латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының әліпбиінің барлығында кездеседі. Соымен қатар румын әліпбиінде: Ăă (a); кирилл әліпбиінде: Йй; белорус әліпбиінде: Ўў, Йй; молдавия әліпбиінде: Жж; чуваш әліпбиінде: Ăă, Ęę, Йй. Тіпті жазба мұралар мәтіндерін латын графикасымен транскрипциялауда қолданыс тапқан белгілердің бірі: *iaġni, bolġan, andaġ*, т.б. Жаңа графикамен былайша көрініс табады: *ġaryş, samġau, tabiġat*, т.б.

**Седиль** (әріпасты ілмек) — кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы өзгерістерді көрсету үшін жазуда қолданылатын ілгек тәріздес белгі. Шш – Şş. Мысалы, *şana, bürşik, qylyş*, т.б.

Таңдаудағы басты себептер:

— *біріншіден*, әліпбиде диграфтар, триграфтар болмау керек деген принципіне сәйкес ауыстырылды;  
— *екіншіден*, танымалдылығы өте жоғары таңбалардың бірі, өзге түркі (түркі, әзербайжан, түрікмен) халықтарының әліпбиінде кездеседі: түрік әліпбиі: ç (ч), ş (ш); әзербайжан әліпбиі: ç (ч),

ş (ш); түрікмен әліпбиі: ç (ч), ş (ш); қырым татарлары: ç (ч), ş (ш); француз әліпбиі: Çç (с); португал әліпбиі: Çç (с); каталан әліпбиі: Çç (с); чуваш әліпбиі: Ç ç (с). Түрік және әзербайжан жазба мұраларын латын графикасына транскрипциялауда осы таңбаны қолданған: *şana, şol*, т.б. Жаңа графикамен былайша көрініс табады: *şana, bürşik, qylyş* т.б.

— *үшіншіден*, сауалнама нәтижелері **SH** диграфты таңбасын **Ş**-мен ауыстыру туралы ұсыныстар көп болды.

**Тильда** (әріпүсті ирек). [ың] дыбысын білдіретін таңбаны таңдау ғалымдардың арасында аз талқыланбады. Бірде тильданы **ñ** таңдаған жағдайда, «диакритикалық әріптердің саны көп болып кетті» деген ескертулер мен ұсыныстар айтылса, енді бірде **ŋ** таңдаған жағдайда «unicode жүйесіне сәйкес келмейді» деген пікірлер де басым түсті. Қай-қайсының болса да, азды-көпті кемшіліктері мен артықшылықтары болды. Тіл білімі институтының ғалымдарының *ng* деп аталатын **ŋ** таңбасына қолдау басым түскен еді. Ғалымдар бұл әріптің «кирилдегі *ң* әрпіне тұрпаты жағынан ұқсайды және қолды үзбей жазуға ыңғайлы» деген пікірлерін айтты. Дегенмен бұл таңбаның кемшілігі де жоқ емес еді. Яғни у (ы) әріптерімен қатар келгенде әріпасты әріптер санының көбейтіп, көзшалымға ауырлау және жазу көркемдігіне кері әсер етеді екен: *qyznyzdyŋ, tyŋġylyqty*.

Қазіргі таңда жетілдірілген әліпбиде тильда белгісі бар **Ññ** әрпі ұсынылып тұр. Мысалы, *tañerteñ, zañ, eñbek*. Бұл таңбаның танымалдылығы орташа, түркімен, қырым татарлары және испан, португал әліпбилерінде мұрын жолды дауыссыз дыбыстарды белгілеу үшін қолданылады.

Бекітілген әліпбидегі қысаң **і (i)** және **и (и, й)** әріптерін де қайта қаралды. Бұл әріптердің орны ауысты. Бұндағы мақсат шеттелдік сөздер халықаралық тұрқына ұқсас болсын деп нүктелі таяқшамен берілді. Себебі **і** таңбасы қазақ тілінде жиілігі өте жоғары болғандықтан, нүктелердің санын көбейтіп жібере ме деген оймен ғалымдар нүктесіз қалдыруды ұсынды. Сонымен жіңішкелік төл **и** дыбысы **і** таңбасымен, қысқа **й** мен **и** латын **і** әрпімен белгіленді.

Бекітілген әліпбиде	Жетілдірілген әліпбиде
І (и, й): ine, bai	І (i): iri, irimşik
Іі (и): iri, irimshik	Іі (и, й): ine, bai



Сонымен жетілдірілген әліпбидегі таңдалған диакритикалары бар әріптердің артықшылықтары мынадай:

- дауысты және дауыссыз төл дыбыстардың ара-жігін ажыратып тұрады;
- графикалық бейнесі түсінікті, көзшалымға ыңғайлы;
- оқылымда бірден танылады, жазылымда жеңіл ажыратуға болады;

- әліпбидегі ä, ö, ü, ğ, ş, ç графемалары түркітілдес латын графикасы негізіндегі ұлттық әліпбилерінің графемалық жүйесіне сәйкес келеді;
- ортақ жазба мұралар мәтіндерін транскрипциялауда, жалпытүркілік ортақ жазу жүйесін жақындатуға септігін тигізеді;
- диакритикалардың әріпүсті және әріпасты аралас келуі жазудың көркемдігін арттырады әрі олардың ұқсас болмауы оқылымға оң әсерін тигізеді.



## И және Й әріптеріне неге бір таңба алынды?



**Г.Мамырбек,**  
«Тіл-Қазына» ұлттық  
ғылыми-практикалық  
орталығының жетекші  
ғылыми қызметкері

**К**азіргі әліпбидегі бұл әріптің біреуі кирилді қабылдаған кезде жазуымызға енген болатын. Яғни ұзақ ғасырлар бойы қолданыста болған араб жазуында да, одан кейін А.Байтұрсынұлы енгізген төте жазуда да, 1929 жылы қабылдаған латын әліпбиінде де бір й дыбысына екі әріп арналған емес. Бәрімізге белгілі, түркі халықтары кирилге көшкен кезде орыс әліпбиіндегі 33 таңбаны толық қабылдауға мәжбүр болды және әр тілдің өз ерекшелігіне сәйкес төл дыбыстарына қосымша тағы да таңбалар алды. Осы себептен қазақ тілі әліпбиі 42 әріпке негізделді. Емле ережелері де осы 42 әріпке лайықталып жасалуы қажет еді. Сол себептен, қаншама ғасыр бойы айу деп үш әріппен жазып жүрген сөзіміз аю, байу деп төрт әріппен

жазып жүрген сөзіміз баю, ашшы деп төрт әріппен жазып жүрген сөзіміз ащы түрінде жазылатын болды. Й/и әріптері де емлемізге осылайша еніп кетті.

Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінде й/и әріптеріне неге бір ғана таңба алынды? Себебі:

Біріншіден, қазақ тілінде тек қана дауыссыз й бар, ұзын и деген жоқ. Ине, тай, киім, қайың дегенде бір ғана й дыбысы қолданылады. Фонетикалық сипаттамасы жағынан бұл сөздердегі й дыбысының ешқандай айырмашылығы да, мағына өзгертетін функциясы да жоқ. Сондықтан Орфографиялық жұмыс тобы ғалымдары төл сөздерде кездесетін бір дыбысқа екі түрлі таңба арнауың қажеті жоқ деп шешті.

Екіншіден, қазақ тілінде 28 дыбыс бар. Оның тоғызы дауысты, он тоғызы дауыссыз. Бұл қазақ ғалымдары тарапынан айқындалған ақиқат. Егер й-ге екі таңба арналса, екінші таңбаны дауысты дей алмаймыз, себебі қазақ тілінде дауыссыз й ғана бар. Сондықтан Орфографиялық жұмыс тобы мүшелері тіліміздегі бір дауыссыз й-ге екі таңба берудің қажеті жоқ деп шешті.

Үшіншіден, егер й-ге екі таңба беру керек болса, онда у дыбысына да екі таңба арналуы керек. Себебі и мен у-дың қызметі бірдей. Бірақ олай бір дыбысқа қос таңбадан арнау әліпби түзу принципіне қайшы келеді.





## Жетілдірілген әліпбиден не күтеміз?



**Н.М.Рсалиева,**  
Филология ғылымдарының  
кандидаты

**Ж**азу реформасы дегеннің өзі ағылшын тіліндегі әдебиет көздерінде *purification* және *simplification* деген терминдермен түсіндіріледі. Яғни, қазақшалағанда, тілді бөгде, жат құбылыстардан тазалау және жазуды жеңілдету деген қос мақсатты алға қояды. Біздің жетілдірілген әліпби нұсқамыз егер осы мақсатқа жету үшін құрылған болса, онда біз өз ұлттық жазуымызды қалыптастырамыз деген сөз.

Бұған қоса, латын жазуы бізді үш әлеммен біріктіреді деп ойлаймыз. Бірінші кезекте қазақты қазаққа қосады. Жер бетіне әрқилы себептермен тарап, өздері өмір сүретін мемлекеттердің жазуында (латын, кирил, парсы, араб графикасында) отырған, 5 миллион «Қазақтың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ» екенін білетін жұрттың енді осы латын әліпбиінің дәнекер болуымен тамырына қан жүгіріп, елдің жазба жауһарларына қол жеткізіп, күнделікті хабар-ошарын алып отыра алатын болады деп сенеміз. Бұл — біздің бұйырса қол жеткізетін бір әлеміміз — өз жұртымыз.

Екінші жұрт — дәл осындай әртүрлі жазуда отырған біздің түркі әлеміміз. Жазудың әркелкілігінен және бірқатар геосаяси факторларға байланысты дисинтеграцияланып кеткен бір тамырдан өрбитін түркі жұртын интеграциялаудың функциясын бүгінде қолға алынып жатқан жаңа латын әліпбиіміз атқара алатын болады деген үмітіміз бар. Олай деуімізге ағылшын тілінің ғаламдық экспанциясына орай, бірінші кезекте, әркелкі жазудың ішінде латын жазуының барша әлем жұртшылығына жаттығы жоқ, ең тануға жеңіл жазу екендігі себеп.

Әлемге тарап кеткен тек қана қазақ жұрты емес, жалпы түркі халықтары солай таралып кеткен, сол қазақтар өмір сүріп жатқан мемлекеттер-

де басқа түркілер де өмір сүріп жатыр. Сондықтан, әлемдегі қазақ жұртшылығына да, жалпы түркі жұртшылығына да әліпбидің «жақын» болуы бірдей маңызға ие.

Ал бірігіміз деп отырған үшінші жұртымыз — бұл, әрине, ғаламторды дөңгелетіп отырған батыс — латын жазуында отырған әлемнің жетекші тілдері және латын жазуын тұтынатын барша әлем. Оның ішінде бір ғана ағылшын тілінің өзі күні бүгінгі 2021 ж. 3 наурызда жаңартылған әдебиет көзіне сүйенсек, ғаламтордағы ақпарат тілінің 60, 6 пайызын жүргізеді екен (осы деректің өзін де ағылшын тілінен алып отырмыз: [https://en.wikipedia.org/wiki/Languages\\_used\\_on\\_the\\_Internet](https://en.wikipedia.org/wiki/Languages_used_on_the_Internet)). Бұл — әрине, өте үлкен көрсеткіш. Екінші, үшінші кезекте тұрған тілдер (орыс) 8 және (түрік) 4 пайыздарды көрсетеді.

Міне, компьютердің тілі (*Microsoft Office*, *Google Chrome* т.б.), техниканың тілі (*iPhone*, *android*, т.б.), бренд логолардың тілі (*Colgate*, *samsung*, *Coca Cola* т.б.), әуежайдың тілі деген сияқты ғаламдық артықшылықтары өз алдына, латын жазуы осылай бізді үш әлеммен біріктіреді деген үміт бар, себебі, жаңа әліпбиді түзу барысында ғалымдарымыз әрбір таңбаға терең үңіліп, жан-жақты зерделеп, осы үміттердің үдесінен шығу мақсатын алға қойды.

Әліпби жетілдірілді. Бір дыбыс-бір таңба принципі қатаң сақталды. Қазақтың /ə/, /ø/, /ү/ дыбыстарын таңбалауға умлаут (ä, ö, ü) алынды, /ұ/ — макрон (ū), /ғ/ — бревис (ǵ), /ш/ — седиль (š) сияқты диакритикалық белгілермен берілді.

«Бұлдиакритикалық белгілерді жазу қиындық тудырады» деген пікір болмау керек. Небір таңбалауға қиын, бір әріптің үстінен де, астынан да екі-үш рет үстеме белгілер қойылатын әріптері бар әліпбилер кездеседі. Осы дыбыстық-әріптік жазуға негізделген латын графикасында отырған кейбір тілдердің әліпбиіне қарасаңыз, оқуға да, жазуға да тіпті қолайсыз әріптерге кезігесіз, мысалы: *æ*, *ø*, *å* (норвег, дат тілдерінде). Венгр әліпбиінде мынадай *o*, *ó*, *ö*, *ő*, *u*, *ú*, *ü*, *ű*, *dz*, *dzs* сияқты қолшалымға да, көзшалымға да қолайсыз әріптер бар, *Kiskőrös* деген атауды жазғанда қос акут, қос нүкте қатар келеді. Швед тілінде *ä* умляутпен қоса, басында сақинасы бар *å* әрпі бар (диакритикалық таңбаның аты, расымен, *сақина* деп аталады, ағ.т. *ring*). Біздің түсінігімізде тіпті «қате, мұндай әріп болмау керек» деген мағынаны жеткізу үшін әріпті белінен



қызыл сиямен сызып тастайтын көлбеу сызықты да диакритикалық таңба ретінде «іске жаратып» отырған тілдер бар: Ø, ø — дат, фарер, норвег тілдері, Ł, ł — поляк тілі ([https://nordendivision.nfi.ku.dk/about\\_ungegn/romanization/Leira.pdf](https://nordendivision.nfi.ku.dk/about_ungegn/romanization/Leira.pdf)).

Сондықтан, біздің жетілдірілген әліпбиіміздегі «и, ÿ, ū таңбаларын жазуда оларды бір-бірінен ажырату қиын болады, танылмай қалады» деген арагидік айтылып жүрген пікірлерді негізсіз айтылған сөз демейік, бірақ салыстырмалы түрде қарағанда жып-жинақы, танылуы тұрғысынан көпке ортақ әріптер екенін оқырманның назарына сала кетейік.

Көпке ортақ дегеніміздің де басын ашып айтатын болсақ, біз қолданып отырған диакритикалық таңбалар түрік, әзербайжан, түркімен, венгр, неміс, француз, швед, фин және басқа тілдерде кеңінен қолданылады. Ағылшын тілінің де әліпби жүйесіне еңбесе де, жазу жүйесінде молынан кезігіп жатады. Жетілдірілген әліпби нұсқасы 1991 жылы түркі тілдері үшін қабылданған «Ортақ түркі әліпбиіне» (A B C Ç D E F G Ğ H I I J K L M N O Ö P R S Ş T U Ü V Y Z Ä X Q Ñ W — <http://www.atalarmirasi.org/19-turki-ortaq-latyn-alipbii>), ISO 9 Халықаралық стандарттарына, UNICODE жүйесіне де толықтай дерлік сәйкес келеді.

Осы уақытқа дейін басқа тілдің бәрін айнықатесіз акцентсіз сөйлегенімізге, ол үшін мақтау естігенімізге марқайып жүріп, өз тіліміздің жұтылып

бара жатқанынан тіпті қаперсіз отырған екенбіз. Қазір өзімізге бір сәт сырт көзбен қарап көрейік. Әрбір ауыз сөзімізден, тіпті ресми қолданыстағы әрбір сөйлемімізден өзімізді ысырып қойып, орыс және ағылшын тілдерінің шын берілген жанашырларына айналып бара жатқанымызды да сезбейді екенбіз. Біздің жаңа әліпбиімізде орыс тілінен енген 9 әріп (ё, ц, ч, щ, ь, ъ, э, ю, я) жоқ. Орыстың «*Большой театр*»-ын ағылшындар *Bolshoi Theatre* [болшой сиэтә] деп, «*фестиваль*»-ды *festival* [фестивал] деп айтады. «*Мягкий знак*»-ты айта алмағандан ағылшындардың мәртебесі өсіп кетпесе, бір елі де аласарып қалған жоқ. Біз де енді өзімізге өзіміз келуіміз үшін (рухани жаңғыруымыз үшін) басқаның дыбысының бәрін айта алатынымызға емес, керісінше, айта алмайтынымызға мақтанатын болуымыз керек: «*Қай багон? Тіс жуатын шөткіңді шемаданға (немесе шабаданға) салдың ба? Мына шекалатты да салып қой*». Осылай, жеңіл, дыбыстау аппаратымызды ешқандай мәжбүрлемей, тіліміздің табиғи өңін өзіне қайтаруымыз керек. Қазақ болуға осылай ғана қолайлы. Мәңгілік ел болуға мәңгілік тіл керек. Ал тілді сақтап тұру оның өз тәуелсіз әліпбиі болмайынша мүмкін болмайды.

Осылай болғанда, яғни сөз басында айтқанымыздай, жазу реформасының бірінші міндеті саналатын жат құбылыстардан тазарғанда, оның жазуды жеңілдету дейтін екінші міндеті «өндіріске» өздіген қосылады.



## Интермәтінділік және прецеденттілік феномендерінің фольклоризмге қатысы

А.С.Зинедина, Қ.Жұбанов атындағы  
АӨУ Жоғары колледжі Қазақ тілі  
мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

«**И**нтермәтінділік» терминін ғылыми айналымға М.Бахтиннің «мәтіндер диалогы» метафорасының негізінде 1967 жылы француз ғалымы Юлия Кристева енгізген. Ю.Кристеваң түсіндіруінше, «...интермәтінділік дәл сол мәтіннің ішінде пайда болатын

мәтіндік интеракция». М.Бахтиннің «диалогизм» теориясынан бастау алған интермәтінділік ғалым тарапынан «бөгде сөз» ұғымымен де түсіндіріледі. М.Бахтин «...кез келген сөз «бөгде сөзді» сіңірді, бөгде сөзге «қарайлай», оған жауап ретінде не келісім беруі негізінде құрылады», — дейді. Яғни белгілі бір сауалға жауап беру кезінде, оны теріске шығару не құптау алдыңғы сөзді, мәтінді сіңіру, оны өңдеп қайта жарыққа шығару арқылы жүзеге асады. Демек кез келген мәтін өзінің алдыңғы мәтіндердің өнімі, нәтижесі болып саналады. М.Бахтиннің



«мәтіндер диалогы», «бөгде сөз» теориялары филология ғылымындағы интермәтінділік ұғымын жан-жақты түсіндіріп бере алады. Мәтіндер арасындағы «диалог» кезінде алдыңғы пікірге қатысты автордың позициясы, құптауы не терістеуі сынды көзқарастары көрінеді. Интермәтінділік кезінде автор алдындағы мәтіндерді қолдана отырып, өз позициясын айқын танытуға ұмтылады. Себебі алдыңғы мәтін оқырманға таныс, белгілі болады да, оқырман санасындағы қазықталған ұғым-түсініктерге ықпал етуге мүмкіндік туады. Оны қайта түсіндіріп жатпайды, тек соған қатысты пікірін, көзқарасын таныта отырып, ойды ары қарай өрбітеді. Жалпы филологияда интермәтінділік теориясының негізін салып, оны ары қарай дамытып, іргесін қалаған ғалымдар ретінде М.Бахтиннен бастап Ю.Кристева, Ж.Женетт, М.Риффатер, Р.Барт, т.б. есімдерін атай аламыз. Аталған ғалымдардың филологияда дамытқан пікірлері тіл білімінде де, әдебиеттану ғылымында да басшылыққа алынып, зерттеуге негіз болатын теорияларды қамтиды. Жалпы әдебиеттану теориясын қалыптастыруда өнімді еңбек еткен Р.Барт «интермәтінділік» теориясын көркем туындыдағы «автор өлімі» концепциясы арқылы айқындайды. Р.Барттың пікірі бойынша, «...кез келген жаңа мәтін — бұрынғы цитаталардың, алдыңғы көркем шығармалардың қосындысы және олардың ешқайсысын түпнұсқа деп атауға келмейді».

Интермәтінділік жалпы филологиялық ұғым болғандықтан, әдебиеттануда да, тіл білімінде де зерттеледі. Алайда оның әдебиеттегі зерттелуі мен лингвистикадағы зерделенуі — екі түрлі. Әдебиеттануда интермәтінділік көбіне көркем шығарманың жанрын анықтауға мүмкіндік беріп, автордың шығармашылық диалогын зерттеудің құралы ретінде қарастырылады. Ал тіл біліміндегі интермәтінділік үшін мынадай мәселелер маңызды:

- 1) мәтіннің мәтіндегі көрінісін жүзеге асыратын тілдік формалар;
- 2) интермәтіннің семантикалық қызметі;
- 3) интермәтіннің мәтінтүзушілік қызметі;
- 4) мәтінді кодтау және декодтау процестеріндегі мәтіннің код ретіндегі қызметі. Яғни тіл біліміндегі интермәтінділік көбіне тілдік деректер мен тіл деңгейлеріндегі формалар негізінде қарастырылып, мәтінтүзудегі «көзге көрінетін» материал негізінде зерделенеді. Алайда «жасырын» интермәтін байланыстары да зерттеу нысанынан тыс қалмайды.

Интермәтінділік — бір мәтінді екінші мәтіннің көмегімен қайта жазатын «құрылғы», ал интермәтін — аталған көркем шығармада кездесетін

цитата немесе аллюзия арқылы кіріктірілген барлық мәтіндердің жиынтығы. Н.Пьеге-Гро интермәнділіктің плагиат, пародия, коллаж, қайта жазу, т.б. құбылыстарын қамтитын жалпы ұғым екендігін айтады. Сондай-ақ ғалым арнайы аллюзия, цитата арқылы көріне қоймайтын, формаға салуға келмейтін мәтіндер арасындағы байланыстың да интермәтінділік теориясына жататындығын ескертіп өтеді. Француз ғалымының мәтіндер арасындағы «көзге көрінбейтін» жақындық дегені — екі мәтін арасындағы арнайы тілдік бірліктер негізінде ғана емес, композиция, сюжет, мотив, идея сынды элементтерінің де алынуымен байланысты. Себебі барлық интермәтінділік арнайы аллюзия, реминисценция, цитата сынды тәсілдермен жасала бермейді, «жасырын» түрде де бір мәтін екінші мәтінді сіңіре алады. Бұл көбіне мәтіндер арасындағы идеялық-сюжеттік ортақтастық негізінде көрініп отырады. Сол себепті интермәтінділік құбылысын анықтау үшін үнемі тілдік бірліктерге ғана емес, көркем шығарманың мазмұнына да назар аудару керек. Өйткені интермәтінділік көркем туындының мазмұнында жасырынуы мүмкін. Сондықтан интермәтінділікті анықтау үшін оқырман не зерттеуші алдыңғы мәтінмен, ілкі мәтінмен (прецедент) таныс болуы шарт.

Интермәтінділік кезінде белгілі бір мәтіннің мәтіндік жүйесі екінші мәтінге ашық қалыпта болады. Яғни мәтінді сіңіру барысында екіншілік мәтін оның бойындағы семантикалық, грамматикалық көрсеткіштерін өзіне икемдеп алуы мүмкін. Ашық қалыпта болғандықтан екіншілік мәтін алғашқы мәтіннің барлық тілдік немесе мазмұндық жүйесін өзіне сіңіреді. Соның негізінде интермәтінділік құбылысы жүзеге асып, мәтінаралық байланыс орнайды.

Е.Озерова интермәтінділіктің рухани және мәдени мәндегі семантикалық жүйені қалыптастырудағы маңызды категориялардың бірі болып саналатындығын айтады. Бұл пікірге сай мәтіндердің халықтық, ұлттық реңкі басым болатынын көруімізге болады. Ал ұлттық түсінік фольклорлық мәтіндерде сақталады. Демек кез келген қаламгер белгілі бір деңгейде халықтық қордағы мәтіндерді өз шығармаларында қолдана отырып, ары қарай өрбітеді. Сондай-ақ, ғалым интермәтінділік мазмұнында мынандай белгілердің болатындығын көрсетеді: а) мәтіннің мазмұндық мәнінің өзге мәтіндердің мазмұндық өрісіне ашық болуы; ә) мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық бағыттылығының адресат үшін қолжетімді болуы; б) бір оқырман қабылдауындағы



идеялық және тақырыптық мазмұнның ортақтығы; в) мәтіннің мазмұндық корреляциясы немесе оның құрылымдық-композициялық фрагменті; г) бірдей функционалды-стильдік және мазмұндық сипаттағы мәтіндердің типологиялық біртектілігі.

Мәтіндер арасындағы байланыс түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады. Лингвистикада оларды интермәтін фигуралары, поэтикасы, типологиясы деп те атайды. Мұндай байланыстарға цитата, аллюзия, реминисценция, пародия, еліктеу, стилизация, т.б. жатады. Интермәтіннің тіл біліміндегі аталған фигураларының жіктелемі әр ғалым топтастыруында әр түрлі. Дегенмен интермәтін байланыстарының негізгілеріне цитата, аллюзия, реминисценция ұғымдары кіреді. Әдебиеттану ғылымында да цитаталау, мәтіндік аллюзия, реминисценция құбылыстары қарастырылады. Алайда олар көркем шығарманың поэтикасының құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады. Ал тіл білімінде олар интермәтін фигуралары бола отырып, мәтіндер арасындағы байланыстың нақты тілдік бірліктер арқылы көрініс табуы арқылы көрінеді.

Тіл — мәдениетті айқындайтын, мәдениетті сақтайтын, бойына сіңіретін қатынас құралы. Бұл дегеніміз тілде арнайы шаблондар мен үлгілердің бізге дейін қалыптасып қоятындығын білдіреді, ал тіл тұтынушы сол үлгілердің негізінде өз ойын жарыққа шығарады. Демек көркем мәтінді түзу кезінде автор өзіне дейінгі қалыптасқан дайын шаблондарды негізге алады. Бұл автоматты түрде жүзеге асатын құбылыс болғандықтан, автор кейде дайын шаблондарды мәтін түзуде қолданғанын сезбеуі де мүмкін. Себебі тілде қалыптасқан үлгілер адам санасына қазықталып, мәдениет арқылы танымға еніп отырады.

Прецедентті мәтін ретінде фольклорлық шығармалардың мәтінін айта аламыз. Себебі фольклор туындылары ерте заманда пайда болып, сол ұлттың ақын-жазушыларының алдында темірқазық іспетті, жол көрсетуші қызметін атқарады. Сондықтан қаламгер өз ойын жеткізу барысында фольклорлық туындылардағы қалыптасқан дайын үлгілерді қолданады. Бұл біріншіден, автордың оқырманға жеткізгісі келген ойын жеңілдете түссе, екіншіден, шығарманың поэтикалық жүйесін қалыптастыруға қызмет етеді. Фольклорлық шығармалар тұтас ұлттың ортақ мұрасы болғандықтан, сол ұлттың тіл тұтынушыларының барлығына түсінікті, әрі мәдениетін айқындауға мүмкіндік береді. Кез келген қаламгер фольклорлық үлгілер элементтерін өз шығармасына кіріктіру барысында халықтық, ұлттық ойлау жүйесіндегі ортақ ұғымдарды басшылыққа алады. Себебі халықтық таным фольклорлық шығармалардың бойында жасырынған. Ақын-жазушылар поэзиялық не прозалық шығармаларды жазу барысында фольклор үлгілерінен цитата түрінде болсын, композициялық құрылысы жағынан болсын, ұйқас, буын санын болсын қайталап отырады. Себебі фольклор халықтық ойлаудың жемісі, сондықтан көркем сөз шеберлері мәтін түзгенде халықтық таным-түсінікті сипаттайтын фольклоризмдерді шығармаларына кіріктіреді. «Прецедентті мәтін ретінде көркем шығармалар ғана емес, мифтер мен ертегілер, халықтық әндер де есептеледі. Прецедентті мәтіндердің ауқымы өзгермелі», — дейді И.Арнольд. Демек прецедентті мәтін ретінде ең алдымен фольклор мәтіндерін атай аламыз. Сондықтан көркем шығармалардағы прецеденттілік феноменін талдауды фольклор мәтіндерін зерттеуден бастауымыз керек.





## Жаңа әліпби — жаңа тарих

**А.Б.Аралбаев**, Ақтөбе облысы,  
Темір ауданы, Шұбарқұдық гимназиясы

**К**азақ жазуын латын қарпімен беру туралы мәселе тәуелсіздігімізді алғалы бері қозғалғанымен, Елбасының бағдарламалық мақаласы жарияланғаннан кейін нақты істер атқарыла бастады. Қазақ әліпбиін латын әрпімен беру туралы мәселе көтерілгенде, ел арасында әртүрлі пікірлер болғаны рас. Бұған белгілі дәрежеде түсіністікпен қараған да жөн. Себебі, тіл — ұлттың өзегі. Сондықтан тіл мәселесінің өткені мен болашағын да тарихи тұрғыдан зерделеп, келешектегі оның жағдайын анықтағанымыз жөн. Себебі мемлекеттік деңгейдегі күрделі мәселе туралы шешім қабылдас бұрын, өткенге көз тастап, одан тиісті сабақ алуымыз керек. Осыған орай, Елбасы бұл мәселеге кезең-кезеңімен әрі жүйелі түрде қарауда. Соның нәтижесінде жаңа әліпби жобасын жасауда арнайы жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына білікті мамандар тартылып, көп жұмыстар атқарылды. Олар бізден бұрын латын графикасына көшкен елдердің және қазақ тарихындағы латынға көшу тәжірибелерін, еліміздегі тіл жанашырларының ұсыныстарын ескеріп, ретімен жүзеге асырылуға ықпал етті. Осылайша, көп қаржы мен коммуникациялық, ұйымдастырушылық жұмыстарды қажет ететін бұл реформаны жасаудың бүгінгі таңда жаңа кезеңі басталды.

«Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттерінде екі топтың көптеген мақалалары жарияланып отырды. Айталық, Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлының «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б. және шетелдік Г.И.Бройдо, Н.Яковлев, академик В.Бартольд, профессор Л.Жирков, профессор Б.Шобанзаде сынды ғалымдардың бірнеше мақалалары оған дәлел бола алады. Байқап

қарасақ, сол кезде латын графикасын дүниежүзі болып қабылдау мақсатын жүзеге асыру сияқты жаһандық проблеманы алға тарту көзделген болуы керек. Осындай саяси идеологияның негізінде әзірбайжан, қарашай, бұлғар, қырғыз, түрікмен, өзбек, ұйғыр, құмық, татар сияқты тағы да басқа елдерде латын графикасы қабылданып, шама-шарқынша қызмет етті. Тарихи деректерге сүйенсек, сол кездегі СССР-дағы жазу мәдениеті бар 70 халықтың 50-і латын қарпіне көшіпті. Сол кезде В.Лениннің өзі болашақта СССР-ды толықтай латын графикасына көшіру мүмкіндіктерін жоққа шығара алмады. «Мұның қажеті қандай?» деген заңды сұраққа көптеген жауаптар болды. мысалы, ең бастысы — он жыл өткеннен кейін мәдениеті мен санасы жаңғырған ұрпақтың келуі. Екіншіден, экономикасы дамыған мемлекеттермен қатар тұрып, ақпарат алмасудың тиімді болуы, үшіншіден, тілі мен мәдениеті, тарихы ұқсас халықтардың бірігуі. Сол кездегі Алаш зиялылары осыны тереңінен ұғып, латынға көшуді құптады. Бірақ орыстандыру саясаты үстем болып, ғалым М.Мырзахметұлының сөзімен айтсақ: «1924–1940 жылдар аралығында ұлт зиялыларының қарсылығына қарамай латын жазуын зорлықпен алдырды. Әрине, латын жазуын алдыру уақытша саяси маневр болғанын біз білеміз...». Себебі осы аралықта қолданған әліпби — «түрік әліпбиіне көшу» деп аталды. Осыған байланысты пантүркілік айыптау белең алып, Кеңес билігі бүкіл түркі халықтары республикасын құру жолында күрескен қайраткерлерді қудалады. Сөйтіп, 1940 жылы кеңес Одағы халықтары біртекті әліпбиді қолдану керек деген саясатпен кириллицаны енгізді. Міне, содан бері 77 жыл өтіпті. Осы аралықта пайдаланған графикада құнды тарихи, мәдени және ғылыми жазбаларымыз бар. Оның үстіне Қазақстан тұрғындарының 92 пайызы орыс тілін жетік меңгерсе, соның ішінде 72 пайызы қазақ тілінде еркін сөйлеп, сауатты жазады екен. Сондай-ақ қазірдің өзінде әлемнің түкпіртүкпірінде тұратын қазақтар графиканың үш түрін пайдаланады. Біріншісі — кириллица болса, екіншілері — кезінде қытайға жер аударған қазақтар араб жазуын, үшіншісі Тур-



ция мен Өзбекстандағы қазақтар — латын қарпімен жазады. Қазақстанның латын қарпіне көшуінің осы әлемнің әр қырында жүрген қазақтарға да тигізер пайдасы бар. М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде көрші мемлекеттерден Өзбекстаннан, Түрікменстаннан студенттер келіп оқиды. Оның ішінде ұлты қазақтар да, өзге ұлт өкілдері де бар. Қазақстанның осы латын қарпіне көшуі туралы Елбасының бастамасын естігенде, алғашқылардың бірі болып студент-жастардың қолдағаны рас. Себебі жазу мен тілді үйрену тиімді болатындығын айтты.

Әліпбилеріне бізден бұрын реформа жасаған көрші мемлекеттердің тәжірибесіне, содан жеткен нәтижесіне көңіл бөлгеніміз абзал. Мәселен, 1928 жылы Ататүрік реформаларының кезінде Османлы әліпбиін латын қарпіне ауыстырған Түркияның сол уақыттың өзінде-ақ әлемдік өркениетке жетелейтін қолайлы жазуды дұрыс таңдап, әлемдік технологияға қол жеткізіп отырғанын байқаймыз.

Жаңа әліпбидің осы уақытқа дейін шамамен 100 деген нұсқасы қаралып, соның ішінде тиімді әрі әлемдік пен ұлттық стандартқа сай келетін жобалары жаппай халық талқылауынан өтуде. Күні кеше ғана қазақ әліпбиінің мемлекеттік бірыңғай стан-

дартының профессор Е.Тілешов жасаған жобасы ұсынылып, жалпыхалықтық талқылауға түскенінің куәсі болдық. Осы тұрғыдан Тараз мемлекеттік университеті де жаңа әліпбиді жетілдіру мен насихаттау жұмыстарына ат салысты. Түрлі жиындар мен семинарлар ұйымдастырып, өз ұсыныстарын жолдап отырды. Әліпбиді таңдау — ұлт болашағын таңдау екенін түсінген Елбасы нағыз демократиялы саясат ұстанып, қарапайым халықпен де санасып, түрлі ғалымдардың пікірін ескеріп, жаңа әліпбидің жобасын ұсынды. Мемлекеттік тілді реформалау — рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы маңызды мәселелердің бірі және тарихи мәні бар оқиға болғандықтан, бұл мәселеден ешкім назардан тыс қалмауы қарастырылған.

Латын қарпіне көшу күрделі үдеріс, сондай-ақ оның мақсаты — тілімізді дамыту және оны әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару. Ол үшін әлі де жаңа әліпбиді насихаттау жұмыстарын жалғастырып, бұдан бөлек, мемлекет басшысы айтып өткендей, жаңа әліпбиді білім беру жүйесіне енгізу үшін мұғалімдер мен әдістемелік базаны дайындау қажеттігіне кірісу керек. Қазақстанның жолы — рухани жаңарған, рухани кемелденген «Мәңгілік ел» болу. Бұл жаңа тарих, жаңғырған тарих болары сөзсіз...



## Латын әліпбиіне көшу — еліміздің рухани өміріндегі елеулі қадам

*А.С.Умбетова, Ақтөбе облысы,  
Темір ауданы, Шұбарқұдық гимназиясы*

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл — ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі

мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы — қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», — делінгенді. Әліпби ауыстыру мәселесі — аса күрделі тірлік. Елді бірқыдыру дүрліктірмей де қоймайды. Әжептәуір ауқымды шара болғандықтан да, оның жақтау шылары да, қарсыластары да болары сөзсіз. Оған таңғалуға, таңдай қағуға болмайды. Бәрі түсінікке, ұғымға байланысты. Тек бұл істе әрбір қазақ азаматы білек сыбанған іс-әрекет үстінде көрінуі тиіс. Сонда ғана бізде уақыттан кешеуілдеу, кеш қалу, кейін бармақ тістеу, ұлы көшке ілесе алмай ілбу болмасы анық. Алғашқы кезекте айтарымыз, қазіргі дәуір тәжірибесі әлемдік ақпарат кеңістігіне өтудің төте жолы ретінде латын жазуын таниды. Ал әлеми ақпарат кеңістігіне ретін тауып өте ал-



май қалған елдердің даму қарқыны бәсең болары анық. Бүгінгі таңдағы қытай мен жапондар да әліпби таңбалары бөлекше болғанымен, ғылыми-өндірістік үрдісін латын негізінде дамытуда. Әліпбиді ауыстырудың астарында саяси-әлеуметтік те мән бар. Жасыратыны жоқ, орыс жазуынан қашу — көрші Ресей империясының сан ғасырларға созылған «ағалық» ықпалынан құтылудың, құлдық санадан айығудың бір амалы. Қазақы көпшілік қауым мұны дұрыс түсінуде. Ақиқаты, егемендіктің айғақ белгісіне Елтаңба, Ту, Әнұранмен бірге, күнделікті тірлік мазмұнын жазу да еңбек. Яғни, жазу — тек әріптер жиынтығы емес. Ғылым тілінде, жазу әліпби, таңба, ереже-емлелерден құралмақ. Әліпби — тілдің дыбыс құрамы, таңба — дыбыстың қауызы, ал емле-ереже — әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері. Қысқасы, әліпбиі, таңбасы мен емлеережесі үйлескен жазу — тіл егемендігінің кепілі. Тіпті, әліпби ауыстыруды айтпағанның өзінде, қазақ жазуын бір екшеп, саралап алар мезгіл жеткендей. Демек, бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру ісі деп қарамай, кең тұрғыдан жазу реформасына ұластыру орынды болмақ. Шынтуайтында, қазақ жазуының тарихы қазақ зиялылары үшін «әліпби айтысының» тарихы да. Оған дәлел, қазақ білімпаздарының 1924 жылғы Орынборда өткен тұңғыш съезінің материалдары. Не болмаса, Ахмет Байтұрсынұлының жазуынан латынға, латыннан кирилге көшкеніміз тарихтан белгілі. Кирилге жарлықпен бір-ақ күнде көшкеніміз де мәлім. Тәуелсіз мемлекетіміздің жаһандық деңгейде дамуына жол ашатын латын әліпбиіне көшудің ғаламат жағдайы туып отыр. Біз мұны «Қазақстан — 2050» Стратегиясының басты мақсаттарына қол жеткізудің және әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кірудің бірден-бір мүмкіндігі деп танымыз.

Түсіне білсек, ешбір ел әліпби құрамының көптігімен мақтана алмайды. Әріп санының көп болуы тілдің әліпбиінде бір кемдіктің барлығын аңғартады. Әріп саны неғұрлым кем болса, нағыз жетілген әліпби сол болмақ. Бұл ретте бізге ағылшын жазуының тәжірибесін пайдалану артық етпейді. Оларда аз таңбамен көп дыбысты белгілеудің ұтымды амалы бар. Емле-ережесінің күрделілігінен ағылшын жазуы ұтылған жоқ, қайта әлеми ақпараттық кеңістікте көш басында келеді. Дұрысы, орыс тілінен енген дыбыстарға арнайы таңба іздеудің қажеті жоқ. Бұл ретте де ағылшын жазуының тәжірибесі үлгі. Өзіміздегі бар таңбаны пайдаланып, емле-ереже жолымен өзге тілден енген сөздерді жазу орынды. Демек, латын әліпбиі

арқылы орыс сөздерін қалай жазамыз деп уайымдаудың жөні жоқ. Ескереріміз, ешбір мемлекетте кірме сөздің жазылуына орай қосымша таңба ойлап таппай, не де болса өз әліпбиіміздің құрамынан шығару дұрыс. Баса ескерер тұстың бірі — тілімізде өзге тілден зорлықпен енгізілген ережелер қағидаларының да жеткіліктілігі. Бұл — қазақ сөзінің айтылымын орыс сөзінің айтылымына мейлінше жақындату амалы. Сонда қазақ сөзінің өз айтылым үлгісі қайда қалады? Жазу — сол қазақ сөзінің төл айтылым үлгісін сақтаудың амалы. Бізге ауыр тиетіні — ана тіліміздің тұрқы бұзылып бара жатқандығы. Орысша тәлім алған орыс тілді ағайындарымыз орыс жазуы арқылы тілі шыққандықтан, құлағына сіңген дыбыстардың күллісін қазақ тіліне әкеліп тықпалай беруге болмайтынын ескеруі тиіс. Бұл ретте Елбасымыздың «біз орыс тіліне қарсы емеспіз, біз оның қазақ қауымына қалай ендірілгенін құптамаймыз» дегені мәлім. Демек, әліпби ауыстыруды белгілі бір елдің тіліне не жазуына қарсылық білдіру ретінде қабылдамай, қазақ тілінің жазуына реформа жасау тұрғысында бағалау жөн. Әліпби латындікі болса да, емле-ереже қазақтың өзінікі. Қазақ жазуы үшін ағылшын тілінің емле ережесінің еш қажеті жоқ, өйткені қазақ тілінің төл дыбыстары бар болғаны 26 (28), компьютер түйметақтасындағы 26 латын таңбалары толық жеткілікті. Латын әліпбиіне көшудегі қырық уайымның бірі — бұрынғы орыс жазуы негізіндегі жазба мұраларымыздан айырыламыз, ертең оларды ешкім оқи алмайды деу. Орыс жазуын салған жерден тыйып тастайын деп отырған ешкім жоқ. Кирил жазуы латын жазуымен ондаған жыл қатар жүрмек. Оқулықтар жыл ретімен бірте-бірте латын жазуына көшірілмек. Әдеби шығармалар мен ғылыми көпшілік еңбектер де сол ретпен жаңа жазуға ауыспақ. Бұрынғы жарық көрген шығармаларымызды бәрібір қайта баспай отыра алмасымыз сөзсіз. Бұған қоса, бүгінгі таңда келешек ұрпақты көптілділікке (қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне) баулу мәселесі — заман талабы, сәйкесінше, мемлекеттік шаралардың бастыларының сапында. Өркениетті елдердің тәжірибесі де — көптілді ұрпақ қалыптастыру. Елге келген шетелдіктердің қай-қайсы да ең аз дегенде 2–3 тіл білетіндігін көріп жүрміз. Олар қазақ тілін үйренуге ынталы. Бұның басты себебі: батыс елдерінде жақсы тұрамын, ісім өнімді болсын десең, көп тіл білуің — заңдылық. Демек, батыс елдерінде көп тіл білу — кәсіби жетістік. Қазіргі Қазақстан мемлекетінің тіл саясаты да осы арнада өрбуде. Мамандарды латынға икем-



деп, қайта дайындауда да ақырзаман тудырудың еш жөні жоқ. Мұғалімдер үшін жұмыс бағыты әлімсақтан қалыптасып қалған мұғалімдердің білім жетілдіру институттары бар. Ал мектептердің өзі латын әліпбиін үйретудің ошағына айналады. Мемлекеттік мекемелер мен жекеменшік кәсіпорындардың өз мүмкіншіліктерін кім жоққа шығарады. Ақылы-ақысыз тіл үйрететін орталықтар қаншама. Университетіміз де осы ұлтымыз үшін аса өзекті де қажетті ұлы іске қазірдің өзінде сақдай-сай. Кім-кімге де адастырмайтын дұрыс бағыт

сілтеуге даярмыз. Біздіңше, латын әліпбиін үйренуге көп мерзімнің қажеті шамалы. Берісі 3 ай, әрісі жарты жыл жетіп жатыр. Қысқасы, латын әліпбиіне көшерімізге еш күмән жоқ. Уақыт алмай, білек сыбана іске кіріселік! «Ілгері кеткен жұрттың қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре тұра отқа түскендік болып шығады», — деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, жақсыдан үйренейік, жаманнан жиренейік, тек ұлттық келбетімізді жоймалық. Әліпби ауыстыру сынды ұлт ісінде кеңесе келген шешімнің кемісі болмасын ескерелік.



## Білім беру жүйесінде тәрбиенің ұлттық құндылығын арттыру

«Тәрбие халықтық ілтипатқа ие болған  
жағдайда ғана өз мақсатына жетеді».

• К.Д.Ушинский •

**Қ.Ш.Калиев,** *Өтек негізгі мектебінің  
әлеуметтік педагогы, дене тәрбиесі пәнінің  
мұғалімі Ақтөбе облысы, Қобда ауданы*

**Қ**азақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» болып табылады. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді. Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді

жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады. Адам баласының қасиетті міндеттерінің бірі — дүниеге ұрпақ әкеліп, артына із қалдыру. Тәлім-тәрбие мәселесі — қазақ халқында ең маңызды да жоғары тұратын басты мәселенің бірі. Болашағын тереңнен ойлайтын дана халқымыз, тіпті, баланың ертеңін тәрбиесімен байланыстыра отырып, сол тәрбие негізін құрсақ тәрбиесінен ойластырған. «Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекке оның барлық өміріне апат әкеледі», — депті Әл-Фараби бабамыз. Халқымыз бала тәрбиесіне аса зор көңіл бөлген, жақсы қасиеттерге баулып, жаманнан жеріндіріп отырған. Бала тәрбиесіне көңіл бөліп тереңінен ойлаған қазақ халқы





бесіктегі нәресте тәрбиесіне дейін көңіл бөле білген. Сол себепті де қазақ тарихында жастар жаман қылықтардан аулақ болған. Ендеше, бүгінгі таңда белең алған жастар арасындағы келеңсіз жайттардан арыламыз десек, ұлттық тәрбиеге баулитын салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың маңызының тереңде екендігіне көз жеткіземіз. Жалпы баланы қадір-қасиетін жоймаған салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, жыраулық қисса-дастандар, шешендік және нақыл сөздермен, эпостық және батырлар жырымен, мақал-мәтелдер, ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуге де болады. Бұл арқылы тәрбиенің түйіні — адамгершілік, имандылық, ибалық, оқыл-ой, отбасылық мәселелер шешімін табады. Салт-дәстүрді балаға ана құрсағында жатқанда-ақ үйрете бастау керек. Медицина зерттеулерінде бала төрт айында-ақ тәрбиені қабылдай бастайды екен. Сәби құрсаққа бітісімен ана өзінің жаман қылықтарын тастап, бойын түзеп, денсаулығын күту керек. Өйткені, балаға анасының бойындағы әр түрлі қасиеттер, денсаулығынан ақулар, мінез-құлықтар осы кезден бастап беріледі екен. Ана сүтін еміп өскен бала мен ана арасында да сүйіспеншілік, мейірімділік орнайды. Қазіргі кезде белгілі себептермен кей ана баласын емізуден бас тартады да, балада да, өзінде де мейірімсіздік пайда болады. Жапон ғалымдары «бала анасының құрсағында жатқанда әдемі әуен тыңдап, дүниеге келген алғашқы айында жып-жылы ана сүтін қылқылқ ана жүрегінің дүрсілін естісе ғана дені сау, өмірге құштар азамат болып өседі» дейді. Ал мұны біздің ата-бабамыз баяғыда-ақ дәлелдеп, жаңа туған нәрестені ана сүтіне жарытып, тап-тұйнақтай етіп құндақтап, бесікке бөлеп, әдемі әнмен тербеткен. Өсе келе қазақ баласы ата-әжесінің ертегісін, батырлар жырын тыңдап өсетін болған. Кейінгі жылдары балалар анасының бесік жырын тыңдамақ түгіл, ақ сүтін емуге зар болды емес пе? «Адам тәрбиесі оның өмірге келуімен басталады, сөйлемес бұрын, естімес бұрын тәлім негізін ала бастайды», — деп жазған француз ойшылы Ж.-Ж.Руссо. Біз тәлімді құрсақта жатқанда береміз. Бала дүниеге келісімен ерекше қамқорлық жасалады: жаңа туылған нәрестені күту, ол туралы келіндерге ақыл-кеңес беру, жаңа босанған әйелге қуатты тамақ беру, сәбиді тұзды сумен жуындыру, денесін мал майымен сылау (қазір басқаша) т.б. бала тәрбиесіне қатысты ұлттық салт-дәстүрлер арқылы тәрбиелеу: құрсақ тойы, жарыс қазан, шілдехана, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, бесік тәрбиесі, тұсау кесу, сүндетке отырғызу т.б. ба-

ланы тәрбиелеуде отбасы басты рөл атқарғандықтан, ұлы М.Әуезов те отбасы тәрбиесін ерекше бағалап: «Ел болам десен, бесігіңді түзе», — деген. Осындай салт-дәстүр арқылы берілетін тәрбиенің біздің адамгершілік құндылықтарымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, келешек ұрпақтың өз ұлтына, салт-дәстүріне, тіліне, діліне деген сезімін оята отырып, ата салтын әркез қалыптастыру. Кез келген білім ошағы ұлттық тәрбие бағдарламасында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп білім берер болса, ұрпағымызды өз ұлтын мақтаныш тұтар азамат болары хақ. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні де аса үлкен екені дау тудырмайды. Мектеп оқушыларына білім беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану олардың ұлттық рухын қалыптастыруға мол үлесін қоспақ. «Баланы жастан» демекші, халқымыздың тәрбие негізі, асыл қазынамыз — салт-дәстүрлерін мектеп оқушыларына, жастарға дұрыс жеткізе білсек, олардан ұлтжанды азамат қалыптастырарымыз сөзсіз. Оқушының өздік ойлау қабілетін, түйсігін дамыту үшін білімді ұлттық құндылықтармен үндестіре білуге, отбасы тәрбиесі мен білім беру орындарында өз ұлтының тәрбиесі мен мәдениетін толық біліп, меңгеріп мақтан тұта-тындай білім алуға итермелеуіміз қажет. Баланың бойына инабаттылық, адамгершілік, әсемдік, эстетикалық дүние таным әліппелерін дамыту білім бағдарламаларының түп қазығы болуы керек. Ол үшін балабақшадан бастап, жоғары оқу орнына дейін оқу тәрбие жұмысының мазмұны өзгеруі қажет. Оқулықтар, әдістемелік көмекші құралдар халқымыздың ғасырлар бойы жиған асыл қасиеттерінен нәр алуы керек болады. Әр пәнде халықтық тәрбиенің негізгі болғаны жөн. Халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа сақталып жетіп отырған даналықтары арқылы, ата-бабаларымыздың, даналарымыздың, ақын — жырауларымыздың ақыл — өсиеттері, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған және халықтың ежелден келе жатқан салт-санасындағы, әдет-ғұрпындағы дәстүрлік тарих тағылымдарын өмірге үйлесімді пайдалану — ұл мен қызға берілетін тәлімді жетілдірудің тиімді жолы болуымен қатар, олардың бойына жоғарыда аталған инабаттылықты, мейірімділікті, бір-бірін сыйлау, құрметтеу, адамдық қасиеттерді дарытуға игі ықпал ететін және оның өмірге тез сіңіп, болашақ отбасының тұрақтанып, бала тәрбиесінің жақсарып, адамдар арасындағы қарым-қатынас жарасымын көркейтіп, жауапкершілікті өркендетуге ықпал етеді. Мұның нәтижесі түрлі кінәраттарға тосқауыл



жасап, дәрекіліктер мен қатыгездіктен тиылуға және әдептіліктің бойға даруына ынталандыратын тиімді тәсіл болмақ. Біздің ұлттық тәрбиелік білім берудегі негізгі мақсатымыз адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі белгілі. Оқушылардың жалпы мәдениеті, яғни эстетикалық тәрбиенің маңызды жақтары: ізеттілік, ұқыптылық, жылы шырайлылық, қайырымдылық, тазалықты сақтау т.б. болса, жалпы эстетикалық мәдениеттегі қарым-қатынас әдебі, киім-кешек эстетикасы, үй-жағдай эстетикасы, сөйлеу әдебі, дене қимылы, т.б. ұлттық сипатқа негізделе отырып, әлемдік мәдениетпен ұштасуы тиіс. Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы-эстетикалық сұлулықтың белгісі. Сонымен, ұлттық тәрбие — ұлттық құндылықтар арқылы жеке тұлғаның ұлттық санасын, намысын, дүниетанымын қалыптастыру. Олай болса, ұлттық негізде тәрбиелік білім беру барысында біз ұлттық бағыт-бағдары қалыптасқан өмірлік ұстанымы ұлтына деген сүйіспеншілікпен сусындаған, қоғам үшін қажетті тұлға тәрбиелеп шығарымыз анық. Бүгінгі жастар — еліміздің ертеңі, болашақ әке мен ана. Ертеңгі

күні олар да өз өмірінің жалғасын, ертеңгі елді құрайтын және соған ие болатын ұрпақты өмірге әкеледі. «Ана тілі» деген сөз — бұл ұлттың тілі, ғұрып — салты, дәстүрі, тарихы, әдебиеті мен мәдениеті жас ұрпақ бойына ана сүтімен дариды деген сөз. Өз ұлтын, тілін сүйіп, қастерлейтін адам ғана, сонау ежелден мирас болып келе жатқан ата-ананы, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, мейірбандық, инабаттылық көрсету сияқты ізгі қасиеттердің иесі бола алады. Қазақ жастары осындай ұлтжандылығымен, өздеріне тән ұлттық болмысымен және рухани тазалығымен ерекшеленуі тиіс. Ар-намысын жоғары ұстаған ел ғана басқа ел алдында әрдайым абыройлы, сыйлы болмақ. Қазір әлемдік жаһандану үдерісі ерекше екпін алған шақ. Мұндай аумалы-төкпелі сындарлы кезеңде, ең бастысы, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалуға тиіспіз. Ал ұлтжандылық, отансүйгіштік сияқты асыл қасиеттер адам бойына, сайып келгенде, этнопедагогика арқылы сіңетіні ақиқат. Олай болса, ұлт болашағына алаңдап жүрген жандар айтпақшы «білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізуді» шынымен, мықтап қолға алу керек шығар.



## Бала тәрбиесі — баршаға ортақ

**Ғ.Д.Ізтлеуова,**

*№20 «Дидар» балабақша тәрбиешісі*

**Б**ала — біздің болашағымыз. Ал олардың болашағын дұрыс қалыптастыру, ата-анамен педагогтың қолында. Халқымыз ұлт болып қалыптасқаннан бері, болашақ ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән берген. Елін, жерін қорғайтын, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуде дала перзентіне тән еркіндік пен тәуелсіздік, қайсарлық пен қайырымдылық, ақ ниеттілік, парасаттылық тәрізді асыл қасиеттерді дарыта білген. Осы аталған қасиеттерді өскелең ұрпақ ата-бабадан қалған өнеге деп қабылдаса, ертеңгі күннің жарқын болашағына сеніміміз арта түсері анық. Тәрбие — жекетұлғаны мақсатты түрде қалыптастыру әдістерінің жиынтығы, шәкірт тұлғасын сомдайтын ұстаз болса, ал тұлғалық қа-

сиетін қалыптастырып дамытатын отбасы. Бала болашағы бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, тұтас бір ұлттың бүгінін ертеңмен жалғайтын алтын көпірі тәрізді. Әр отбасында дүниеге келген сәби ата-анасының ғана емес, туған елінің ертеңгі арқа сүйер азаматы, төл ұлтының туын көтерер перзенті. Жас ұрпақтың дені сау болып өсіп, уақытында білім алып, жүрек қалауымен еңбекке араласып, туған Отанына қызмет ету — бір ғана ата-ананың емес, қоғамның міндеті. Олай болса, баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін рухани құндылықтарды, адамгершілікті бойына сіңіртетін, этноәлемділік құндылықтарды тәрбие үрдісінде пайдалана отырып, отбасы, мектеп, жұртшылық өзара бірлікте, педагогикалық ынтымақтастықта болуы балаларды дұрыс тәрбиелеуге жетелейді. Отбасы — адамзат қоғамының ең шағын бейнесі, отбасы — ең үлкен мықты тәрбие ошағы.



Қоғамда отбасы үш қызмет атқарады:

- 1) дүниеге ұрпақ әкелу;
- 2) дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз ету;
- 3) өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлікті, түсіністікті сақтай отырып, сыйластықта болуы қажет. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан да халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді. Бүгінгі ұл — ертеңгіәке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз — ертеңгіана, ол шешесіне қарап бой түзейді. Данышпан Абай: «Балаға үш мінез алуан адамнан жұғады, бірінші ата-анасынан, екінші ұстазынан, үшінші құрбысынан», - дегенекен. Қай бала болса да құрбысы мен ұстазынан гөрі отбасында көбірек болатындықтан, ата-анасынан үйдегі өнегесі, мәдениеті мен ішкі жан дүниесі балаға зор ықпал ететіні белгілі. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасыишілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады. Данышпан, ойшыл ғалым Әбу Насыр әл-Фараби «Балаға білім беру үшін, алдымен оны тәрбиелеген жөн, тәрбиесіз берілген білім, ол ертең бір апатқа әкеліп соғады» — деген. Балабақша тәрбие — білім берудің алғашқы ошағы. Алайда, баланы балабақшаға беріп тәрбие, білім алады деп бар жауапкершілікті тәрбиешіге жүктеп қоюда жеткіліксіз. Баланы балабақшаға берген соң, ата-ана тәрбиешімен тығыз қарым-қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі керек. Мұндай әрекет баланың даму деңгейіне әсер етіп, тәрбиеші жұмысының сапасын арттырады. Бір-бірімен серіктестік барлық қатысушыларға

жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім нәтижелі болады. Қазіргі балабақша мен отбасы бір-бірімен ынтымақтастықта болған жағдайда ғана бала тәрбиесіне оң ықпал етеді. Ата-аналар балабақшаның тәрбие-білім беру процесіне, тыныс-тіршілігіне белсенді қатыспайынша, ата-анамен тәрбиешінің қарым-қатынас принциптеріне қол жеткізуі мүмкін емес. Қарым-қатынас принциптері: — өзара сенім мен құрмет — өзара сыйластық — өзара қолдау мен көмек — бір-біріне төзімділік пен шыдамдылық таныту -әлемге деген түсіністік көзқарасының тиімділігі мен ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну. Тәрбиешілердің отбасымен қарым-қатынас сипаты жіктелім жүйесіне негізделді. Тәрбиеші ата-аналардың барлығына бірдей қарым-қатынас формасын артпайды, керсінше қажеттіліктеріне, сұраныстарына, отбасылық тәрбие ерекшелігіне бағытталады. Ата-аналарды балабақшаның, топтың іс-шараларына араласуына барынша күш сала отырып, тәрбиелік іс-шаралардың түрлі формаларымен таныстырады. Тәрбиешілер бала тәрбиесіне көмектесу үшін сол отбасына қатысты барлық ақпараттармен танысып, баланың отбасы туралы білуі қажет. Сонда ешқандай қиындықсыз баланың отбасылық тәрбиесіне көмектесе алады. Тәрбиешілердің көмегі арқылы ата-аналардың педагогикалық сауаттылықтары дамып, балаларына дұрыс жолды таңдай білуіне септіктерін тигізери сөзсіз. Ата-ана да тәрбиешінің, психологтың көмегіне, берген кеңестеріне үнемі назар аударып, бала болашағына жауапкершілікпен қараған жағдайда ғана балаға дұрыс тәрбие бере алады. Сонымен қатар тәрбиеші өзінің жұмысын әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы, ата-анамен байланыс жасауы қажет. Қорыта айтқанда, педагогикалық ұжымының мақсаты ата-аналармен бірлесіп баланы өсіріп-тәрбиелеуде қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, болашақта дені сау, рухы таза, ана тілін толық меңгерген ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бірлікпен жұмыс жасасақ, бала тәрбиесінде қателеспейтініміз анық.





## «Тәуелсіздік — тәу етер киелі ұғым»



**Ж.Н.Жанбырбаева,**

*Ақтөбе автожол колледжі  
Тарих және география  
пәнінің оқытушысы*

- Тәуелсіздік жолындағы күрес шежіресін ұғындыра отырып білім алушыларды Отан сүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу. Еліміздің тарихы туралы түсінік беру, өз Отанын сүюге тәрбиелеу, туған елге сүйіспеншілігін арттыру.
- Білім алушыларды инабаттылыққа, мәдениеттілікке, парасаттылыққа, үлкенге құрмет көрсету жолдарын, сыпайылыққа тәрбиелеу.
- Білім алушылардың еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, ынтасын арттыру, олардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңірте отырып, ата дәстүрін ардақтауға, аталы сөзден ғибрат алуға, адамгершілік қасиеттерін мұқият сақтауға дағдыландыру.

**Көрнекіліктер:** презентация, кітап көрмесі, видеороликтер, маркерлер, плакаттар.

**«Миға шабуыл»**

Елбасының мұраты

Постер құрастыру

**Гимн орындалады.**

**Оқытушы:**

*Тәуелсіздік — биігі бұл санамның*

*Тәуелсіздік — таза ауасы даламның*

*Тәуелсіздік — бұл арманы бабамның*

*Тәуелсіздік — бақ дәулеті баламның.*

Бүгінгі біздің дербес ел болып, уығымызды қадап, шаңырағымызды көтеріп, ерікті еркін мемлекетімізді құрып, Қазақстан Республикасы атанып, көк байрақ туымызды желбіретіп әлемге әйгілі болуымыздың өзі — осы тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасы. Олай болса тәуелсіздігімізге шаң жұқтыр-

май оны ең қымбат бұйымымыздай етіп, құрметтеп келер ұрпаққа аманаттап тапсыруға тиіспіз, оны ішкі — сыртқы дұшпандардан сақтауға міндеттіміз. Сонда ғана Тәуелсіздігіміз мәңгілікке мирас болмақ.

Бүгінгі біздің Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік — тәу етер киелі ұғым» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер !

**Жүргізуші (101 топ білім алушысы Жақсылықов Нұрперзент): Желтоқсан құрбандарына тағзым.**

Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын — қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады. 16-желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті. Бұл күн — Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкілхалықтық мереке. Бұл ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет мидай араласқан әрі жақын, әрі қаралы да, қасіретті күн еді.

**Желтоқсан құрбандары бір минут үнсіздікпен еске алайық.**

**Жүргізуші:** Туған халқымыз тәуелсіздік алды. Тарихымыздың беттеріне 1991 жыл алтын әріптермен жазылды. Балалардың жыр шашуына кезек берейік.

**Нұрсұлтан:**

*Желтоқсанның қанды суық ызғары,*

*Қалың әскер қазағымды қорлады.*

*Тәуелсіздікті қолдаған жастардың*

*Отан үшін табандары тозбады.*

*Әр қазақтың есінде сақталады*

*Желтоқсандық өрендер ақталады*

*Ел намысын қорғаған сарбаздарым*

*Ерліктерін мәңгілік сақталады.*

**Ерсайын:**

*Қайраттай қайсар ұлдардың*

*Жанымен келген еркіндік*

*Жазира мен Ляззаттың*

*Арымен келген еркіндік*

*Қасірет пен қайғының*

*Бәрімен келген еркіндік*

**Видеоролик көрсетіледі.**



**Қасым:**

*30 жыл, тәуелсізбін, дербеспін,  
Күмәндана қоймас бүгін енді ешкім.  
Бодандығым ғасырларға жалғасқан,  
Қазір міне артта қалды, келмес күн.  
Қуаныштан жасқа толды жанарым,  
Ұрпағы едім Көк бөрідей дананың.  
Енді міне билік тиіп қолыма,  
Желбірейді күн астында жалауым.  
Дамуымыз керек енді қарқынмен,  
Уақытымыз есептеулі алтынмен.  
Тәрбиелеп, саналы ұрпақ өсіріп,  
Өркендейміз ата-баба салтымен.  
Жас ұландар терең білім меңгерген,  
Ауру-сырқат дұрыс жолмен емделген.  
Жыл сайынғы Елбасының жолдауы  
Халқыма жігер берген, дем берген.*

**Жүргізуші:** Тәуелсіздік — кез келген адамның, ұлттың, халықтың, елдің еркіндігі. Өзінің алдында дербестігі. Тәуелсіздік — сіздің тыныстап отырған, еркін әрі бақытты күн кешіп жатқан Отаныңыз. Әлемде екі жүзге тарта тәуелсіз мемлекет бар. Олардың өзі тілі, діні, ділі, салты мен дәстүрі, ғұрпы, мәдениеті дамыған. Оған қоса ішкі және сыртқы экономикасы да қалыптасқан.

Сөз кезегін колледж кітапханашысы Жанат Кайрбекқызына береміз.

Тарих тереңінде қалмай сан мәрте сындарлы кезеңнің сызатын жарып, дүние көшіне ілескен қазақ елінің өткен жолы алмағайып. Ауыздықпен алысып, етігімен су кешкен ауыр күндерге төтеп көнбіс те болды, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заманда барын шайқап, аста төк жомарт та болды, әуірім зор заманға тән сұрқылтай күйін де кешті. Болмыстың осы кейпін көріп, ұлы Абай «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» деп күйзелсе, Жұбан ақын «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деп күңіренді. Ұлан-байтақ елімізге көз салушылар көп болды. Қаннен қаперсіз жатқан елімізге жоңғар қалмақтары тұтқиылдан шабуыл жасап, қалың жұртты қан жылатты. XV ғасырдың басында дүрліккен ел шұбыра қашып, ақтабан шұбырынды болды. Жұрт Алқакөлге аялдап, қасиетті Қаратауға бас сауғалады. XVII-XIX ғасырларда халқымыз еркіндік пен тәуелсіздігінен айырылды. Ұланғайыр даламыз империя меншігіне айналды. Төзімді серік етіп, «үнсіздерге күн болған» лениндік саясат салмағын, сталиндік ақтаңдақ азабын, брежневтік тоқырау тоспасын, горбачевтік қайта құру баспасын бастан кешкен халқымыз ауыртпашылықтың бәрі-

нен арымай өтіп, аңсары күнге де жетті. Бодандықтың бұғауын бұзған егемендік сағаты сыртылдай соғып, Тәуелсіздіктің нұрлы таңы келіп жетті.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттігін құра бастаудың алғышарты «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын» қабылдау болды. Өзінің толық субъектілігін Қазақстан 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңын қабылдау арқылы рәсімдеді. Сол нұрлы таңмен арайланып, байтақ еліміздің алтынмен апталған Ата Заңы өмірге келді. Туған еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің қасиетті нышандары аспан түстес зеңгір көк Туымыз, айшықты Елтаңбамыз бен асқақ Әнұранымыз екенін өздеріңізде жақсы білесіздер.

«Орнында бар оңалар» дегендей, ел орнында, жер орнында. Жерге жетер байлық жоқ. Жер болса, ел болады; ел болса, ер болады. Ерлеріміздің арқасында Қазақстан егеменді, тәуелсіз ел болды. 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады.

Міне егемендігімізді алып, Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында Қазақстан жылдан жылға көркейіп, небір қиындықтарды артқа тастап, жаңа экономикалық өрлеу үстінде. Өз халқын жақсылықпен жетістікке жетелеген Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдау елдің тағатсыздана күтетін жаңалыққа толы бастамасы. Әр жылғы жолдаудан еліміз жаңа серпіліс пен батыл қадамдар күтеді. Елімізді өркендетуге сендер де болашақта ат салысады деп сенемін.

**Жүргізуші:** Қазақстан — өз әнұраны, елтаңбасы, көк байрағы мен ұстанымы бар зайырлы мемлекет. ТМД елдері арасында тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялаған күннен бастап бұл елдің өз халқы, өзіне тән ұлты мен тілі бар.

**Айдос:**

*Төбем көкке жетпей қалды бір елі,  
Енді міне бүкіл әлем біледі.  
Қазақ деген жомарт халық емес пе,  
Аузын ашса көрінетін жүрегі.  
Ынтымақ бар ел бірлігі жарасқан,  
Бізге қарап жол түзейді адасқан.  
Барлық ұлтты туыс бауыр көреміз,  
Ешқайсысын бөліп жатырқамастан.*

**Арсен:**

Қалықтасын көгімізде қыран құс,  
Ерлігіміз болсын елге жыр –аңыз.  
Ата-бабам армандаған сан ғасыр,  
Тәуелсіздікке тәубе, тәубе, мың алғыс.

**Оқытушы:** Бүгінгі біздің дербес ел болып, уығымызды қадап, шаңырағымызды көтеріп, ерікті еркін мемлекетімізді құрып, Қазақстан Республикасы атанып, көк байрақ туымызды желбіретіп әлемге әйгілі болуымыздың өзі — осы тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасы. Олай болса тәуелсіздігімізге шаң жұқтырмай оны ең қымбат бұйымымыздай етіп, құрметтеп келер ұрпаққа аманаттап тапсыруға тиіспіз, оны ішкі — сыртқы дұшпандардан сақтауға міндеттіміз. Сонда ғана Тәуелсіздігіміз мәңгілікке мирас болмақ. Елдің еркіндігін аңсау бар, оған жету бар және оны ұстап қалу деген жауапкершілік бар. Үш түрлі кезеңнің үш түрлі тарихы бар. Біз дәл осы кезеңнің үшіншісіндеміз. Яғни, келешекке бастау-

шы, келешекті жасаушы ұрпақпыз. Ендеше қолда бар алтынның қадірін білу оны келесі бір дәуірге аманаттау және жеткізу — мойнымыздағы парыз.

Тәуелсіздік — ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт — сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы.

Тәуелсіздік — арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті. Осы тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Бүгінгі біздің Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік — тәу етер киелі ұғым» атты тәрбие сағатымызды Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда — тәуелсіздіктің көк туы. Елтаңбамызда — бар халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз. Арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар. Лайым бетімізден жарылқасын! Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүре көрсін!» деген сөзімен аяқтағым келеді.



## Қазақ тілі — рухани мұра

«Дүниедегі ең асыл тіл — араб тілі, одан кейін түрік тілі,  
түрік тілінің ішіндегі зауһары — қазақ тілі»

• Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы •

**А.А.Махамбетова,**

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай  
балабақшасының қазақ тілі мұғалімі

**Қ**азақ тілі — қазақтың мәдениетімен біте қайнасып жатқан рухани қазына. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау жұрнағы әрбір шынайы азаматқа танымал, мәдени — әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады.

Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпіндей тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі — бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ», — деп тіл жайында терең толғанған екен.

Қай кезде болмасын тіл мәселесі — сөйлейтін, сол тілден сусындаған, ұлттық, тілдік белгісі болып саналатын халықтың мәселесі. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау жұрнағы әрбір шынайы азаматқа танымал, мәдени-әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым.



Қазақ елінде, қазақ жерінде, қазақ тілі — мемлекеттік өркендеуі қажет, оған тек қазақ халқының ұрпақтары ғана емес, бүкіл Қазақстан елінде өмір сүріп жатқан адамдар үлес қосу керек. Мемлекеттік тілді игеру деген сөз мемлекет азаматы болып өмір сүру деген сөз, өзің өмір сүріп отырған мемлекетте және сол мемлекетті құрған халыққа «азаматпын» деп берген уәдені орындау деген сөз.

Қазақ халқының бар рухани қуатын бойына сіңірген ардақты асылы — тілі. Әр халық өз тілі арқылы әлемді, дүниені, өмірдің құнды тағылымдарын, таниды, елінің мәдениетін жасайды, келешек ұрпаққа түйген тұжырымдарын жеткізеді, мемлекеттік тілінің мәртебесін көтереді. Біздің, яғни қазақ халқының мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Алайда азаматтар тарапынан да, мемлекет тарапынан да, оның толыққанды мемлекеттік тіл болуы үшін әлі де көп істер атқарылуы шарт.

Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Қай ұлттың өкілі болмасын Қазақстанда тұрады екен, оны қасиетті де киелі Отаным деп мойындап, оның гүлденуі үшін қызмет етуі тиіс. «Бір халықпыз, өзгелерге үлгі-өнеге көрсететін ұлтпыз. Мынау он сегіз мың ғаламның ортасынан біздің де алатын орнымыз бар» деген биік сенім, сезімде болуымыз керек. Сонымен қатар Қазақстан мемлекеттің азаматы екенімізді жан-жүрегімізбен түйсінсек, болашақ ұрпаққа Отан алдында жауапты екенін ұғындырсақ, тіл мәдениетін көтеріп, оның ішінде өзге тілдерге көлеңке түсірмей, тілін өркендетуге болады.

«Ана тіліміз — асыл мұра». Тіл халықтың жаны, діні, рухы, елдік қасиеті, ұлттық болмысы. Сол асыл мұраны аялап, керек кезінде қорғай білу, дамыту және өскелең ұрпаққа жеткізу барша жанның тікелей борышы екендігі даусыз.

Сол себепті мектеп жасына дейінгі балалардың есте сақтау қабілеттері жоғары болғандықтан, өзге тілдерді үйреніп, меңгеруіне қолайлы уақыт болып

есептеледі. Баланың осы уақытта үйренгендерінің бәрі ұзақ уақыт есте қалады. Бала тілдік материалды тұтастай есте сақтай алады.

Баланың тілін дамытуға мынадай жұмыс түрлерін жүрізуге болады.

Айналадағы бар, күнделікті өмірде пайдаланып жүрген заттарды (киім-кешек, ыдыс-аяқ, тағам, үй жиһаздарын) көрсетіп, атын сұрап айтқызу.

Осы заттардың қайдан, неден (ағаштан, шыныдан, жүннен, темірден жасалғандығын) түсіндіру.

Ойыншықтары жайында, жақсы көретін ертегісі туралы әңгімелесу.

Балаларға жасына қарай мақал-мәтел, тақпақтар айтқызуға болады.

Тіл мәселесі кезең-кезеңімен жүйелі шешіліп келеді. Тілге қатысты көп сөзден гөрі айқын да нақты істер керек. Қазақстанда тілді дамыту үшін барлық жағдайлар жасалынып жатыр. Ендігінің бәрі өзімізге байланысты.

Қазақ тілі — қазақтың мәдениетімен біте қайнасып жатқан рухани қазына. Туған тілдің абыройын асқақтату — әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

Тіл — таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге міндеттіміз.

Қазақ тілі — өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы. Ана тілімізді қастерлейік!



## «ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДИСТЕМЕ»

## ThingLink бағдарламасының мүмкіндіктері

### Ф.Е.Боранғазы,

Қарағанды облысы тілдерді дамыту  
жөніндегі басқармасы жанындағы  
Ресурстық тіл орталығының әдіскері

Уақыт ағымымен қоса барлығы техникаға негізделіп бара жатқаны белгілі. «Интерактивті» сын есімі бүгінде кеңінен қолданылады және оны заман талабы ретінде анықтауға болады. Соның нәтижесінде әдістер жаңаланып, көптеген бағдарламалар мен қосымшалардың түрлері шығып жатыр. Осыған орай білім беру кеңістігінде әдіскерлер ұсынған көптеген жаңалықтар да бар. Айта кетсек, «Тіл-Қазына» ұлттық-ғылыми практикалық орталығының мамандары шығарған жаңа әліпбиді меңгеруге арналған «Qazlatyn», «Sozdikqor.kz», «Zerek bala», «Jasyryn söz», «Sözdi tar» және т.б. қосымшалары көп адамның қызығушылығын тудырып үлгерді. Негізі, адам ақпараттың 90%-ын визуалды түрде қабылдаса, 9%-ын аудиалды түрде, қалған 1%-ын қолмен ұстау арқылы есте сақтайды екен. Қосымшалардың өзектілігін осы жағдаймен байланыстыруға болады. Сондай-ақ қазіргі уақытта интерактивті онлайн-плакаттар жиі қолданыла бастады. Оның ерекшелігі:

- анимация және басқа графикалық ақпаратты пайдалану арқылы оқыту;
- білім алушының оқу үдерісіне тартылуын 10%-ға арттырады;
- оқу уақытын 50%-ға азайтады.
- компьютерге орнату талап етілмейді, оларға қол жеткізу үшін интернет желісіне қосылу жеткілікті;
- әлемнің кез келген нүктесінен сервиске еркін қол жеткізуге болады;
- технологияда материалмен топтық жұмысты өткізу;
- материалдарға қол жеткізудің әртүрлі режимдерінің болуы (жабық, ашық, сұрау бойынша және т. б.);

- қоғамдастық ішінде жарияланған материалдарды талқылау және бағалау мүмкіндігі;
- материалдарды бағыттар бойынша топтарға біріктіру;
- дамыған іздеу жүйесі және т.б.

Тіл үйрету процесі тыңдаушыларға заманауи және әрбір сабақ қызығатындай еліктіргіш болуы тиіс. Ақпараттық технологияның бір түрі ретінде тіл үйрету үдерісінде ThingLink бағдарламасы ұтымды қолданылады. ThingLink — қарапайым суреттерді интерактивті нысандарға айналдыратын интерактивті бейне жасауға арналған технологияның бір түрі. Ол мультимедиялық плакаттарды, басқаша айтқанда, маркерлер салынатын «Сөйлейтін суреттер» жасауға мүмкіндік береді. Мұнда пайдаланушылар тінтуірді тегке апару арқылы кескіннің әртүрлі бөліктері туралы егжей-тегжейлі біле алады.


### Thinglink қызметі арқылы қандай идеяларды жүзеге асыруға болады?

1. Дидактикалық материалды сабаққа электронды түрде дайындау.
2. Интерактивті плакат-жобалар жасау.
3. Белгілер, түсініктемелер, сілтемелер қосылған ақылды карталар жасаңыз.
4. Тақырыптық жинақтар мен медиажинақтарды құру.
5. Зерттелетін материалды мультимедиялық форматта ұсыну.
6. Карталар жасау, виртуалды экскурсиялар.
7. Интерактивті схемалар, кестелер құру.

Онлайн тақтаны қолдану үшін сіз <http://www.thinglink.com> сайтына кіріп, Facebook, Twitter және Google+ әлеуметтік желілері арқылы немесе пошта арқылы тіркеле аласыз. Онлайн тақтаңызға тақырып бойынша фон таңдап аласыз.

Әрбір нысан үшін суреттегі сілтеме таңбасының түрін өзгертуге болады. Сөйтіп әрбір объект үшін суретте веб-бетке, презентацияға, бей-






**Менің аккаунтымдағы сабақ түрлері.**

не және аудио т.б. сілтемелерді таңдап, орнатуға болады. Суретті жасау аяқталған соң, «Save» батырмасын басып, жұмысыңызды сақтайсыз. Сілтемеңіз арқылы тікелей интернеттегі сайтқа кіре аласыз. Ол үшін сізге тек жақсы интернет жүйесі керек. Сондай-ақ, жасаған жұмыстарыңызды кез келген уақытта өңдеуге болады. Онлайн тақта күнделікті сабақ беруден бастап, ашық сабақ өткізгенде, қандай да бір шығармашылық жұмыс түрі мен жобаны таныстыруға өте ыңғайлы. Бұл сервис оффлайн режимін қолдамайды, яғни компьютерге

жүктеу мүмкіндігі жоқ. Ең бастысы бағдарламадағы барлық жұмыстар аккаунтыңызда сақталып тұра береді. Сіздің аккаунтыңыз арқылы басқа да әріптестеріңіз жұмыстарыңызды қолдана алады. Сондай-ақ «бөлісу» тетігі арқылы өз сабағыңызды әріптесіңізге жібере аласыз. Ол үшін әріптесіңізде осы бағдарламаның аккаунты болғаны жеткілікті.

Thinglink платформасында құрылған интерактивті құралдарды пайдаланатын тыңдаушылар келесі сабаққа қызығушылығы артып, мотивация алып қана қоймай, тақырып бойынша ұжымдық жұмыс дағдыларын, тапсырмаларды орындау кезінде бірлескен қызметті, виртуалды кеңістіктегі ынтымақтастық дағдыларын, коммуникациялық дағдыларды игереді.

Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деп айтқандай, ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген оқытушы өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Сол кезде берген сабағыңыз да қызықты өтері сөзсіз. Кез келген оқытушы үшін нәтижеге жету көрсеткіші тыңдаушының білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады.



**Түрлі-түсті тегтермен берілген дидактикалық материалдар.**



## Использование социо-игровых приёмов в работе с детьми

**Р.Канаева,**

ДО №35 «Балбұлақ»,  
учитель русского языка

Сегодня человеку для активного участия в жизни общества, реализации себя как личности необходимо проявлять творческую активность, самостоятельность, обнаруживать и развивать свои способности, непрерывно учиться и самосовершенствоваться. Поэтому для воспитания сегодня как никогда актуально «Лучшее правило политики — не слишком управлять...» — т.е. чем меньше мы управляем детьми, тем более актуальную позицию они занимают в жизни. Соответствовать данному утверждению нам помогает современная педагогическая технология «Социо-игровая педагогика» представленная Е.Шулешко, А.Ершовой, В.Букатовым. В своей педагогической практике мы применяем социо-игровые приемы, упражнения направленные на поддержание интереса, доброжелательного отношения детей к сверстникам, на активизацию самостоятельности и инициативности ребенка, его творческих способностей.

Наши педагогические принципы совпадают с принципами, которые лежат в основе данной технологии, и, в первую очередь, понимание того, что сегодня просто необходимо наличие у педагога нового взгляда на ребенка как на субъект (а не объект) воспитания, как на партнера по совместной деятельности.

Сущность социо-игрового стиля его основатели определили такой формулировкой: **«Мы не учим, а налаживаем ситуации, когда их участникам хочется доверять и друг другу, и своему собственному опыту, в результате чего происходит эффект добровольного и обучения и тренировки».**

Общение детей в рамках данной технологии организуем в три этапа:

— на самом **первом этапе** учим детей правилам общения, культуре общения (дети учатся договариваться, а значит слушать и слышать партнера, развивается собственная речь);

— на **втором этапе** общение является целью — ребенок на практике осознает, как ему надо организовать свое общение в микрогруппе, чтобы выполнить учебную задачу;

— на **третьем этапе** общение — это педагогическое средство, т.е. через общение мы обучаем дошкольников.

Авторы социо-игровой технологии предлагают разные игровые задания для детей, которые условно можно разделить на несколько групп:

1. **Игры-задания для рабочего настроения.** «Тень-потетень», «Встань по пальцам», «Стою, на кого-то смотрю», «Замри», «Волшебная палочка», «Летает – не летает», «Эхо» и др.
2. **Игры для социо-игрового приобщения к делу,** во время выполнения которых выстраиваются деловые взаимоотношения педагога с детьми, и детей друг с другом. «Комплимент», «Составь слово», «Живой алфавит» и др.
3. **Игровые разминки** — объединяются своей общей доступностью, быстро возникающей азартностью и смешным, несерьезным выигрышем. В них доминирует механизм деятельного и психологически эффективного отдыха. Физминутки, пальчиковые игры, «Два конца, два кольца», «Руки-ноги», «Заводные человечки», Карлики-великаны» и др.
4. **Задания для творческого самоутверждения** — это задания, выполнение которых подразумевает художественно-исполнительский результат. «Браво», «Сценки истории», «Животные» и др.
5. **Игры вольные, требующие передвижения** — «Секрет», «Ловишки», «Колечко-колечко», «Где мы были, не скажем, а что делали — покажем», «День и ночь» и др.

Использование социо-игрового стиля в разных видах деятельности способствует развитию коммуникативных навыков, у ребёнка развивается самосознание. Дошкольник способен сравнивать свои знания со знаниями других детей, оказывать помощь другу и принимать её, когда это нужно, умению сообща решать задачи, обсуждать разные вопросы, следить за ходом общего дела.



# 1 ИГРЫ-ЗАДАНИЯ ДЛЯ РАБОЧЕГО НАСТРОЯ

**«Волшебная палочка».** Дети стоят в кругу, «волшебная палочка» (ручка, карандаш и др.) передается в произвольном порядке, передача сопровождается речью по заранее заданному заказу-правилу:

- на что похож предмет;
- какая бывает (зима, весна, природа, ...);
- ласковые слова;
- домашний адрес;
- имя, отчество мамы (папы, свое, ...) и т.д.

*Варианты:*

- передающий называет существительное, принимающий — прилагательное к нему;
- передающий называет сказку, принимающий — персонаж из этой сказки и т. п.

Если принимающий не ответил, «палочка» возвращается в исходное положение или меняет принимающего. Дети договариваются об условии передачи:

- глядеть друг другу в глаза;
- вставить, если согласны с высказыванием принимающего;
- передающий выбирается один на всех, палочка возвращается ему.

**«Летает – не летает».** Воспитатель называет существительные, дети выполняют заданные движения («самолёт» — хлопают в ладоши или машут руками, «шкаф» — ничего не делают или прижимают руки вдоль тела). Тот, кто ошибается, выходит из игры. Логопед подбирает слова на неодушевленные, одушевленные предметы: синица, муха, журавль, комар, ракета, парашютист, страус, акробат, тополиный пух.

*Варианты:* растёт – не растёт, двигается – не двигается, больше – меньше, живое – неживое и др.

**«Закончи предложение».** Дети встают в круг. Ведущий предлагает начало фразы одно для всех, например: «Я умею», «Я смогу», «Я хочу» и т. п. Тот, кому ведущий бросает мяч, продолжает фразу.

**«Подарки»**

*Цель:* развитие эмпатии творчества в общении, способности предвидеть желания другого, утверждать свое позитивное «Я».

*Ход:* Для того, чтобы начать играть в эту игру, вам необходимо разделиться на две команды. Для этого предлагаю встать полукругом по номерам домов, в которых вы живете, по нарастанию (играющие встают), а теперь рассчитайтесь на яблоко – апельсин. Все «яблоки» встают во внутренний круг, а все «апельсины» во внешний круг. Дети образуют два круга и двигаются под музыку, по кругу, в противоположных направлениях. По сигналу — останавливаются, берутся за руки со сверстником, стоящим напротив и поворачиваются друг к другу лицом. **Задание:** Сначала дети из внешнего круга загадывают про себя, чтобы они хотели получить в подарок, а дети из внутреннего круга отгадывают. Если ребенок отгадывает, загадывающий дает ему жетон, если нет — отдает свой. У каждого игрока по 3 жетона. Игроем 3 раза, потом подсчитываем жетоны.

**«Связующая нить».** Дети сидят в кругу и передают друг другу клубок ниток так, чтобы все, кто уже держал клубок, взяли за нить. Передача клубка сопровождается высказываниями о том, что они чувствуют, хотят для себя и могут пожелать другим. Начинает взрослый, показывая тем самым пример. Затем он обращается к детям, спрашивая. Хотят ли они что-то сказать. Когда клубок вернется к ведущему, дети натягивают нить и закрывают глаза, представляя по просьбе ведущего, что они составляют одно целое, что каждый из них важен и значим.

**«Как тебя зовут?».** Ведущий берет мяч и назвав свое имя, называет имя того, кому бросает мяч. Тот ловит мяч и продолжает: называя свое имя и имя того, кому бросает мяч.

**«Общий круг».** Дети садятся или встают кругом, каждый здоровается со своим соседом, при этом смотрит ему в глаза и улыбается. В это время можно передавать друг другу, какой либо предмет (мяч, цветок, игрушку и т. д.)

**«Шанырак» любви**

*Цель:* воспитывать уважительное, заботливое отношение к миру и людям; развивать коммуникативные способности.

*Ход:* дети стоят в кругу. Педагог говорит: «Каждый из нас что-то или кого-то любит; всем нам присуще это чувство, и все мы по-разному его выражаем. Я люблю свою семью, своих детей, свой дом, свой город, свою работу. Расскажите и вы, кого и что любите вы. (Рассказы детей.) А сейчас



давайте построим «Шанырак любви» из ленты. Я скажу что или кого люблю и возьму одну ленточку, и затем каждый из вас сказав что или кого любит возьмет тоже одну ленточку (*Дети выстраивают шанырак.*) Что мы построили? Что вы увидели? Вам нравится наш шанырак? Посмотрите, какой высокий у нас получился шанырак. Высокий и возвышенный, потому что мы любимы и любим сами».

**«Люблю – не люблю».** Дети стоят в кругу. Воспитатель (или ведущий-ребёнок) передаёт по часовой стрелке мяч и говорит: «Я не люблю, когда дети ссорятся», следующий должен предложить свой вариант «Я не люблю, ...». Против часовой стрелки игра продолжается «Я люблю, ...»

**«Встань по пальцам».** Воспитатель (ребёнок) становится спиной к детям, показывает на пальцах число и медленно считает до 5, после слова «замри» должно остаться столько детей, сколько было пальцев показано.

## 2 ИГРЫ СОЦИО-ИГРОВОГО ХАРАКТЕРА

**«Повтори-ка».** Дети встают кругом. Один ребенок берет мяч, передает его другому и называет животное, например «жираф», другой ребенок говорит «жираф» и добавляет «слон», третий говорит «жираф», «слон» и прибавляет «лев». Каждый следующий игрок перечисляет всех животных по порядку и добавляет еще свое.

**«Живой алфавит».** Ведущий распределяет буквы алфавита и задает слово, дети составляют его из своих букв, вставая по порядку.

**«Снежный ком».** Ведущий первым называет свое имя. Следующий за ним должен повторить имя ведущего, а затем назвать свое. Следующий из детей повторяет уже два имени и лишь, затем называет свое и т.д.

2. Қасқыр туралы қысқаша мәлімет.

**САБАҚТЫҢ АЯҚТАЛУЫ:****Қорытынды.****Ұтымды жауап** (Тест әдісі)

1. «Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты», — деп басталатын сөйлем қай бөлімде айтылады?
  - а) Үшінші б) Екінші
  - ә) Бірінші в) Төртінші
2. Қасқырдың неше күшігі өлтірілді?
  - а) 4 ә) 5 б) 2 в) 3



3. «Көксерек» әңгімесінің авторы?  
 а) А.Байтұрсынұлы б) Ж.Аймауытұлы  
 ә) Ж.Жабаев в) М.Әуезов
4. Өте қабатан, сіркесі су көтермейтін  
 долы, ызалы төбет?  
 а) Көксерек б) Ақ қасқыр  
 ә) Аққасқа в) Көк шолақ
5. Құрмаш Көксерекпен ең соңғы  
 рет қай жерде кездеседі?  
 а) Ауылда б) Қой бағып жүргенде  
 ә) Серуендеп жүргенде в) Әдейі іздеп шығады

**Дескриптор:**

1. Шығарманың мазмұны желісінде сұрақ құрастырады.
2. Қиын және дәрежесі жоғары сұрақтарға жауап бере алады.
3. Шығармадағы ақпараттың өмірмен байланысын ашып көрсетеді.
4. Шығармадағы қай бөлімнің маңызды екенін атап айта алады.
5. Шығарманы өз сөзімен әңгімелейді.
6. Оқушылар диалогқа түсіп, сұрақтарға тура жауап қайтармай, ой елегінен өткізіп, сыни пікір айтады.

**КЕРІ БАЙЛАНЫС:**

1. Сабақта қандай сұрақтар қиындықтар туғызды?
2. Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды?
3. Сабақтан кейінгі әсерлерің қандай болды, ұтымды жақтары болды ма? Сабақта не сәтті өтті? Не сәтсіз өтті? Нені үйрендім? Қандай табысқа жеттім? «Жетістік баспалдағы» әдісі Оқушыларға сұрақтар беріліп, сұрақтарға жауап алынады. Сабақтың мақсаты айқындалады.

**Сұрақтар:**

1. М.Әуезов туралы не білдіңдер?
2. «Көксерек» әңгімесі қай жағымен қызықты.
3. Көксерек қандай болып өсті.
4. Көксеректен ауылдағылар қандай зардап шекті.
5. Аққасқырмен Көксеректің байланысы.
6. Көксеректің соңғы әрекеттері.

**Бағалау.**

Үй жұмысы: Синквейн әдісі бойынша «қасқыр», «аңшы» сөздеріне бес жолды өлең жазу.

**Кейінгі тапсырмалар:**

111-беттегі оқушының өз қалауы бойынша жасалатын тапсырма.



## Оразақын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі атажұртқа оралу


*А.Е.Кальжанова, №2 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі*

<b>Сабақтың мақсаттары</b>	<b>Барлығы:</b> шығарманың мазмұнын толық түсініп, тақырыбы мен идеясын анықтай алады, көтерілген мәселелерге талдау жасайды <b>Көбі:</b> тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды, шығармашылық жұмыс (үндеу) жазады <b>Кейбірі:</b> шығарманың тарихы мен көркемдік құндылығына баға береді, көтерілген мәселеге талдау жасайды, шығармашылық жұмыс (үндеу) жазады.
<b>Бағалау критерийлері:</b>	Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтау, бағалау; Шығармадағы көтерілген мәселеге талдау жасау; Шығармадағы көтерілген мәселе негізінде шығармашылық жұмыс жазу.
<b>Құндылықтар</b>	Құрмет, отансүйгіштік, үздіксіз білім алу.
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Тарих.



<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Пән лексикасы және терминология:</b> ел басына күн туған заман, кіндік қаны тамған жер, қандастар, атажұрт, ел болашағы үшін тер төгу, диаспора <b>Мәтін талдау барысында қолданылатын тіркестер:</b> Менің ойымша...; Салыстыра қарағанда...; Өмірмен байланыстыратын болсам...; Бұл оймен келісемін/келіспеймін, себебі... <b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b> «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер? Шетте жүрген қандастарымыздың елге оралғаны дұрыс па?
<b>Осыған дейінгі меңгерілген білім</b>	Оразақын Асқардың өмір жолы мен шығармашылығы «Таза тақта» әдісі Туған жері, жылы. Қызметі. Шығармалары. Марапаттары.

**Сабақ жоспары:**

Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер		Дереккөздер						
<b>Сабақтың басы</b>								
Ұйымдастыру кезеңі. Ұлтарақтай болса да, <u>Атақоныс</u> жер қымбат. Ат төбеліндей болса да, Туып-өскен ел қымбат. сызылған Асты сызылған сөздерге синоним сөздер табу. (Атажұрт, Отан, атамекен, туған жер) <i>Бүгінгі тақырып қалай аталады?</i>	Тақырыпқа қатысты суреттер							
<b>Сабақтың ортасы</b>								
Сыныпты үш топқа бөлу. <b>1.Топпен жұмыс. Тапсырма.</b> «Сөз мерген» сызба арқылы мақал-мәтел құрастырыңдар. Мақалдардың мағынасын түсіндіріңдер I топ «Атажұрт» « Жат жердің қаршығасынан өз еліңнің қарғасы артық» II топ «Атамекен» «Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы» III топ «Атақоныс» «Өз елің — алтын бесігің»	1) Жат жер Қаршыға   артық Қарға 2) Ел Бәрі   жақсы Өз 3) Алтын Өз   бесік Ел							
<table border="1"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескрипторлар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Мақал құрастыру</td> <td>Сөздерден мақал құрастырады</td> </tr> <tr> <td>Мағынасын түсіндіру</td> <td>Мағынасын ашып, тақырыппен байланыстырады</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Мақал құрастыру	Сөздерден мақал құрастырады	Мағынасын түсіндіру	Мағынасын ашып, тақырыппен байланыстырады		
Бағалау критерийі	Дескрипторлар							
Мақал құрастыру	Сөздерден мақал құрастырады							
Мағынасын түсіндіру	Мағынасын ашып, тақырыппен байланыстырады							
ҚБ Мұғалім оқушыларды жеке бағалайды. <b>2-тапсырма</b> «Жалпы әлемде 16 миллионнан астап қазақ бар.Соның үш-тен бірбөлігі, яғни шамамен бес миллионы сыртта жүр. Тағдырдың жазуымен әлемнің қырықтан астам еліне шашырап кеткенімен, олардың түп негізі, байланысы еш үзілген жоқ. Бұл байланыс еліміз өз Тәуелсіздігін алып, егеменді ел болған соң жақсарып сала берді. Елдің тізгінін алған Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын құрды. 1992 жылдың 10 қаңтарында әлемнің әр түкпірінде жүрген қазақтарға арнайы Үндеу жариялады. Ол Үндеу «Қайт, қазақ, қара шаңырағыңа!» деп аталды. Осыдан кейін Қазақстанда ұлы көш басталды. Бұл қазақтың жаппай рухани оянуына алып келді. Бұл-өте үлкен жетістік, үлкен күш». <b>zakon.kz</b> «Шеттен келген әр қазаққа есігіміз ашық» Зауытбек Тұрысбеков								



<p><b>Блум таксономиясы бойынша талдау жүргізу</b>  <b>Білу.</b> Атажұрт деген не?  <b>Түсіну.</b> Шетте жүрген қандастарды көк тудың астына жинауда қандай мән бар екенін шығарманың идеясына сәйкес түсіндіріңдер.  <b>Қолдану.</b> Қандастар деп кімдерді айтамыз?  <b>Талдау.</b> Ақын шетте жүрген қандастарды неге атажұртқа оралуға шақырады? Талдау жасаңдар.  <b>Жинақтау.</b> Шеттегі қазақтардың елге оралуынан ұтарымыз не? Тұжырым жасаңдар.  <b>Бағалау.</b> «Қайт, қазақ, қара шаңырағыңа!» тақырыбында үндеу жазыңдар.</p>	
<p><b>Бағалау критерийі</b></p> <p>Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын талдау;                  Шығармадағы көтерілген мәселеге талдау жасау.                  Көтерілген мәселе негізінде шығармашылық жұмыс жазу (үндеу);</p>	<p><b>Дескриптор</b></p> <p>Тақырып бойынша өз пікірін білдіреді.                  Дәлелді мысал келтіреді.                  Көтерілген мәселені анықтайды.                  Тарихи және көркемдік құндылығына баға береді.</p>
<p>ҚБ Топтық және жеке бағалауды ұйымдастырады</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	
<p><b>Рефлексия.</b> Мұғалім тарапынан қорытындылау жүргізіп, кері байланыс береді. Оқу мақсатына жету не жетпеу мәселелері қарастырылады</p> <p>— Мен оқу мақсатына жете алдым ба?                  — Сабақта қандай қиындықтар кедесті?                  — Сабақта не маңызды болды?                  — Келесі сабақта нені білгілерің келеді?</p>	
<p><b>Дифференциация. Саралау</b></p>	
<p>Бағалау.                  Бірін-бірі бағалайды.                  Бас бармақпен бағалайды.                  Топтар өзара бір-бірін бағалайды</p>	<p>Пәнаралық байланыс                  Қауіпсіздік ережелері                  АКТ-мен байланыс                  Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</p>





## Ас адамның арқауы

*Л.К.Кемаладинова, Қандыағаш қалалық №2 ЖББ ОМ*

Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
<b>Сабақтың басы</b>		
<p>Жаңа сөздермен танысу. Сөздерді оқу, қайталау, сөз тіркесін құрастыру. Жартылай дайын өнімдер. Сақталу мерзімі</p>	<p>Жаңа сөздермен танысады, оқиды. Сөз тіркесін құрастырады.</p>	<p>Мұғалім оқушылардың жауабына қарай бағалайды.</p>



<p><b>АЙТЫЛЫМ</b></p> <p><b>1 -тапсырма.</b> «Сатып алайық» ойыны. Төрт-төрттен топ құрыңдар. Әр топта бір сатушы, қалғандары сатып алушы болсын. Сатып алушылар текшені кезекпен лақтырады. Шаршы тақтада көрсетілген сурет бойынша заттарды атап, бағасын сұрап, сатып алуы керек. Бір минуттың ішінде көп әрі дұрыс айтқан топ жеңіске жетеді.</p> 	<p><b>Мысалы:</b> Тағамның сақталу мерзіміне қарау керек. Ойынды топта ойнайды.</p>	<p>Басбармақ</p>
<b>Сабақтың ортасы</b>		
<p><b>Жазылым.</b> 2-тапсырма. Тірек сөздерді қолданып, «Біз салат жасадық» тақырыбында шағын мәтін жаз. Мәтінде: а) аңдай салат жасағаныңды; ә) ол үшін дүкеннен не сатып алғаныңды; б) кімнің не істегенін жаз. Мәтінде мезгіл үстеулері мен мекен үстеулерін қолдан.</p> <p><b>Тірек сөздер:</b> салат жасау, сатып алу, жуу, турау, аршу, араластыру, дәмді.</p>	<p>Тірек сөздерді қолданып, «Біз салат жасадық» тақырыбында шағын мәтін жазады. Сөзжұмбақты шешеді. Тірек сөзді табады.</p>	<p>Смайликтер Оқушылар сыныптастарының жауабын тыңдай отырып бірін-бір бағалайды.</p>
<p><b>АЙТЫЛЫМ</b></p> <p><b>3 -тапсырма.</b> <b>Сөзжұмбақты шеш. Тірек сөзді тап.</b></p> <p><b>Көлденеңінен:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құрамында кальций мол табиғи тағам.</li> <li>2. Сүттен алынатын қою, дәмді тағам.</li> <li>3. Сүт, ұн, жұмыртқа қосып қуырылатын тағам.</li> <li>4. Қант пен жеміс қосып дайындалатын тағам.</li> <li>5. Ұн, су, жұмыртқа, тұз қосып иленетін шикі нан.</li> </ol> 	<b>Сабақтың соңы</b>	
<p><b>Жазылым.</b> 5-тапсырма Жағдаят: Сен дүкеннен жартылай дайын өнім сатып алдың. Бірақ сақталу мерзімі өткенін кеш көрдің, не істейсің? төмендегі сөздерді пайдаланып, сатушымен сөйлесетін диалогті жаз: кешіріңіз, көрмедім, жартылай дайын өнім, сатып алдым, сақталу мерзімі, өтіп кеткен.</p>	<p>Төмендегі сөздерді пайдаланып, сатушымен сөйлесетін диалог жазады.</p>	<p>Мұғалімнің бағлауы.</p>





# Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілін оқып үйренеміз

А.К.Сейтахметова, Қандыағаш қаласы №2 ЖББОМ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме):


7.2.1.1 мақал-мәтелдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту.

Сабақтың мақсаты	<p><b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> арлық оқушы мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді ажырата алады.</p> <p><b>Көпшілігі орындай алады:</b> вәтін құрап айтуда мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана алады.</p> <p><b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> вәтін мазмұнын дамытып айтады.</p>
Бағалау критерийі	Мақал-мәтелдерді орынды пайдаланады; мәтін мазмұнын дамытып айтады.
Тілдік мақсаттар	<p><b>Дағдыларды дамыту:</b> жеке, жұпта, топта жұмыс жасау, мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдердің мағынасын түсіну, қойылған сұраққа толық жауап беру, диалог құрастыру, мәтіннен жаңа сөздер мен сөз тіркестерін таба алу, мәтінге қатысты өз ойын айта алу.</p> <p><b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> <i>мәртебе, үштілді, көптілді, заманауи, аударма шығармалары, озық технологиялар.</i></p> <p><b>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b> Талқылауға арналған сұрақтар: <i>Менің ойымша...</i> <i>Осылардың ішінде...</i> <i>Ғалымдардың айтуынша...</i> <i>Тілдер тарихына қарасақ...</i> <i>Не себепті ... деп ойлайсыз?</i> <i>Кең таралған тілдер ... деп ойлайсың?</i> <i>Неліктен ғалымдар айтуынша ... деп ойлайсың?</i> <i>«Тіл жойылса, халық та жойылады» дегенді қалай түсінесің?</i></p>
Құндылықтарға баулу	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.
Пәнаралық байланыс	Тарих, орыс тілі, ағылшын тілі, география.
Тақырып бойынша алдыңғы білім	<p><b>«Блиц-сұрақ» әдісі арқылы</b></p> <p>«Тіл қалай пайда болды?» мәтін мазмұны туралы не біледі?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— Тілдің пайда болуына не себеп болды?</li> <li>— Тіл не үшін керек?</li> <li>— Қазіргі кезде дүниежүзінде қанша тіл бар?</li> </ul>


## Сабақ барысы

Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<b>Сабақтың басы</b>	
<p>«Жүректен жүрекке» тренингі.</p> <p><b>Мақсаты:</b> жағымды психологиялық ахуал орнату.</p> <p><b>Кері байланыс.</b></p>	



<p><b>«Блиц-сұрақ» әдісі.</b> (Бір жауабы бар бес сұрақ)  <b>Мақсаты:</b> «Тіл қалай пайда болды?» мәтінінің мазмұнын қай дәрежеде меңгергенін тексеру.</p> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;"> <p>1. Тілдің пайда болуына не себеп болды?          А. Адамзат қоғамының пайда болуы          В. Ұжымның пайда болуы          С. Отбасының пайда болуы</p> <p>2. Тілді дамытатын кім?          А. Сөз, сөйлем          В. Оқушы, мұғалім          С. Қоғам, халық</p> <p>3. Тіл не үшін керек?          А. Әңгіме айту үшін          В. Өмір сүру үшін          С. ЖОО-на түсу үшін</p> <p>4. Адамды адам ететін не?          А. Тіл В. Ой С. Ақыл</p> <p>5. Қазіргі кезде дүниежүзінде қанша тіл бар?          А. 4000 В. 2000 С. 5000</p> </div> <p><b>ҚБ.</b> Смайликтер</p>	<p>Тест тапсырмасы</p>																																																																															
<p><b>СЖ. «Сөзжұмбақ шешу» әдісі.</b>          Мақсаты: қызығушылықты ояту, сабақтың тақырыбын ашу, мақсатын айқындау.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан Республикасында қазақ тілі қандай тіл?</li> <li>Оқуға берілген жұмыс, тапсырма.</li> <li>Ғылым мен техника, өндіріс саласында қолданылатын арнаулы заттар мен ұғымдардың атауы болатын сөздер.</li> <li>«... — білім бұлағы»</li> <li>Мақал сөзімен тіркесетін сыңарды тап.</li> <li>Оқушылардың мектептен алып шығатын азығы?</li> <li>Жаңа сөздердің ғылыми атауы.</li> </ol> <p><b>ҚБ.</b> Көңіл күй одағайлары  <b>Дескриптор:</b> 1. Сұрақтардың дұрыс жауабын табады.          2. Сабаққа қатысты жаңа сөздерді қолданады.</p> <div style="text-align: center;"> <table border="1" style="border-collapse: collapse; margin: auto;"> <tr><td>М</td><td>Е</td><td>М</td><td>Л</td><td>Е</td><td>К</td><td>Е</td><td>Т</td><td>Т</td><td>І</td><td>К</td></tr> <tr><td></td><td></td><td>М</td><td>Ә</td><td>Т</td><td>І</td><td>Н</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td>Т</td><td>Е</td><td>Р</td><td>М</td><td>И</td><td>Н</td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td>К</td><td>І</td><td>Т</td><td>А</td><td>П</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>М</td><td>Ә</td><td>Т</td><td>Е</td><td>Л</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>Б</td><td>І</td><td>Л</td><td>І</td><td>М</td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td>Н</td><td>Е</td><td>О</td><td>Л</td><td>О</td><td>Г</td><td>И</td><td>З</td><td>М</td></tr> </table> </div>	М	Е	М	Л	Е	К	Е	Т	Т	І	К			М	Ә	Т	І	Н							Т	Е	Р	М	И	Н						К	І	Т	А	П					М	Ә	Т	Е	Л											Б	І	Л	І	М							Н	Е	О	Л	О	Г	И	З	М	<p>Интербелсенді тақта, слайд</p>
М	Е	М	Л	Е	К	Е	Т	Т	І	К																																																																						
		М	Ә	Т	І	Н																																																																										
		Т	Е	Р	М	И	Н																																																																									
		К	І	Т	А	П																																																																										
М	Ә	Т	Е	Л																																																																												
				Б	І	Л	І	М																																																																								
				Н	Е	О	Л	О	Г	И	З	М																																																																				
<p><b>«Пазл» әдісі.</b>  <b>Мақсаты:</b> топқа бөлу.          Үш тілде жазылған мәтін қиындыларын «Пазл» әдісі арқылы құрастырып, топқа бөлінеді.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>«Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». (А.Байтұрсынов)</li> <li>«Язык — это путь цивилизации и культуры». (А.Куприн)</li> <li>«The limits of my language mean the limits of my world».          Границы моего языка — это границы моего мира (Людвиг Витгенштейн)</li> </ol> <p><b>ҚБ.</b> От шашу</p>	<p>Үш тілдегі пазл бөліктері</p> 																																																																															
<b>Сабақтың ортасы</b>																																																																																
<p><b>Оқылым алды тапсырма.</b>          1. Сөздікпен жұмыс.          А) Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, аудармасын айтады.          Ә) Оларды оқиды, оқушыларға қайталатады.</p>	<p>Интербелсенді тақта, слайд</p>																																																																															



<p>2. Мәтіналды жұмыс. А) Тыңдалым. Оқылым. Айтылым. Оқулықтағы 1-тапсырманы орындатады. Ә) Оқылым. Жазылым. Оқулықтағы 2-тапсырманы орындатады.</p> <p>3. Тілдік бағдар. Көмекші есімдерді меңгертеді. А) Жазылым. Оқулықтағы 3, 4-тапсырманы орындатады. Ә) Айтылым. Оқулықтағы 5 тапсырманы орындатады. «Кім жылдам?» ойынын ұйымдастырады, жұптық жұмыс орындатады.</p> <p>4. Мәтінмен жұмыс. А) Оқылым. Айтылым. Оқулықтағы 6-тапсырманы орындатады. Ә) Айтылым. Оқулықтағы 7, 8-тапсырманы орындатады. Б) Жазылым. Оқулықтағы 9-тапсырманы орындатады.</p> <p>5. Мәтінсоңы жұмыс. А) Тыңдалым. Оқулықтағы 10-тапсырманы орындатады. Ә) Жазылым. Оқулықтағы 11 -тапсырманы орындатады</p>													
<p><b>СЖ. «Сөздікпен жұмыс» әдісі.</b> Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.</p> <table border="1" data-bbox="129 938 849 1245"> <tr> <td>Мәртебе</td> <td>современный</td> </tr> <tr> <td>Үштілді</td> <td>передовые технологии</td> </tr> <tr> <td>Көптілді</td> <td>тремязычия</td> </tr> <tr> <td>Заманауи</td> <td>переведенные произведения</td> </tr> <tr> <td>аударма шығармалары</td> <td>статус</td> </tr> <tr> <td>озық технологиялар</td> <td>многоязычный</td> </tr> </table> <p><b>ҚБ. «Алма ағаштары»</b> (қызыл алма — өте жақсы, жасыл — жақсы, сары алма — қанағаттанарлық)</p> <p><b>Дескриптор:</b> 1. Сөздікпен жұмыс жасайды. 2.Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіреді.</p>	Мәртебе	современный	Үштілді	передовые технологии	Көптілді	тремязычия	Заманауи	переведенные произведения	аударма шығармалары	статус	озық технологиялар	многоязычный	
Мәртебе	современный												
Үштілді	передовые технологии												
Көптілді	тремязычия												
Заманауи	переведенные произведения												
аударма шығармалары	статус												
озық технологиялар	многоязычный												
<p><b>ТЖ. «Прожектор» әдісі.</b> Термин сөздер мен неологизм сөздерді анықтаңыз. Астын сызып белгілеңіз.</p> <p>Жер бетінде алты мыңдай тіл бар екені анық. Оның ішінде он үші «ең ұлы» тіл болып саналады. Әр халық өз ана тілін қастерлейді. Әр адамға ана тілі — ұлы тіл. Тіл әрбір адамға өмір бойы керек. Қазіргі уақытта <u>көп тілді білу</u> керек.</p> <p>Дүниежүзінде ресми тіл ретінде қытай, ағылшын, орыс, испан, француз, араб тілдері қолданылады. Дүниедегі барлық аударма шығармалардың 33%-ы ағылшын тілінен, 15%-ы француз тілінен, ал 1%-ы неміс тілінен аударылады.</p> <p>Жалпы 6 мыңға жуық тілдің 100-і ғана мемлекеттік <u>мәртебеге</u> ие болған. Соның ішінде қазақ тілі бар.</p> <p>Қазіргі уақытта <u>көп тіл білу</u> — өнер. Оның ішінде, <u>үштілді</u> білу — үлкен өнер. <u>Заманауи озық технологиялардың</u> тілін білетін жастар ағылшын тілін <u>жетік меңгереді</u>. Халқымызда «Тіл тағдыры — ел тағдыры», «Жеті елдің тілін біл, жеті түрлі білім біл» сияқты мақалдарда да кездеседі.</p>	<p>Мәтін бөлігі</p>												



Сұрақ — жауап кезеңі. Бұл кезеңде әр топқа 10 — сұрақтан оқылады. Оқушылар «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. Әрбір дұрыс жауапқа 10 — ұпай беріледі.

### I топтың сұрақтары.

- 1) Междоиметие является частью речи? (да)
- 2) В предложений глагол бывает сказуемым? (да)
- 3) Омонимы одинаково пишутся и одинаково звучат? (да)
- 4) Қазақстанның астанасы Алматы қаласы ма? (жоқ)
- 5) Ағылшын тілінде 44 — дыбыс бар. (иә)
- 6) «Past Simple» — дегеніміз осы шақ. (жоқ)
- 7) «Pen-friends» сөзінің аудармасы «қаламдас достар» (иә)
- 8) Қазақ тілінде жалғаудың бес түрі бар (жоқ)
- 9) Қазақ тілінде 7 септік бар (иә)
- 10) Қазақ тілінде бастауыш сөйлем соңында тұра ма? (жоқ)

### II топтың сұрақтары.

1. Фонетика изучает состав слова? (нет)
2. К главным членам предложения относятся подлежащее и сказуемое? (да)
3. Антонимы слова противоположного значения? (да)
4. Қазақ тілінде сегіз сөз табы бар? (жоқ)
5. -лар, -лер, -дар, -дер көптік жалғауы ма? (иә)
6. Фразеология тұрақты сөз тіркестері туралы ілім. (иә)
7. Англияның астанасы Лондон (иә)
8. Ағылшын тілінде 30 әріп бар? (жоқ)
9. «Parents» дегеніміз достар? (жоқ)
10. «Past continuous» дегеніміз созылмалы осы шақ? (иә)

«Тапқыр болсаң, тауып көр» кезеңі. Бұл кезеңде әр топқа жұмбақтар жасырылған ұяшықтар беріледі. Оқушылар ұяшықты таңдап, жұмбақтың шешуін тауып оны орыс және ағылшын тілдеріне аудару керек. Толық әрі дұрыс жауапқа 50 — ұпай беріледі.  
*Суретті жұмбақтар:* слайд арқылы суреттер беріледі сол суреттердің атауын орысша, қазақша, ағылшынша айту керек.

«Шешендік» (оратор) — бөлімінде оқушылар берілген тақырыпқа 5–6 сөйлемнен тұратын мәтін құрастырып, оны үш тілде оқып береді.

«Үш тілді білу — заман талабы» тақырыбында жарнама жасау.

Шығармашылық тапсырма. Әр топ өз қиялдарымен, тапқырлықтарымен жарнама жасап, «үш тілділік» туралы өз ойларын суретпен салып, сол суреттерін қорғайды.

### ҚБ. Бас бармақ

- Дескриптор:** 1. Мәтіннен термин сөздер мен неологизм сөздерді табады.  
2. Термин мен неологизм сөздердің астын сызады.

### ЖЖ. «Сен және мен» әдісі.

Берілген неологизмдер мен термин сөздерге қыстырма сөздер қатыстырып диалог құрастырыңыз.

**Менің ойымша...**

**Қазіргі уақытта...**

**Аударма шығармаларында...**

**Мысал келтірген болсам...**

*мәртебе, үштілді, көптілді, заманауи, аударма шығармалары, озық технологиялар*

### Бас бармақ



Өте жақсы







Жақсы



Орташа



<p><b>ҚБ.</b> Мадақтау сөздері арқылы  <b>Дескриптор:</b> 1. Қыстырма сөздер қатыстырып диалог құрастырады.                  2. Термин мен неологизм сөздерді диалогта қолданады.                  3. Диалог құрастырудың ережесін сақтайды.</p>																			
<p>Мәтін бойынша сөйлемдердің дұрыс-бұрысын тексеріңдер. (Дұрыс +, бұрыс –)</p> <table border="1" data-bbox="129 403 1193 743"> <thead> <tr> <th>Тапсырма</th> <th>Дұрыс</th> <th>Бұрыс</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. Жер бетінде бес мыңдай тіл бар екені анық.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2. Әр адамға ана тілі — ұлы тіл</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3. Қазіргі уақытта көп тіл білу керек емес.</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>4. Дүниежүзінде ресми тіл ретінде ағылшын, француз, италян тілдері жатады..</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>5. Заманауи озық технологиялар ағылшын тілінде.</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Дескриптор:</b> 1. Мәтіннен сөйлемдерді табады.                  2. Сөйлемдердің дұрыс-бұрысын шартты белгімен белгілейді.</p>	Тапсырма	Дұрыс	Бұрыс	1. Жер бетінде бес мыңдай тіл бар екені анық.			2. Әр адамға ана тілі — ұлы тіл			3. Қазіргі уақытта көп тіл білу керек емес.			4. Дүниежүзінде ресми тіл ретінде ағылшын, француз, италян тілдері жатады..			5. Заманауи озық технологиялар ағылшын тілінде.			<p>Бағалау</p> 
Тапсырма	Дұрыс	Бұрыс																	
1. Жер бетінде бес мыңдай тіл бар екені анық.																			
2. Әр адамға ана тілі — ұлы тіл																			
3. Қазіргі уақытта көп тіл білу керек емес.																			
4. Дүниежүзінде ресми тіл ретінде ағылшын, француз, италян тілдері жатады..																			
5. Заманауи озық технологиялар ағылшын тілінде.																			
<p>Терминдер мен неологизмдерді қатыстырып, сөйлем құрастырып жазыңдар.  <i>(мәртебе, үштілді, заманауи)</i></p> <p>_____.</p> <p>_____.</p> <p>_____.</p> <p><b>Дескриптор:</b> 1. Терминдер мен неологизмдердің мағынасын түсінеді.                  2. Терминдер мен неологизмдерді дұрыс қолданып, сөйлем құрастырады.</p>																			
<p><b>«Сұрақ-жауап» әдісі</b> арқылы мәтін мазмұнын түсінгендеріңді тексеріңдер.</p> <p>1. Қанша тіл «ең ұлы» тіл болып саналады? <i>(13 тіл);</i>                  2. Ғалымдар соңғы кезде дүниежүзінде неше тіл бар екенін анықтады? <i>(алты мыңдай);</i>                  3. Дүниедегі барлық аударма шығармаларының 15%-ы қай тілде? <i>(француз тілінде);</i>                  4. Қазіргі уақыттағы заман талабы не? <i>(көп тіл білу).</i></p> <p><b>Дескриптор:</b> 1. Мәтіннен сөйлемдерді табады.                  2. Сұрақтарға дұрыс жауап береді.</p> <p><b>ҚБ.</b> Көңіл күй одағайлары арқылы</p>	<p>Жеке таратпа қағаздар</p>																		
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>																			
<p><b>Рефлексия</b></p>  <p><b>Чемодан</b> (маған қажет)</p>  <p><b>Еттартқыш</b> (қайта қарастыру қажет)</p>  <p><b>Қоқыс жәшігі</b> (маған қажет емес)</p> <p>Өз көңіл күйлерін бейнелеген стикерге сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазу тапсырылады.</p>	<p>Жеке таратпа қағаздар</p>																		
<p><b>Үй тапсырмасы:</b>  <b>Барлығы</b> «Тіл туралы» 5 мақал-мәтел жақтау;  <b>Көпшілігі</b> «Тіл қалай пайда болды?» тақырыбына диалог құрастыр;  <b>Кейбірі:</b> «Жеті елдің тілін біл, жеті түрлі білім біл» тақырыбында эссе жазу (ойтолғау).  <b>Қазіргі кезде неге көп тіл білуіміз керек?</b></p>																			



# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

Г.Б.Мукушева, Қандыағаш қалалық № 2 ЖББ ОМ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

**Оқу мақсаты:** 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру.

Әрекеттер тәртібі	Ресурстар (мұғалім толтыру керек)	Орындалуы 10 балл
<p><b>Біл</b></p>	<p><b>БІЛГЕНГЕ МАРЖАН</b></p> <p>Мен таңсықпын тұяғы мен тұлпардың Топшысына қыран бүркіт, сұлқардың. Құмыраның қыл мойны мен қылышқа, Қашап жазған қайсар жырға іңірмін. Бақи уаңыт, Бақи тірлік, Бақи құм... Күпиясын тосып маған не қилы. Толық айды түніменен сөндірмей, Құс жолынан аспан жырын оқимын</p> <p><i>Олжас Сүлейменов</i></p>	<p>Дәптерге жазамыз. Жиырма бірінші қыркүйек Сынып жұмысы Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? Оқушылар Олжас Сүлейменовтың өлеңін мәнерлеп оқиды.</p>
<p><b>Орында</b></p>	<p><b>АЙТЫЛЫМ</b></p> <p><b>1-тапсырма.</b> Диалогті толықтырыңдар.</p> <p>— Мектебіндегі оқу жүйесін өзгерткің келе ме? — ..... — Сен армандаған мектеп қандай болуы керек? — ..... — Сабақ кестесін өзің құруға мүмкіндік берілсе, не істер едің? — ..... — Сен армандаған мектепте қандай үйірмелердің жұмыс істегенін қалайсың? — ..... — Мектепте атақты ғалымдармен кездесу өткізу саған жүктелсе, кіммен кездесу өткізер едің? Неге? — .....</p> <p><b>ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ</b></p> <p><b>2-тапсырма.</b> Сөздіктің көмегімен мәтінді оқы. Негізгі деректерді жазып ал. Мәтіндегі ақпараттарды тақырып бойынша өтілген мәліметтермен байланыстырып айт. Болжалдық сан есімдерді қолдан.</p> <p><b>Бабыл сына жазуы</b></p> <p>Біздің заманымыздан бұрын 3-мыңжылдықтың II жартысында бабылдықтар мен ассириялықтар 300-дей белгі қолданған. Кейін Бабыл сына жазуы жетілдіріліп, дыбыстық жазуға ауысты. Мазмұнына қарай Бабыл сына жазуымен жазылған жазбалар іс қағаздары, тарихи оқиғалардың қысқаша баяны, эпостық жыр жолдары, сөздіктер және т.б. болып бөлінеді</p> <p><i>И. М. Дьяконов</i></p> <p><b>Айтылым.</b></p> <p>Төмендегі тақырыптардың бірін таңда. Болжалдық сан есімдерді қолданып әңгіме құр.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мен армандайтын мектеп</li> <li>2. Фантастикалық шығарманың ерекшелігі</li> <li>3. Т.Сұлтанбеков — балалар жазушысы</li> <li>4. Инновация — тарих пен инновацияның болашақтың алтын көпірі</li> </ol>	<p>Оқушылар диалогті өз ойларымен толықтырады. Оқушылар мәтінді оқиды, деректерді жазып алады, мәліметтермен байланыстырып, сан есімдерді қолданады. Оқушылар тақырып бойынша әңгіме құрайды. Бұл бөліктегі тапсырмаларды орындауға 7 балл беріледі.</p>



<b>Жауап бер</b>	Қандай ой пайда болды? Не сезіндің? Не ұнады?	Қысқа әрі нұсқа жауап береді. Бұл бөлікте тапсырмаларды орындауға 3 балл беріледі.
<b>Кері байланыс</b>	Орындалған тапсырманы оқушы электронды пошта немесе ватсап мобильді қосымшасы арқылы жібереді.	
<b>Үй тапсырмасы</b>	Болжалдық сан есімдерді қолдана отырып бірнеше сөйлем құрау	Ауызша, жазбаша орындалады.



## Т.Айбергенов «Сағыныш» өлеңі


А.Н.Толпова, №2 Қандыағаш қалалық ЖББОМ, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы

<b>Сабақтың мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> шығарманы түсініп оқиды, идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазады.
	<b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> шығарманы түсініп, идеясын талдап, шығармашылық жұмыс жазады.
	<b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> автор стиліне сүйене отырып, шығарма идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазады және өмірмен байланыстырып өзіндік көзқарасы тұрғысынан салыстырады.
<b>Бағалау критерийі</b>	Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазады. Шығарма идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазады.
<b>Дескриптор</b>	1. Шығарманы түсініп оқиды 2. Шығарма идеясын ғаламдық тұрғыдан талғайды 3. Шығармашылық жұмыс жазады
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Шығармашылық жұмыс жазу</b> <b>Нақты тақырыпқа арналған сөздер:</b> <i>Бабалар, сағыныш, өмір, аңсау, гұлама жылдар, мәңгілік, заңғар ұлылығы, үміт, арман.</i> <b>Диалог құруға арналған тіркестер:</b> Үмітке толы, арманға толы, кеудемде бір сағыныш кернеп тұр, тұңғыық түпсіз мәңгілік.
<b>Құндылықтарға баулу</b>	«Мәңгілік ел» жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде бірлікке, ынтымақтастыққа, елжандылыққа, сағына білу. Бабалар өсиетіне беріктік, өзгенің пікірін тыңдай білуге, қайырымдылыққа тәрбиелеу.
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Қазақ тілі, тарих, өзін-өзі тану.
<b>Тақырып бойынша алдыңғы білім</b>	Т.Айбергенов «Сағыныш» өлеңі

**Сабақ барысы**

Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<b>Сабақтың басы</b>	
<p>Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал «Бір тілек»тренингі арқылы сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Санау арқылы топқа бөлу. Сабақ тақырыбы, оқу мақсаты,бағалау критерийлерімен таныстыру. <b>Үйге тапсырманы сұрау</b> <b>Т.Айбергенов өмірі мен шығармашылығы бойынша ізденіс жұмыстар.</b> <b>М.Шахановтың Т.Айбергеновке арнаған «Айбергенов шыңы» өлеңін оқып, ақынға берген бағаны анықтау «Ой шақыру», «Адасқан әріптер» әдісі</b> Тақтаға әріптер жазу. Оқушылар адасқан әріптерді дұрыс орналастыру арқылы тақырыпты анықтайды. 1. Ақынның «Сағыныш» өлеңі кімге арналған деп ойлайсындар? 2. Аталған өлеңде адамның қандай сезімдері сөз болады? 3. Осы өлеңді оқығанда қандай сезімде болдыңдар?</p>	қағаз қиындылары, маркерлер, фломастерлер
<b>Сабақтың ортасы</b>	
<p><b>Т.Ж. 1-тапсырма.</b> «Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісі арқылы өлең үзінділерінен ортақ ой үндестігін, түйін сөзді тауып талдау. Т.Айбергенов «Сағыныш» өлеңінен үзінді</p> <p>Сағындым, жаным, мен сені! Көркінді жүрген қуаныш қылып мендей ма екен бар ағаң, Шын інім болсаң, бас ұрма, жаным, өсек-ғайбатқа бораған. Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те, Адамның заңғар ұлылығын, сен, сағынышымен есепте. Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң қосыла алмайсың қатарға, Әуел әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға. Сағынбай барсаң, теңіз де сенің тебіренбес жастық шағыңдай, Бұлбұлдың даусын ести алмайсың бауларға кірсең сағынбай.</p> <p>М.Мақатаев «Сағынып, аңсап барғанда» өлеңінен үзінді</p> <p>Сағынып, аңсап барғанда, Сағынып жүрген жан бар ма? Өскен ем, өмір кешкен ем, Осынау ұлы тауларда, Осынау ойлы орманда. Еліктей жортып өскен ем, Еңіс пен қырат дөңдерде, Өскен ем,өмір кешкен ем, Өнеге тұнып зердемде, Осынау ұлы жерлерде... Армандап, аңсап барғанда, Алдымнан шыққан жан бар ма? ...Басымды ием орманға, Бұлардан ыстық жан бар ма?</p>	<p>Плакаттар түрлі-түсті фломастерлер Оқулықпен жұмыс</p> <p>Плакат, маркер</p> <p>Оқулықпен жұмыс</p> <p>Түрлі-түсті стикерлер</p>





**Дескриптор:** Екі ақынның өлеңіндегі ортақ ой мен түйін сөзді тауып ,талдайды.  
**ҚБ.** «Бас бармақ әдісі» арқылы бағалау

**ЖЖ. 2-тапсырма.** «Қос жазба күнделігі», Ақын өлеңіндегі сағыныш пен өз өміріндегі сағынышты салыстырып жазу.

Ақын сағынышы	Менің түсінігімдегі сағыныш
Ақын терең сағынышты адамдықтың ең жоғарғы сипаты деп түсінеді. Ол-жұдырықтай жүрегімен алып сағынышқа ие ақын сондықтан кең дүниеге мәңгі ғашық көзбен, шексіз сағыныш сезіммен қарайды	

**Дескриптор:** Ақын сағынышы мен өз өміріндегі сағынышты салыстырып жазады.  
**ҚБ.** «Жарайсың!», «Жақсы!», әдісімен бағалау.

**Сабақтың соңы**

Кері байланыс. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесі



**«Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесі**

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?	Не қиын болды?

А4 қағазы,  
 фломастерлер  
 кесте  
 бағалау  
 парақшалары

**Бағалау.**

**Үй тапсырмасы:** Сағыныш сезіміміз азайып бара жатқан жоқ па?..  
 Әдеби эссе жазып келу.



# Адам бақыты

*Ж.О.Тлепова, Шұбарқұдық гимназиясы, Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пәні мұғалімі*

Сабақтың мазмұны	Ресурстар
<p>Сабақтың мақсаты: Дұрыс ой, дұрыс сөз, дұрыс іс-әрекет жасағанда бақыт құшағына бөленетінін түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p><b>Білімділік:</b> өзіне-өзі сенімді бола білуге үйрету</p> <p><b>Дамытушылық:</b> айналамен қарым-қатынаста әдепті болуға шақыру;</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> іс-әрекетте ұқыптылыққа, доспен қарым-қатынаста әділетті болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Оқулық, дәптер, журнал, ұнтаспа, стикерлер, түрлі-түсті қарындаштар, ватман қағазы, бейнероликтер, доп, «Бақытты бала» төсбелгісі</p>

## Сабақтың барысы:

<p><b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b> <b>Тыныштық сәті: «Нұрға бөлену» (5 мин)</b></p> <p>Біңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізеңізге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін.</p> <p>Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын және таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты.</p> <p>Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарды. Олар нұр мен махаббат құралына айналды.</p> <p>Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуе нді ғана естиді. Нұр бірте-бірте қарқын және шұғылана бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың да жүрегі нұрға толсын.</p> <p>Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге, барлық тірі жанға таралсын... Ғаламның барлық түпкір-түпкіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде... Мен Нұрмын».</p> <p>Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз...</p> <p>Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз.</p> <p>Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет.</p>	<p>Музыка қойылады. Үй тапсырмасын тексеру.</p>
<p><b>2. Үй тапсырмасын тексеру.</b> «Бақыт» туралы әңгімелеу</p>	



<p><b>3. Дәйексөз</b> «Бақытты болашақтың ең басты негіздерінің бірі-бұл жалпыға бірдей жақсылық тілеу». 1. «Жүрегі таза адам» дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Жалпыға бірдей жақсылық тілейсіңдер ма?</p>	<p>Оқушылар өз пікірлерін білдіреді.</p>
<p><b>4. Мұғалім сыйы</b> Әңгімелеу «Бақыт дегеніміз» Бауыржан Момышұлы ▪ Автордың бақыт туралы ой-тұжырымымен келісесің бе? Неліктен? ▪ «Ар-намысты қорғау — бақыттың шыңы» деген ойын қалай түсінесің? ▪ Өзің үшін бақыт деген не? ▪ Өз бақытыңды немен байланыстырасың? ▪ Адам бақытты болу үшін бойында қандай қасиеттер болуы керек?</p>	
<p><b>5. Шығармашылық жұмыс</b> Оқушыларды әр түрлі түстер арқылы 4 топқа бөлу <i>1-топқа:</i> берілген парақтардағы мақал-мәтелдерді табу. Оқушыларға сандар жазылған парақтар беріледі, соны алфавит ретімен әріптерге айнадырады. Нәтижесінде бақыт туралы нақылсөздер шығады. <i>2-топқа:</i> «Бақыт кілті әр адамның өз қолында» тақырыбында шығарма жазу тапсырылады. <i>3-топқа:</i> «Бақытты ғаламшар» жобасын қорғау. Оқушыларға ғаламшар типтес доп, стикерлер, түрлі-түсті қарындаштар беріледі. <i>4-топқа:</i> «Бақыт іздеген бала» сахналау. Оқушылар тақырып бойынша өз ойларынан әңгіме құрастырып, оны сахналап береді.</p>	
<p><b>6. Топпен ән айту.</b></p> <p style="text-align: center;">Айжан Нұрмағамбетова «Бақыт деген»</p> <p>1. Бақыт жайлы менің мынау білгенім Бақыт деген — бірде шаттық, бірде мұң Бақыт сол тәрік етіп түндерін Бақыт іздеп азаптанса кімде-кім</p> <p style="text-align: center;"><b>Қ-сы:</b> Бақыт деген — сенің бала күндерің Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің, Бақытын да, басқасын да білмеуің, Бақытсыз-ақ ойнап — күлгенің.</p> <p>2. Бақыт деген — әркімдерде бір арман Сол арманның шыққан жері құмардан Ал мен үшін ең бақытты күндерім Бұл өмірде бақыт іздеп жүрген күндерім.</p>	<p>Әні: Б.Жұмалин Сөзі: М.Мақатаев</p> <p>Караоке мұғалім әнді оқушылар мен бірге орындайды.</p>
<p><b>7. Үй тапсырмасы.</b> Келесі сабақ: Қадыр Мырза-Әлидің «Бейбітшілік күзетінде» өлең жолдарын жаттап келу.</p>	
<p><b>8. Соңғы тыныштық сәті:</b> (Баяу музыка) Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді бойларыңызға сіңіріп, жүректеріңізге орналастырыңыздар.</p>	



# Путь в школу

Г.М.Улмагамбетова, Кандыагашская ГОСШ №4

<b>Учебные цели</b>	Знать слова, называющие транспорт и способы передвижения, объекты улицы и дорог. Применять данные слова при составлении словосочетаний: «существительное + прилагательное», «существительное + глагол»
<b>Предполагаемый результат</b>	<b>Все учащиеся смогут:</b> запомнить ключевые слова по изучаемой теме; называть новые слова и использовать их в речи; внимательно слушать, понимать речь и правильно реагировать на неё; понимать значение новых слов; участвовать в диалоге; узнавать букву Х и слышать звуки [х, х] в словах. <b>Большинство учащихся смогут:</b> составлять простые предложения с использованием в речи предлогов на, в, около; использовать в речи знакомые слова; высказывать простые оценочные суждения. <b>Некоторые учащиеся смогут (сильных):</b> создавать речевые высказывания из 2–3 предложений; определять тексты разных жанров; отвечать на вопросы и подбирать соответствующие иллюстрации; обсуждать значение новых слов.
<b>Языковая цель</b>	<b>Полиязычие:</b> путь – жол – way. <b>Основные термины и словосочетания:</b> переход – өтпежел; остановка – аялдама; тротуар – жаяужол <i>Звук-буква, слог, слово, предложение.</i> <b>Используемый язык для диалога/письма на уроке:</b> русский, казахский Расскажи о своём пути в школу.
<b>Развитие ценностей</b>	Общность истории, культуры и языка
<b>Межпредметная связь</b>	Познание мира, Казахский язык
<b>Применение ИКТ</b>	Презентация
<b>Материал прошедших уроков</b>	Учащиеся могут иметь определённую базу знаний по теме «Путь в школу» на русском языке. Буквы и звуки: Аа, Нн, Лл, Рр, Оо, Тт, й, Уу, Шш, Сс, Мм, ы, Кк, Ии, Дд, Ее, Гг, Зз, Жж, Пп, Бб. Чтение слогов, слов, предложений с предлогами.

## План урока

Запланированная деятельность	Ресурсы
<b>Начало урока (10 мин.)</b>	
<b>1. Организационный момент.</b> Приветствие учащихся на русском языке. Деление на группы Метод «Чистая доска» <b>Дескриптор №1:</b> 1. Умеют читать слоги, слова 2. Различают гласные, согласные буквы Метод «Снежный ком» С кем веселей в дороге? Сообщение темы урока.	Если с другом вышел в путь (2 раза). Веселей дорога! Без друзей меня чуть-чуть (2 раза). А с друзьями много.



<b>Середина урока</b>	
<p><b>2.Актуализация знаний.</b>  <b>(К)</b> Учащиеся рассказывают, как добирались сегодня в школу.                      Проговаривают предложения на русском языке.                      Учитель предлагает рассмотреть рисунок в учебнике.                      Что встретила Аня по пути в школу?  <b>Групповая работа</b>  <b>Дескриптор №2:</b> 1. Находят ключевые слова к картинке                      2. Аргументируют свою точку зрения, создавая инструкцию                      Как Аня запоминала свой путь? Какие знаки ей помогли запомнить свой путь? (Переход,остановка, светофор.)  <b>3. Ознакомление с новым материалом.</b>  <b>(К)</b> Работа со словарём.                      (При затруднении произношений слов на русском языке учитель сначала называет слова на казахском языке).  <b>(К)</b> Чтение по образцу. Учитель рассказывают, дети повторяют:                      «Аня вышла из дома. Перешла пешеходный переход. Прошла по тротуару мимо магазина. Перешла ещё пешеходный переход, прошла мимо двух остановок. Дошла до школы».                      Что встретила Аня на своём пути?                      (Индивидуальная работа) Рассмотрите рисунок.                      Обозначь красным кружком опасные участки пути (учитель раздаёт на группу индивидуальную схему). Послушай и запомни, как называются элементы улицы. Правильно их пронумеруй.  <b>Дескриптор №3:</b> 1. Определяют опасные участки в пути  <b>Парная работа. Задание №4</b>  <b>Дескриптор №4:</b> 1. Описывают дорожные знаки по картинке                      2. Умеют их различать</p>	<p>Учебник, задание 1.                       Учебник, задание 2.                       Раздаточный материал.                       Сюжетные картинки.   <a href="http://viki.rdf.ru/402">http://viki.rdf.ru/402</a>                       Учебник, задание 4.                       Наборное полотно, индивидуальные карточки.                       Учебник, задание 5.                       Учебник, задание 6.                       Презентация «Азбука в стихах»                      Рабочая тетрадь.</p>
<p><b>Физминутка.</b>  <b>(Ф)</b> Отработка чтения слоговых цепочек                      Прочитайте вместе с детьми закрытые и открытые слоги с ранее изученными буквами: БА, СА, РА, АР, АС,АБ.                      Чтение слоговых цепочек с учителем, в парах, индивидуально.                      (Ах-ах-ах! Эх-эх-эх!, используя разные эмоции.)  <b>(К, Ф)</b> Заучивание стихотворения про букву Х.                      Нарисуйте в воздухе, в тетради эту букву.  <b>4. Закрепление изученного материала.</b>  <b>Парная работа, Задание 7</b>  <b>Дескриптор №5:</b> 1. Умеют читать слоги, слова с буквой Хх                      Работа в рабочей тетради.                      Нарисуй в квадратах свои знаки, с помощью которых ты запомнил свой путь в школу.                      Покажи и скажи, куда идут дети.  <b>(Ф)</b> Инструктаж домашнего задания.                      Нарисовать опасные места улицы по пути в школу. Составить предложение.</p>	
<b>Конец урока (5 мин.)</b>	
<p><b>5. Итог урока.</b>  <b>(К, Ф)</b> Вспомните, чему вы научились на этом уроке, что было для вас сложным, лёгким в исполнении.</p>	



# Дастархан басындағы әдептілік

М.Улмагамбетова, Қандыағаш қалалық №2 ЖББ ОМ

Сабақтың мақсаты	А2. Қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану. Т3. Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.
Бағалау критерийі	дастарқан басындағы этикет ережелерін біледі; тұрмыста жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді.
Тілдік мақсаттар	сабақ барысында ұлттық этикет формаларын пайдаланады: төрлетіңіз, астан алыңыз, дастарқан басына келіңіз, амансыз ба
Құндылықтар	Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, азаматтық жауапкершілік, құрмет
АКТ дағдысын қолдану	Интербелсенді тақта аудиовизуалды материалды демонстрациялауға қолданылады
Өмірмен байланыс	Амандасудың, дастарқан басындағы әдептіліктің маңыздылығын ұғындыру.
Пәнаралық байланыс	өзін-өзі тану
Алдыңғы білім	ТБ2. Сөйлем.

## Сабақ барысы

Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер
<b>Сабақтың басы (10 мин.)</b>	
<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> Оқушылар «Дастарқан» әнін тыңдап, сабақтың тақырыбына болжам жасайды. Бірге қосылып ән айтады.</p> 	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=zAz3JB76pMU">https://www.youtube.com/watch?v=zAz3JB76pMU</a></p> <p>«Дастарқан» әні (2:15 мин) караоке</p> 
Сабақтың мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстыру.	



**Сабақтың ортасы (25 мин.)**

**Мағынаны тану кезеңі.**

**Тыңдалым алды тапсырма (5 мин.)**

**Ж** Оқушылар жеке жұмыс жасайды. Оқушыларға таратпа қағаз үлестіріледі. Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріп, ауызша дыбыстап айтады.

- 1 — амансыз ба, ата?
- 2 — астан алыңыздар
- 3 — төрлетіңіз
- 4 — дастарқан басына келіңіз
- 5 — тамақтан



А



Ә



Б



В




Г

**Дұрыс жауап:** 1-б, 2-в, 3-г, 4-ә, 5-а.

Мұғалім сыныпты аралап, оқушылардың сөз тіркестерді дыбыстап жатқанын тыңдап, қажет болған жағдайда, бағыт-бағдар береді. Оқушылар бір-бірін тексереді.

- Мұғалім саралау мақсатында, қолдауды аз қажет ететін оқушыларға (тапсырмасын ерте бітіріп жатқан уақытта) төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын ашу тапсырмасы беріледі:
  1. Аға әдепті болса, іні әдепті.  
Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.
  2. Әдептілік белгісі — иіліп сәлем бергені.

**Тыңдалым тапсырмасы (5 мин)**



**ЖЖ** Оқушылар «Дастарқан басындағы әдептілік» мультфильмінен 2:40–3:40 минут аралығындағы үзіндіні тамашалайды. Мұғалім алдын-ала бейнематериалды не үшін қарап, тыңдайтынын айтып кетеді.

таратпа қағаз



<https://kaztube.kz/video/216841>

Али мен Айя  
«Дастарқан басындағы әдептілік» м/ф үзінді (2:40–3:40)



Оқушылар тыңдап отырып берілген 3 сұраққа жауап белгілейді.

1. Тамақтанғанда не істеуге болмайды?

- а) сөйлесуге болмайды
- ә) асығуға болмайды
- б) күлуге болмайды

2. Мәдениеттіліктің белгісі —

- а) көңілді отыру
- ә) қатты сөйлеу
- б) дұрыс отырып, тұру

3. Мәдениетті —

- а) таза, ұқыпты, білімді, ақылды
- ә) тәрбиелі, өнегелі
- б) білімді, жеңімпаз

Дұрыс жауап: 1-ә, 2-б, 3-а.

Оқушылар жауаптарын дұрыс жауаппен салыстырады.

**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма (15 мин.)**

**ТЖ Дубляж жасау — диалог құру**

Оқушылар топта мультфильмнің үзіндісіне дубляж жасайды. Оқушылар тыңдалым алды тапсырмасындағы сөздерді қолдану арқылы бейнематериалды дыбыстайды.

Әр топқа бейнематериалдан скриншот арқылы жасалған суреттер үлестіруге болады. Оқушылар топта өзара рөлдерді бөліп, дайындалады. Әр топта тайм-менеджер уақытты қадағалап отырады. Топтар сынып алдына шығып, дыбыссыз қосылған мультфильмдегі үзіндідегі кейіпкерлерді дыбыстап, сөйлетеді. Мұғалім алдын ала қай топ кімді бағалайтынын айтып кетуі керек. Әр топтың жұмысын бағалау критерийге сай бағалайды.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
		Оқушы	
А2. Қазақша аман-дасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану	№3	меңгерген сөздер мен сөз тіркестерді қолданып, бейнематериалды дыбыстайды;	1
		дастарқан басындағы этикет (өзін ұстау, отыру) ережелерін біледі;	1

(оқушылар жұмысты бағалау критерийлерін өздері құрастыруы мүмкін)  
Бірін-бірі бағалау.

**Рефлексия (5 мин).**

«5 минуттық жазу» стратегиясы арқылы оқушылар меңгерген білімдерін жинақтап жазады. Жребий арқылы оқушылар рефлексия жасайды.

Төмендегі сұрақтарды қолдау ретінде ұсыныға болады.

- Не білдім, не үйрендім?
- Бұл не үшін керек?
- Оның қолданысы қандай?
- Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын?
- Тағы да не білгім келеді?

Мұғалімнің кері байланысы.

**Үй тапсырмасы:** «Дастарқан басында нені ескеру қажет?» тақырыбында шағын эссе жазу.







## «ТӘРБИЕШІ ЖАЗБАЛАРЫ»

### «Құммен ойын»



**А.Т.Абдыкова,**  
«Күншуақ» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі,  
Ақтөбе облысы,  
Мұғалжар ауданы,  
Қандыағаш қаласы

**Мақсаты:** балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдері мен таныстыру. Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдалана отырып, балықтардың бейнесін жасауға үйрету. Әсемдікті бағалай білуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** әңгімелеу, түсіндіру, ойын, дәстүрден тыс сурет салу, қызықтыру, сұрақ-жауап, мадақтау.

**Құралдар:** балықтың муляждары, балықтың, аквариумның суреттері, балықтың сұлбасы бейнеленген қағаз, құм, сүрткіш.

**Билингвалды компонент:** балық – рыба, құм – песок.

#### Шаттық шеңбері:

Армысың — Алтын күн!  
Армысың — Көк аспан!  
Армысың — Жер ана!  
Армысың — Абзал адам!  
Армысың — Достарым!

Здравствуй, солнце золотое!  
Здравствуй, небо голубое!  
Здравствуй, матушка земля!  
Здравствуй ты, здравствуй я!

#### Жұмбақ:

Аузы бар тілі жоқ  
Терісі бар жүні жоқ  
Қанаты бар ұшпайды  
Су астында қыстайды

Ол не?

Балық балалар дұрыс айтасындар

Балалар кәне біріміз суретке қарайықшы не көріп тұрмыз?

Кім айтады балықтар қайда өмір сүреді?

Дұрыс балалар суда, көлде, өзенде өмір сүреді.

**Тәрбиеші:** Балалар біз бүгін табиғат бұрышында тіршілік ететін аквариумдағы балықтарды бақылаймыз. Аквариумда түрлі балықтар бар екен, олар сусыз тіршілік ете алмайды екен. Қане балалар, аквариумдағы балықтардың түстерін атап көрейікші.

**Балалар:** Сары, қызыл, жасыл, көк түсті екен.

**Тәрбиеші:** Балықтың пішіні сопақша болады екен.

**Тәрбиеші:** Балалар, аквариумдағы балықтар секілді түбіндегі ерекшеліктерді, түрлі түсті ракушка мен су көпіршіктері мен түрлі балдырлармен саусақтарыңды жаттықтырып өтейік.

**Балалар:** массажды сыйлықтарын қуана алып, жаттығулар жасауға кіріседі.

#### Саусақ ойыны:

1. «Құмдағы іздер» Ойын барысы. «Балалар алақандарымен құмды күшпен басады. «Қояндар секіреді» — саусақтардың ұшымен құмның бетінде әртүрлі бағытта қозғалады. «Жыландар қозғалады» — балалар босаңсыған-созылған саусақтарымен құмның бетін толқынды өтеді (әртүрлі бағытта). «Өрмекші қоңыздар жүгіреді» — балалар барлық саусақтарын жәндіктердің қозғалысына еліктейді (қолымен құмға толығымен батырып, із қалдырады). «Балықтар» — құмға балықтың суретін салады.

2. «Балықтарға көмек береміз» Құмдағы жасырынған тас пен ракушкалар құмның ішінен іздеп тауып алып, ыдысқа жинайды. Жиналған тастар мен ракушкаларды балықтарға сыйға береді. — аквариумдағы балықтармен дос болу үшін, балықтардың суретін салып береміз.

**Тәрбиеші:** Балалар, мұнда қағаз бетіне салынған балықтар, олар қандай түсті?

**Балалар:** Олардың бәрінің түстері жоқ.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасындар, олар түссіз — Енді бәріміз сиқырлы түрлі-түсті құмды қолдана отырып, құмның көмегімен балықтарға түстерін енгізіп береміз.

**Сурет салу әдіс-тәсілі:** Сары, көк, қызыл, жасыл түсті құмның көмегімен, балықтың суретін бояймыз. (Төрт топқа бөлінген балалар, төрт түрлі түспен балықты бояймыз).

**Жеке жұмыс.**

**Тәрбиеші:** Енді балықтың суреті салынған қағазға желім жағып, үстіне құм сеуіп, қағазды қатты басып, балықтың сұлбасын шығарамыз (артық қағаз бетіндегі құмды ыдысқа саламыз). Сергіту сәті: «Судағы достар» (әуен арқылы саусақ қимылдарын орындайды)

— Айша сенде қандай түсті балық пайда болды?

**Айша:** Менде қызыл түсті алма пайда болды.

**Тәрбиеші:** Балалар, енді балықтарыңды аквариумдағы балықтарға сыйға тартайық, келісе-сіздер ме?

**Балалар:** Әрине, сыйлағымыз келеді.

**Қорытынды бөлімі — рефлексия.**

**Тәрбиеші:**

— Балалар бүгін біз не туралы сөйлестік?

— Балықтар қайда өмір сүреді?

**Балалар:**

— Балықтар тіршілік етеді.

— Суда өмір сүретіндерін айтады.

**Тәрбиеші:**

— Қандай түстерді білесіңдер?

— Балықтың пішіні қандай?

**Балалар:**

— Сары, қызыл, көк, жасыл түстер.

— Сопақша пішін.

**Тәрбиеші:**

— Жарайсындар балалар, керемет.

**Күтілетін нәтиже.**

**Ұғынады:** Балық туралы түсінік

**Түсінеді:** балық қайда өмір сүреді немен қоретенеді сол жайлы түсінеді

**Қолданады:** балық туралы жұмбақ сергіту сәтін қимылмен жасайды.

## «Қоянның үйшігі»

**Б.К.Ауелбаева,** №3 «Гүлдер»

Алға балалар бақшасының тәрбиешісі,

Ақтөбе облысы, Алға қаласы

**Мақсаты.** Балаларды ертегіні сахналауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағын келтіруге үйрету. Кейіпкерлердің іс әрекетін бағалауға, мейрімділікке, достыққа тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**Шаттық шеңбері.**

Қуан, шаттан, алақай,

Қуанатын күн келді.

Қайырлы таң, қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін!

Жарайсындар балалар.

**Тәрбиеші:** Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын сендер жұмбақтың жауабын табындар.

Қар еріді, су ақты,

Күндер туды шуақты.

Байтақ дала келбеті,

Түкті кілем сияқты

Бұл қай мезгіл деп ойлайсындар?

**Балалар:** Көктем.

**Тәрбиеші:** Балалар Қазір жылдың қай мезгілі?

**Балалар:** Көктем

**Тәрбиеші:** Балалар біреу келген сияқты кім екен ол қарайықшы.

Бізге хат әкеліп кетіпті қане ашып көрейік.

Салеметсізбе мен Машамын мен туралы ертегілерде көрген боларсыз мен далаға серуендеуге шыққанда мені мыстан кемпір ұрлап кетті мені құтқарыңыз дейді.

**Тәрбиеші:** Балалар Машаны құтқаруға көмектесеміз бе?

**Балалар:** Ия

**Тәрбиеші:** Олай болса бәріміз орманға барайық. Мыстан келеді. Балалар сендер не істеп жүрсіндер орманда?

**Тәрбиеші:** Мыстан апай біз Машаны іздеп келдік сіз Машаны қамап қойыпсыз ғой.

**Мыстан:** Ааа-ха-ха-ха, Маша орманда жалғыз жүр екен сол себепті оны ұрлап кеттім.

**Тәрбиеші:** Мыстан апай сіз Машаны жіберіңізші.

**Мыстан:** Менің айтқан тапсырмамды орындасаңдар ғана мен Машаны босатамын. Орын-



даған тапсырмаларың көңілімнен шықпаса Машаны босатпаймын және мына тұрған сендер де мәңгілікке менің қасымда қаласыңдар осыған келісесіңдер ме?

**Балалар:** Жарайды келістік

**Мыстан:** Мен ертегілерді жақсы көрем.

Маған ертегі сахналап беріңдер.

Балалар сендер қандай ертегілер білесіңдер?

**Балалар:** «Бауырсақ», «Шалқан», «Үйшік» «Қоянның үйшігі» т.б

**Тәрбиеші:** Балалар осы ертегілердің ішінен «Қоянның үйшігі» ертегісін өнерімізді салып сахналап берейік. Мыстан кемпірдің көңілін табайық. (Балалар ертегі кейіпкерлерінің ролдерін сомдайды).

**Автор:** Ерте, ерте, ертеде орманда Түлкі мен Қоян өмір сүріпті олар дос болыпты. Түлкінің үйшігі мұздан, Қоянның үйшігі ағаштан болыпты. Олар өз үйлерінде өмір сүріп жатады.

Көктем келіп күн шығады. Күн мен таудыда, қырдыда ерітемін дегенде түлкінің үйшігі еріп кетеді. Бойы мұздаған түлкі қоянға келеді.

**Түлкі:** Қоян, қоян мені үйшігіңе кіргізіші, жылынып алайын!

**Қоян:** Жоқ, жоқ.

**Түлкі:** Біздің қоян ақкөңіл, біздің қоян тамаша.

**Қоян:** Жарайды келе ғой.

**Автор:** Қу түлкі осылай қоянның үйшігіне кіріп алып, қоянды қуып шығады.

Қоян жылап келе жатып итке кезігеді.

**Ит:** Ауф,ауф қоян неге жылап келе жатсың?

**Қоян:** Неге жыламайын түлкінің мұз үйі еріп кетіп,менің жылы ағаш үйімді тартып алды.

**Ит:** Жылама қоян жүр екеуміз түлкіге барайық. Ауф, ауф түлкі шық қоянның үйінен.

**Түлкі:** Шықпаймын мен шықсам сендерге жақсы болмайды.

**Автор:** Түлкінің дауысын естіген ит қашып кетеді. Қоян енді қайттім деп тағыда жылай бастайды. Алдынан аю шығады.

**Аю:** А-а-а, Қоянау не болды, неге жылайсың?

**Қоян:** Жыламағанда қайтем? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп менің жылы үйімді тартып алды.

**Аю:** Жылама қоян жүр екеуміз түлкіге барайық. Түлкі шық қоянның үйінен.

**Түлкі:** Шықпаймын мен шықсам сендерге жақсы болмайды.

Түлкінің дауысын естіген аю қашып кетеді. Амалы құрыған қоян тағы жылай бастайды.Алдынан этеш шығады.

**Этеш:** Қоян,қоян неге жылап отырсың?

**Қоян:** Жыламағанда қайтем? Түлкінің мұз үйі еріп кетіп, менің жылы, ағаш үйімді тартып алды.

**Этеш:** Жылама қоян жүр екеуміз түлкіге барайық.

**Қоян:** Жоқ қуып шыға алмайсың! Итте қуа алмады, аюда қуа алмады. Енді сенде қуа алмайсың.

**Автор:** Этеш пен Қоян үйшікке келеді. Этеш әндете айқайлай бастайды.

Шөп шабамын, шөп шабамын,

Түлкіні іздеп табамын

Қоянның үйінен шықпаса,

Түлкіні де шабамын!

**Автор:** Түлкі қорқып кетіп қазір шығамын, тonymды киіп жатырмын деп қоянның үйшігінен қаша жөнеледі. Сөйтіп қоян батыр этештің көмегімен қайтадан өз үйшігінде тұра бастайды.

**Мыстан:** Балалар сендердің ертегілерің маған ұнады мен сендерге Машаны әкеліп берейін мыстан Машаны алып келіп балалармен қоштасып кетеді.

**Тәрбиеші:** Балалар біз Машаны мыстан кемпірден құтқардық. Жарайсыңдар балалар. Сендер мыстанның тапсырмаларын орындадыңдар.

#### Сергіту жаттығуы. «Топ топ балақан»

Олай болса біз ойын ойнайық.

#### Д.О. «Қай ертегінің кейіпкері»

#### Д.О. «Көлеңкесін тап»

**Тәрбиеші:** Сұрақ жауап арқылы ұйымдастырылған оқу қызметімізді қорытындылайық.

— Мыстан кемпір сізге балаларымызың сахналаған ертегісі ұнады ма?

**Мыстан:** Қандай жақсы ертегі мен бұл ертегіні бұрын естімеген екенмін. Түлкінің қоянға жасаған опасыз іс-әрекетіне ашу ызамның келіп тұрғаны. Балалар мен орманнан әлгі қашып жүрген түлкіні тауып алып сазайын берейін. Ұмытып барады екем Машаны босатайын. Сендерге рақмет ,мені осындай ертегімен таныстырғандарың үшін.

**Тәрбиеші:** Балалар «Қоянның үйшігі» ертегісінде қандай кейіпкерлер бар?

**Балалар:** Қоян,этеш,түлкі,аю,ит.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар!



## Аққала



**А.Т.Аябергенова,**  
«Күншуақ» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі,  
Ақтөбе облысы,  
Мұғалжар ауданы,  
Қандыағаш қаласы

**Мақаты:** Қыс көрінісі. Қыс мезгілінің ерекше құбылыстарымен таныстыру. Сурет салуға деген қызығушылықтарын ояту. Дәстүрден тыс әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, сурет салуға ынталандыру. Сурет салудың барысында балаларға әсемдікті бағалай білуге, таза, ұқыпты орындауларына үйрету. Қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс бағдарлай білуге, жоғары-төмен, шеңберді сыза білуге, бояу әдістерін үйрете отырып саусақ икемдерін шыңдау. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, ойын, дәстүрден тыс сурет салу, шығармашылық тапсырма, сұрақ-жауап, мадақтау.

**Көрнекілік:** Суреттер, қыс көрінісі, аққаланың суреті.

**Құралдар:** қағаз, бояу, қылқалам, май шам.

**Билингвалды компонент:** аққала – снеговик.

Қане балалар ендеше қолымызды біріктіріп бір-бірімізге жылу сыйлайық.

### Шагтық шеңбері:

Армысың — Алтын күн!

Армысың — Көк аспан!

Армысың — Жер ана!

Армысың — Абзал адам!

Армысың — Достарым!

**Өлең:** Бір топ бала далада, Қардан соқты аққала. Мұрын сәбіз үп-үшкір, Көзі көмір қап-қара.

— Бұл өлең не туралы айтылып тұр?

Ол не? (Аққала)

— Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Жарайсыңдар. Қыс мезгілінде біз қандай құбылыстарды көре аламыз? Қазір ауа-райы қандай? Суреттермен түсіндірме жұмысын жасау. Қыс мезгілінде қатты аяз болады екен терезелерге қырау түсіп түрлі өрнектер

пайда болады екен. Қыс мезгілінде күннің салқындығына қарамай далада аққала жасап, қармен ойын ойнаймыз. Маған қарды сипаттап беріңіздерші.

— Қардың түсі қандай?

— Суреттен көріп тұрғандай дала қандай түске болялды?

— Балалар не істеп жатыр?

— Аққала неден жасалды?

— Аққала неше бөліктен тұрады?

Ендеше балалар ойын ойнайық.

**Логикалық ойын: «Қолғаптарды құрастыр»**

**Ойын шарты:** бірнеше бөлікке бөлінген қолғапты түстеріне, өрнектеріне қарай құрастырып әрі сыңарын табу.

**Қос тілдік компонент.** Қыс – зима, қар – снег, аққала – снеговик.

Ендеше балалар, біз ақ қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып аққаланың суретін салып алайық.

— Қане балалар алдыменен дөңгелек пішінді ауада салып алайық.

— Аққала салу үшін қандай пішін саламыз?

— Неше шеңбер саламыз?

— Орналастыру тәртібі қандай?

Балалармен әңгіме құрастыру. Сұрақтарға жауап алу. Әртүрлі құралдармен дәстүрден тыс әдісімен сурет салу. Қағаз бетіне шеңберді пайдаланып, балауыз шаммен аққаланың сұлбасын бейнелеп аламыз. Аққаланың қолын, сыпырғысын, басын, қалпағын бейнелеп аяқтаймыз. Оны көк түсті бояумен бояймыз. Балаға үлгіні көрсетіп, түсіндіріп болғаннан кейін өз беттерінше жұмыс жасауға тапсырма беру.

### Сергіту сәті.

*Боран соқты оң жақтан,*

*Боран соқты сол жақтан,*

*Қар лақтырып ойнасақ,*

*Су болды қолғаптар.*

Дайын болған суреттерді өзара талдау жасау, мадақтау, көрмеге қоюға ұсынады.

### Дидактикалық ойын: «Аққала құрастыр»

**Ойын шарты:** әртүрлі қиып дайындалған геометриялық пішіндерден арасынан дөңгелек пішіндерді үлкенінен кішісіне қарай аққала құрастыру.

### Қорытынды бөлімі.

#### Тәрбиеші:

— Балалар бүгін біз ненің суретін салдық?

— Қазір қандай жыл мезгілі?

— Қар өзі қандай?

— Аққала неден жасалады?

— Аққаланың пішіндері қандай?

**Балалар:**

— Аққаланың суретін салдық.

— Қыс мезгілі, ақ түсті, салқын, ылғалды, ұстасаң ериді.

— Аққаланың пішіндері дөңгелек.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар, керемет.

**Күтілетін нәтиже.**

**Біледі:** Қыс мезгілінің ерекшелігін, қарды сипаттай біледі.

**Игерді:** шаммен сурет салу, түстерді ажыратуды, сызықтарды жүргізуді игерді.

**Қолданады:** Аққаланың қандай пішінде болатынын және орналасу тәртібін, неден жасалатынын меңгерді.

трических фигур. Упражнять в счёте звуков на слух, соотносить с числом Развивать память, речь, логическое мышление, воображение, образное мышление, познавательную активность. Воспитывать умение прийти на помощь, дружеские взаимоотношения.

**Предварительная работа:**

1. Чтение художественной литературы.

2. Рассмотрение иллюстрации, репродукции по русским народным сказкам.

**Демонстрационный материал:** квадрат, треугольник, прямоугольник, круг, овал, письмо.

**Раздаточный материал:** прямоугольник, квадрат, треугольник, круг, овал

**ХОД ЗАНЯТИЯ.****1. Вводная часть.**

**Воспитатель:** Ребята, я очень рада вас видеть. Встаньте пожалуйста, полукругом.

**Разминка:**

*Раз нагнуться, потянуться*

*Два нагнуться, разогнуться*

*И друг другу улыбнуться*

— А теперь посмотрите на наших гостей и подарите улыбку им.

*Три в ладоши три хлопка*

*Головою три кивка*

*На четыре руки шире*

*И на пять — шесть тихо сесть.*

— Молодцы! Садитесь на свои места.

**2. Формирование мотивационной основы.**

**Воспитатель:** Ребята, вы любите сказки? Давайте вспомним русскую народную сказку «Теремок» и пригласим ее к нам на занятие по математике.

**Воспитатель рассказывает:** Стоит в поле терем-теремок. Он не низок, не высок (*выставляет картинку*). Бежит мимо Мышка-норушка (*карточка*), увидела теремок, остановилась и спрашивает: «Терем-теремок! Кто в тереме живет?» А волшебный голос из теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

**3. Повторение изученного ранее материала.****Задание №1.**

1. «Сколько ёлочек растёт возле теремка?» (счет до 4).

2. Посчитайте сколько тучек над теремком летает? (счет до 3)

3. Сосчитай овощи на грядке / которая по счету (счет до 5)

## «Теремок»

Открытое занятие  
по математике по мотивам  
русской народной сказки  
(старшая группа)



**А.М.Абилгазина,**

*«Күншуақ» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі,  
Ақтөбе облысы,  
Мұғалжар ауданы,  
Қандыағаш қаласы*

**Цель:** Закрепить навыки счета в пределах 5. Закрепить умение различать прямоугольник и квадрат.

**Интеграция образовательных областей:** «Познание», «Коммуникация», «Здоровье», «Физическая культура».

**Программные задачи:** Продолжать формировать представления количественного и порядкового счета в пределах 5, закреплять умение отвечать на вопросы: Сколько? Который по счету? На каком месте? и т.д. Формировать умение соотносить количество предметов с числом. Закрепить знание геоме-



**Воспитатель:** Вы, ребята, молодцы, правильно сделали все, поэтому двери волшебного теремка открыты для Мышки. Вошла Мышка в теремок и стала в нем жить.

Прискакала к теремку Лягушка-квакушка, остановилась и спрашивает: «Терем-теремок! Кто в тереме живет?» А волшебный голос у теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

А задание будет такое:

### Задание №2.

1. Ребята, посмотрите у меня здесь карточки с цифрами от 1 до 5 (я раздаю ребятам карточки с цифрами, затем показываю 5 домиков, на каждом домике своя цифра, ребята должны попасть в домики с той цифрой, который у них, пока играет музыка дети бегают, как только закончилась музыка, каждый должен встать к своему домику, а потом всем меняем цифры и дальше продолжаем и так три раза играем).

**Воспитатель:** Стоит в поле теремок, бежит мимо Зайчик-побегайчик. Увидал теремок и спрашивает:

- Терем-теремок! Кто в тереме живет?
- Я Мышка-норушка!
- Я Лягушка-квакушка!
- А я Зайчик-побегайчик. Пустите меня к себе жить!

Не успели звери ответить, а волшебный голос у теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

### Задание №3.

Каждому ребёнку даём по конверту в которых находятся геометрические фигуры, из этих геометрических фигур дети должны собрать портреты зайчиков.

#### Вопросы:

- Какая фигура, как голова получилось?
- А туловища вашего зайчика какая фигура?
- Уши из каких фигур состоят?
- Ножки из каких фигур?
- Лапки это какие фигуры?

#### Воспитатель:

- Посмотрите ребята, ваши зайчики разного цвета, а почему? (серого, белого)
- Белыми зайчики, когда бывают?
- Серыми, когда бывают?
- Почему?
- Зайчик благодарит вас за то, что собрали портреты. И остаётся жить в нашем теремочке.

**Воспитатель:** Прибежал к теремку Волчок-серый бочок. Остановился и спрашивает:

- Терем-теремок! Кто в тереме живет?»
- Я Мышка-норушка!
- Я Лягушка-квакушка!
- Я Зайчик-побегайчик! А ты кто?
- Я Волчок-серый бочок! Пустите меня к себе жить!

Не успели звери ответить, а волшебный голос у теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

### Задание №4. «Разложи (овощи) урожай по полкам».

**Воспитатель:** Поможем Волку?

- а) 1 гриб положите на верхнюю полку.
- б) 2 клубнички на нижнюю полку.
- в) сколько нужно добавить грибов, чтобы получилось поровну с клубничками?

Все разложили правильно, двери волшебного теремка открылись для Волка. Вошел Волчок и стал в нем жить.

**Воспитатель:** Прибежала Лисичка-сестричка к Теремку, спрашивает:

- Терем-теремок! Кто в тереме живет?
- Я Мышка-норушка!
- Я Лягушка-квакушка!
- Я Зайчик-побегайчик!
- Я Волчок-серый бочок! А ты кто?
- А я Лисичка-сестричка, пустите к себе жить.

Не успели звери ответить, а волшебный голос у теремка отвечает: «Теремок откроет свою дверь только тому, кто выполнит все мои задания».

### Задание №5.

Сколько зверей в Теремке? Кто первый прибежал? Кто последний? Кто после зайца? Кто прибежал перед лисой?

**Воспитатель:** Дверь теремка и открылась для Лисички. Стали звери дружно жить да поживать.

Ребята, а кого-то не хватает в теремке (медведя). Вот он пришёл, не ломать теремок, а принёс нам задания. Мы сейчас прощаемся с гостями, а вы возьмете свои карандаши и выполните задание нашего мишки хорошо.

### Итог занятия.

**Воспитатель:**

- Сколько героев в этой сказке?
- Кто помог зверям попасть в теремок?
- Конечно же, вы и ваши знания!



# «Жыл басына таласқан хайуанаттар»


(Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен өткізілген топтық сабақ)

**Ж.А.Даулетова**, №3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасының логопеді, Ақтөбе облысы, Алға қаласы

**Мақсаты:** Балаларға жыл атаулары туралы түсіндіру. Тыңдаған ертегілерінің мазмұнын қысқаша әңгімелей білуге үйрету, Қойылған сұраққа толық жауап бере білуге дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу тілдерін жетілдіру. Балаларды достыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Ертегі желісіне байланысты сурет, жануарлардың суреттері

**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын түрлері.

Логопедтің іс әрекеті	Балалардың іс-әрекеті:
<b>Мотивациялық қозғаушы кезең</b>	
<p>Шаттық шеңбері. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де Қуанатын күн бүгін Қуанайық бірге!</p>	<p>Балалар логопедпен бірге шаттық шеңбер сөздерін бірге қайталап қимыл қозғалыспен жаттығу орындайды</p>
<b>Іздену ұйымдастырушылық кезеңі</b>	
<p>— Балалар бүгін біз «Жыл басына таласқан хайуанаттар» деген ертегімен танысамыз. Бұл ертегімен таныса отырып, сендер осы жыл атауларының қайсысында туылғандарыңды білетін боласыңдар. Тыңдауға әзірміз бе?</p> <p><b>Ой шақыру:</b> — Балалар мына суреттегі жан жануарларды білесіңдер ме? Бұлар ненің қасында жиналған? Хайуанаттар бекерден бекер бұл жерге келіп тұрған жоқ, олар жыл басы болуға таласып дауласып тұр екен. <i>Логопед ертегіні сурет желісі бойынша түсіндіреді.</i> — Жылқы айтыпты: Мен алысты жақын қыламын. Күшімді болса көреді, сүтімді болса ішеді, Қылымнан арқан жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл басы мен боламын. Сонда түйе оған: Мен сен көтере алмайтын ауыр жүктерді көтеріп, алыс жерлерге апарамын. Аштыққа, шөлге шыдамдымын. Жыл басы болуға мен лайықтымын! — деді... (осылайша ертегі жалғастырылады) — Балалар сиырдың адамдар үшін қандай пайдасы бар? Ертегі желісін түсіндіру кезінде балаларға сұрақтар қойылады.</p> <p><b>Ойын: «Қай жануар жоқ?»</b> <b>Ойынның мақсаты:</b> балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту.</p>	<p>Балалар жаңа ертегімен танысқысы келетіндіктерін айтады. Түйе, жылқы, сиыр, барыс, тауық, мешін, жылан, тышқан, ит, ұлу, доңыз, қой деп балалар өздеріне таныс жануарлар атауларын айта бастады. Жануарлар таудың баурайында жиналған. Балалар ертегіні мұқият тыңдады.</p> 



<p><b>Сергіту сәті.</b>          Жылды қарап тұралық,          Ойын сауық құрайық.          Бұрын көрген батырды,          Жыл басы деп ұғайық.          Тышқан қулық ойлайды          Келіспеске қоймайды,          Шығып алып түйенің,          Өркешімен ойнайды</p>	<p>Сиыр адамдарға сүт, ет береді. Адамдар сүттен айран, май, құрт, ал терісінен киім, аяқкиім дайындайды.          Ойынды балалар қызығушылықпен ойнады          Сергіту жаттығуын қимыл қозғалыспен орындады</p>
<b>Рефлексстік түзету кезеңі</b>	
<p>— Соны мен балалар ертегі сендерге ұнады ма?          Бүгінгі оқу қызметімізде қандай ертегімен таныстық ?          — Біздің ертегімізде кездескен хайуанаттарды атаңдаршы?          — Осы ертегіде бойына сеніп жылдан құр қалған қандай жануар?          — Енді өздеріңнің қай жыл атауында дүниеге келгендеріңді білгілерің келе ме? (балалардың қолдарына жануарлар суреті беріледі) үйлеріңе барған соң ата аналарымызға көрсетіп бүгінгі танысқан ертегімізді айтып берулеріңе болады.          Аяжан сен қай жыл атауында дүниеге келгенсің?          Балаларды мадақтау.</p>	<p>Ертегінің аты «Жыл басына таласқан хайуанаттар»          Сиыр, жылқы, қой т.б атауларын балалар атап бере алды.          Мен тауық жылы туылғанмын.          Балалар қолындағы суреттер бойынша өзінің қай жыл атауында дүниеге келгенін атап шықты.</p>
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	
<p>Білу тиіс: Жыл аттарын білу керек.          Үйрену керек: Тыңдаған ертегілерінің мазмұнын қысқаша айта білуді, кейбір жануарлардың адам үшін маңызын, жануарлардың дауысын сала білді.</p>	



## Балам жақсы болсын десеңіз...



**М.Е.Есенгелдиева, №1**  
*«Еркетай» бөбекжай  
 балабақшасының  
 тәрбиешісі, Ақтөбе  
 облысы, Алға ауданы, Алға  
 қаласы*

сезімдерін көтеруге, оның мүдделерін дамытуға көмектесуді ойласақ, онда тәрбиелеу үлкен мәселе болып табылмайды. Бірақ баламен жұмыс жасау, тәрбиелеу, мәдениет қалыптастыру тіптен оңай емес. Сиқырлы ешқандай жолы жоқ. Баланы тәртіпке келтіретін немесе тәрбиелейтін әдістер отбасыңызды басқалардан өзгешелейтін сол барлық ерекшеліктерге байланысты. Тәртіп — бұл балаға сіз қалаған нәрселерді жасату дегенді білдірмейді. Сіз баланы «жақсы» болуға мәжбүрлей алмайсыз; әрине, кейбір балалар айғай мен шапалақтардан кейін қорыққанынан сізге ұнамайтын нәрсені жасауды доғарады. Бірақ бұл күштеп, қорқыту сынды әрекет болып табылады.

Ата-аналары балаларына қарауға үнемі қолдары тимей өз істерімен ғана шұғылданса, ұрыс-керіс немесе қиын уақыттарды бастан кешкен бала

**Б**із «тәрбие» деген сөздің астарында балаға өз-өзіне көмектесуге септігін тигізу, басқалармен өмір сүруді және ойнауды үйрету, барлық жаңалықтарды абайлап зерделеуге, өз





тәртібі дұрыс болмай тілазар болады. Жұмыс жасайтын көп ата-ана сол себепті балабақшаға, яғни тәрбиеші қолына береді. Балалар ата-аналардың, тәрбиешілердің, үлкен адамның мінез-құлқын қайталайтынын есте сақтау маңызды. Бұл жауапкершілікті барынша сезіне отырып ата-ана да, тәрбиеші де өзің қалай ұстайтындығыңызға назар аударуы қажет, себебі балалар барлығын тез қабылдап, көргенін қайталауға тырысады. Менің айтар келесі кеңестер балаларды тәрбиелеу мәселелерін шешуге, тәрбиеге көмек береді.

**Ұрысу орнына неғұрлым көбірек мақтап, жылы сөйлеу қажет.** Тәрбие берудің өзі қарапайым сөзден басталады. Кішкентай балалар мақтап-мадақтағанды жақсы көреді, оларға назар аударғанды ұнатады. Егер балалардың сізге ұнайтын мінез-құлықтарын ынталандырсаңыз, бала сізге жағу үшін одан да көп тырысатын болады. Ата-аналардың балаларын құшақтауы, қолпаштауы, күлімсіреп қарауы, не істеп жатқандарына қызығушылық білдіруі, бұның барлығы балаға ең үлкен марапат әрі ынталандыру болып табылады. Осы іс-әрекеттер арқылы бала өз жауапкершілігін сезініп, алға ұмтылуға тырысады.

**Баланың мінезін қалыптастыруды түсіндіру.** Баланың бастысы мінез-құлығын қалыптастыруда жігерлі, өте ширақ балалар «ұстамды бол», «тыныш», «күте тұр» және т.б. сияқты сөздерді түсінбейді. Оларға біз айтып отырған нәрсені ұғынуға уақыт беруіміз қажет, өз мысалымызбен, қарапайым іс-әрекетпен оны қалай жасау керектігін көрсету және баламен бірге қажетті іс-шараларды жасай отырып жаңа білімді бекітеміз және осылайша балаға жаңа мінез-құлықты қалыптастырамыз.

**Балаға шектеу қоя білу.** Балаға рұқсат етілген мінез-құлықтың нақты шектерін белгілеп, балаға айту қажет. Егер балаға барлық жасаған қылықтарына үшін шектеу болмаса, баланың ортаға деген мәдениеті, мінез-құлқы өзгереді. Сол себепті, балабақшада тәрбиешілер бала тәрбиесінде көп жұмыстар атқарады. Қарапайым ойыншық ойнау ережесін де түсіндіреді.

**Баламен келісу.** Баланы өзіміз қалаған кезде тамақ ішуге, ұйықтауға және дәретханаға баруға мәжбүрлей алмаймыз. Шектен тыс айтқанды орындату кезінде бала тарапынан сізді тыңдауға қол жеткізе алмай қаламыз. Балаларда қажетті мінез-құлықты қалыптастыру және баламен алдын ала келісе білу жанжалдарды азайтуға және баламен қарым-қатынасты реттеуге септігін тигізеді.

**Баланың назарын жағымды нәрсеге ауыстыру үшін көңілін аулау.** Әдетте кішкентай баланың назарын біз ұнатпайтын нәрседен жағымды іс-әрекетке аудару оңай. Назарын басқа нәрсеге ауыстыру сіз «бас тартты» дегенді білдірмейді, бірақ оның таңғаларлық жағымды жағы да бар. Егер бала теледидардағы батырмаларымен ойнаса, оған ойын үшін ескі қалта шамды ұсынып немесе теледидарды көрейін дегенде, баладан оны қосуды сұрау қажет. Осы кезде бала өзі әрі қарай ізденуге, ата-ана мен бала, тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға болады. Егер қыз бала косметикамен ойнағысы келсе, оған басқа сөмкеге салып, әртүрлі құтылар мен қорапшаларды беріңіз.

**Маңызды нәрселерде табандылық таңытыңыз.** Балаға ұрысып, оның мазасын алу қажетті нәтиже бермейді. Кішкентай балалар «егер теледидарға тиісуді тоқтатпасаң, мен сені жазалаймын» деген сөздерді тұрақты түрде естіп тұрса, олар бұл сөзді елемеуге тез үйренеді, себебі олар үшін бұл сөздер іс жүзінде ештеңені білдірмейді. Уақыт өте келе баланың құлағы үйренген, күнделікті сөз болып қалады. Сондықтан түсіндіруді, өз үлгіңізбен көрсетуді және келісуді үйрену, сондай-ақ өз шешімдерінде дәйекті және табанды болу маңызды.

Осы жоғарыдағы кеңестер арқылы барша ата-ана да, тәрбиеші де қазіргі бүлдіршіндерге, болашақ ұрпаққа үлкен өнеге, тәрбие алады. Балабақша баланы көпшілік ортада, бөтен балалармен, адамдармен сөйлесу әдебін қалыптастыратын мекен. Баланың ойыншықпен ойнауы, сурет салуы, ән айтып, би билеуі, тәрбиешімен, яғни бізбен тіл табысып, айтқанын орындауы барлығы да баланың біріншіден, өнерге, шығармашылық қабілетін арттыруға, екіншіден, қоғамда бүлдіршін кезінен бастап, әрекет етіп, белсенділігін көрсете алады.

Қазіргі таңда балалармен әр апта, әр ай сайын міндетті түрде ертеңгіліктер, сергіту сәтін жасаймын. Сергіту сәтін балаларды физикалық тұрғыдан шымыр, денсаулығын жақсарту мақсатында қолданамын. Ал ертеңгіліктер балалардың топтық жұмыс, тақпақ жаттау арқылы біріншіден, ой-өрісін дамытса, екіншіден, есте сақтау қабілетін жақсартуға болады.

Қорытынды сөзді Б.Момышұлының сөзі: «Тәртіпке бағынған құл болмайды» дегім келеді. Әр бала да тәрбие мен мәдениетті ата-ана да, балабақшадағы тәрбиеші де алғашқы сатысын қалыптастырады. Бүлдіршіндер мен жастар, болашақ ұрпағымыз да тәрбиелі, мәдениетті, қоғамда белгілі орны бар тұлға болып қалыптасатынына сенемін.



## «Біз жолаушымыз»

**Г.А.Байсеркешова**, №35 «Балбұлақ»

МДҰ-ның тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы

**Мақсаты:** Көліктердің түрлері туралы білім беруді жалғастыру; қоғамдық транспортта жүру ережелерін бекіту; достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

**Керекті құрал-жабдықтар:** көлік түрлері бейнеленген фиш-калар, руль, жаяу жүргінші жолағы, көңіл-күй смайликтері, интерактивті тақта.



### Шаттық шеңбері:

Ауадан қуат алайық

Алақанға салайық.

Жерден нәр алайық

Алақанға салайық

Күннен шуақ алайық

Күн шуағын қонақтарға сыйлайық.

— Балалар, бүгін балалар қалашығына саяхатқа шығатын боламыз. Қалай және қай көлік түрімен барсақ болады? (машина, такси, автобус, ...)

— Иә, оларды бір сөзбен қалай атасақ болады? (көліктер)

— Жарайсыңдар, енді менің жұмбағымды шешіп көріңдер. Біз сол көлікпен саяхаттайтын боламыз.

Көше бойлап аяндайды.

Адам тасып аялдайды. (автобус)

— Автобус — қоғамдық көлік деп саналады, себебі халыққа тасымалдау қызметін көрсетеді. Халық дегеніміз-адамдар. Осы қоғамдық көліктерге мінетін адамдарды тағы қалай атауға болады.

— Оларды жолаушылар деп атаймыз. Қазір барлығыңыз жолаушы боласыңдар. Ал, жолаушыларды жеткізу үшін бізге кім керек?

— Дұрыс айтасыңдар, жүргізуші. Жүргізуші қай жерде отырады?

— Біз — жолаушылар аялдамада көлік күтіп тұрмыз. Автобус келді, кәне, кіріп орындарға отырайық. Автобустың қай есігінен кіріп, қай есігінен шығу керек? Неліктен? (балалардың жауаптарын толықтыру)

— Жүріп келе жатқан көліктің есігін қол мен ашуға тырыспаған жөн. Тоқтаған соң жүргізуші өзі ашады.

— Көлік жүргізіп келе жатқан жүргізушіні алаңдатып, сөйлетуге бола ма? Неліктен?

— Терезесінен бастарыңды шығаруға бола ма?

— Орындыққа аяқпен мінуге бола ма?

— Неге?

— Автобустың ішінде әрі-бері жүруге бола ма? (болмайды.)

— (жарақаттың алдын алу керек.)

— Қатты сөйлеуге бола ма?

— Енді сендер қоғамдық көліктегі ең тәртіпті жолаушыларсыңдар.

**Жүргізуші:** «Балабақша» аялдамасы.

— Балалар, әр кез көліктен түскенде көліктің артынан айналып өтіп, жолдың келесі жағына жаяу жүргіншілер жолағы арқылы өтетін боламыз.

— Балалар, бұл қай белгі? жаяу жүргіншілер жолағы. (Жолдан өтіп орындарына отырады)

**Д/ойын: «Суретті құрастыр».**

Қиынды суреттерді құрастырып, белгіні табу.

— Балалар қиынды суреттен қандай белгіні таптыңыздар?

— Жаяу жүргіншілер жолағы

— Бағдаршам.

— Бағдаршам деген не?

— Ол қайда болады?

— Бағдаршамның қызметі қандай?

— Өте жақсы. (болмаса әуеде, суда, жерде жүретін көліктерді құрастырту.)

— Ал енді мына суреттерге назар аударайық.

**Көліктер:** әуеде, суда, жерде жүретін болып үшке бөлінеді.

**Әуе көліктеріне:** ұшақ, зымыран, тік ұшақ жатады.

**Ұшақ** — аспан арқылы адам және жүк таситын әуе көлігі. Ол алыс қалаларға адамдарды апарды. Ұшақ қонатын жерді әуежай деп атаймыз. Ұшақты жүргізетін адамды **ұшқыш** деп атаймыз. Жалпы көліктердің пайдасы: адам баратын жеріне тез жетеді. Зиянды жағы: көліктерден бөлініп шығатын газдар мен түтіндер ауаны ластайды. Ауаны тазарту үшін жыл сайын көк-темде ағаштар, гүлдер отырғызылады.

**Су көліктеріне:** кеме, қайық, корабль  
Су көлігі — энергияны пайдалануы жағынан көліктің ең арзан түрі. Ауыр жүктерді тасымалдауда оларға ешбір көлік теңесе алмайды.

**Жер көліктеріне:** машина, автобус, мотоцикл, трамвай, пойыз жатады. Бұл көліктердің бәрін арнайы мамандар жүргізеді.



**Сергіту сәті:**

**Ән:** «Көліктер»

Жол жүрудің тәртібін

Ережесін білеміз

Сақтағанда қатерден

Сау-саламат жүреміз

Көлік, көлік, көлік

Күлімдеген әдемі

Көшелерден жүреміз

Күнде тынбай, күнде тынбай

Көшелерден жүреміз (3 рет)

**Дойын:** «Бұл қандай көліктер».

**Шарты:** Мақсаты: ойыншық көліктердің ішінен суда, әуеде және жерде жүретін көліктерді ажырату.

- Жеңіл көліктің дөңгелегі нешеу болады?
- Автобусқа қанша адам мінуге болады?
- Автобусты кім жүргізеді?
- Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол тәртібін бұзса, не болуы мүмкін?
- Қауіпсіздік үшін қай жерлерде ойнау керек?
- Бағдаршамның қай түсі жанып тұр?  
— Жарайсыңдар! Жеңімпазымызға қошемет көрсетіп, автобусқа отырып алайық.



## Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?

**А.И.Джумағалиева,**

№35 «Балбұлақ» МДҰ, Ақтөбе қаласы,

Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы

**Мақсаты:** 1. Балаларға көлік туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға үйрету; сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету. 2. Сөздік қорларын толықтыру, дауыс ырғағын дұрыс сақтап сөйлеулерін дамыту. 3. Ойыншықтарын мұқият, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** түрлі көлік суреттері.

**Сөздік жұмыс:** жеңіл көлік, жүк таситын көлік, автобус, пойыз.

**Ұйымдастыру кезеңі.**

— Балалар, бәріміз дөңгеленіп тұрып, жақсы тілектер тілейік...

**Шаттық шеңбері**

Қол ұстасып тұрайық

Үлкен шеңбер құрайық

Жаңа шыққан бұл күнге

Иіліп сәлем қылайық

— Балалар, енді бәріміз орнымызға отырайық.

Үлкенмін ғой, міне, мен,

Ойыншықтарды жинаймын.

Машинаға мінер ем,

Кабинаға сыймаймын.

(М.Әлімбаев)

— Мен не туралы өлең оқыдым?

— Балалар, айтыңдаршы, кімге қандай ойыншық ұнайды?

— Бек, сенде қандай ойыншық бар?

**Ізденіс — ұйымдастыру кезеңі.**

— Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз, сұрақтарға жауап беріп, жұмбақтар шешеміз.

— Көлік дегеніміз не? Ол адамға неге қажет?

— Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?

Қазір көліктің түрлері өте көп, оларды бірнеше топқа бөлуге болады: жерде жүретін, ауада ұшатын, суда жүзетін және жер асты көліктері. Жер көліктерінің өзі екіге бөлінеді: жүк тасымалдаушы және жолаушы тасымалдаушы көліктер.

Біздің бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізде саяхатқа шығамыз.

**1-аялдама. Жүк тасымалдаушы көлігі.**

Балаларға слайд арқылы суреттер көрсету.

— Мына жүк тасымалдаушы көлігі дейді. Бұл көлікпен жүк тасиды.

— Ол не тасиды екен?

— Өткен оқу іс-әрекетімізде үй жануарларына қамқорлық жасау туралы айттық. Ал, біздер үй жануарларына қандай қамқорлық жасаймыз. Олар немен қоректенеді. Оларға жем, шөп береміз.

— Балалар, бүгінгі жүк тасымалдаушы көлігімізге үй жануарларына арнап шөп тиеп жіберейік.

— Жүк көлігі гүрілдіді. «Гүр-гүр-гүр» деген дыбыс шығарады. Кәне, бәріміз қайталаймыз.

— Гүр-гүр-гүр.

**2-аялдама. Автобус.**

— Балалар, біздер жүк тасымалдаушы көлігі аялдмасынан келесі аялдамаға келдік. Бұл аялдамада жұмбақ жасырған екен, соны шешеміз бе?

**Жұмбақ шешу:**

Арқасында ауыл жүр,  
Ала тайым шауып жүр.

— Балалар, мынау қандай көлік?

— Автобуспен қайда баруға болады?

— Ол қайда тоқтайды және балалар өздерін көлікте қалай ұстайды?

— Балабақшаға, үйге, базарға, ауруханаға, саябаққа, т. б.

— Үлкендерге орын береді, билет алады, жылауға, қатты сөйлеуге, күлуге, тамақ жеуге болмайды.

*Автобус алға зулайды  
Бағыттан еш аумайды  
Зыр айналар дөңгелек  
Көлік бізге ең керек.*

— Автобустан түскенде қандай ережені ұмытпау керек?

— Автобустың артқы жағынан өту қажет.

**3-аялдама. Поезд.**

— Біздер келесі аялдамаға да келіп жеттік.

Жұмбақ.

Тізбектелген көк үйлер,

Көшіп жүрген көп үйлер.

— Ал мынау қандай көлік? Бұл-пойыз.

— Пойыздармен қайда баруға болады, ол қайда тоқтайды?

— Пойыз. Ол вокзалға тоқтайды.

— Тепловоzға қарашы.

Түтіні көк бүркіген

Жалғыз өзі, санашы

Неше вагон тіркелген?

1, 2, 3, 4, 5

— Онымен үлкен қалаларға, алыс жерлерге баруға болады.

**Сергіту сәті: «Көлік».**

Балалар ойнайды.

Сапқа тізбектеліп тұрады.

Автобус кетіп барады

Жан жағына қарады

Бағдаршамда қызыл жанғанда

Пойыз тоқтап қалады.

Көлік кетіп барады,

Жан-жағына қарады.

Бағдаршамда қызыл жанғанда

Көлік тоқтап қалады.

— Жарайсыңдар, балалар, енді орнымызға отыра қояйық.

**4-аялдама. Жеңіл машина.**

— Ал мынау қандай көлік? Бұл көлікті жеңіл көлік дейді.

Көлік жолда жүреді вын-вын-вын, бип-бип-бип.

Балалар су және әуе көліктері де бар.

— Балалар, мынау қандай көлік?

Кеме суда жүзеді. Адамдар тасиды.

— Балалар, мынау қандай көлік?

Ол әуе көлігі. Әуеде ұшып жүреді. Адамдар тасиды.

Ұшақ ұшады әуеде гу-гу-гу.

**Рефлексия — түзету кезеңі.****Ойын «Мәшинелер»**

Балалар алаңқайдың келесі шетінде тұрады. Олар — «Мәшинелер». Келесі бетте тәрбиеші тұрады, ол жасыл түсті жалаушаны көтергенде, балалар ортаға мәшине болып дыбыстап айналып жүреді. Сары түсті жалаушаны көтергенде, «мәшинелер» өздерінің гараждарына келеді (орындарына барады). Егер балалар қызыл түсті жалаушаны көрсе, онда орындарында тұрып қалады.

— Балалар, үйде ата-аналарың, туыстарың алыс жолға шықса бір-біріне не деп айтатындарын білесіңдер ме? «Жолың болсын!» — дейді.

Атам шықса сапарға

«Жолың болсын!» — дейді апам

Апам шықса сапарға

«Жолың болсын!» — дейді атам.

«Жолың болсын!» — дейді олар

Үлкенге де кішіге.

«Жолың болсын!» — дейді олар

Ұшырасқан кісіге.

Осы сөзден байқадым

Қуат барын, күш барын

«Жолың болсын!» — айтамын,

Алыс жолға шықса кім.

Сау болыңыздар!

Жолдарыңыз болсын!



## Ағаштарды не үшін отырғызады?

**Г.А.Ержан**, №35 «Балбұлақ» МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы

**Мақсаты:** Жас көшеттердің адамдардың күтімі және табиғаттың өзінің күтімі нәтижесінде өсіп жетілетіндігі туралы түсініктерін кеңейту. Ағаштарды танып, атай білуге, іскерліктерін дамыту.

**Көрнекілігі:** Суреттер,

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, сұра-жауаптар, дамытушы ойын.

**Сөздік:** Ағаш

**Тәрбиеші сөзі:** Балалар, мен сендерді бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде көргеніме қуаныштымын. Сендердің күлімдеген жүздеріңді көріп сүйсініп тұрмын. Сондықтан ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміз сәтті өтсін деп тілейік.

Қар, мұз еріп, су көбейіп,

Сай-салаға ағады.

Бүршік жарып, жапырақ ашып,

Жер гүл шашақ тағады.

Балалар айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (көктем) Олай болса көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? Жаңбыр жауады, күн жылынады, ағаштардың жапырақтары көгереді.

Балалар бұл ненің суреті

Ағаш, дыбыстық талдау жасау.

Ағаш неше әріптен тұрады санайық

Неше дыбыстан тұрады, буынға бөлейікші.

**Балалар:** Емен, қайың, үйеңкі, терек, шырша, ақ қайың, тобылғы, қарағаш, қарағай.

**Тәрбиеші:** Енді, балалар осы өздерің атап шыққан ағаштар туралы мынадай өлең жолдарымен есімізде сақтайық:

Қатар-қатар көк терек,

Көкке бойлап өседі.

Жапырағы көкпеңбек,

Сәнге бөлер көшені.

Білуші едім еменді,

Ең мықты ағаш дегенді.

Жапырағы жайылған,

Саясы бар көлемді.

Алатауды бөктерлей,

Өседі ылғи ақ қайың,

Жапырағы көкпеңбек,  
Жайқалады жаз сайын. (Н.Әлімқұлов)

Көкке бойын созады,

Көпке Қолын созады.

Кең құшағын ашады,

Көлеңкесін тосады.

Көк қарағай, қарағай,

Мейірбанды анадай. (М.Әлімбаев)

3–4 балаға қайталап айтқызу.

Балалар бейнетаспадан көріп отырғандарыңыз ағаштар және олардың түрлері.

Балабақша ауласында ағаш өсе ме. Қандай ағаштар өседі. Ағаштардың биіктігіне қарай биік — аласа деп ажыратамыз. (бейнетаспадан көрсетіп ажыраттыру). Қысқа жуан жіңішке Ағаш діңі қанша болады? Ол тек біреу болады Бұтақтары мен жапырақтары қанша?

Ағаштар далада, орманда, бақшада өседі. Оларды өсімдіктерге жатқызамыз. Дала өсімдіктері аса күтімді қажет етпейді. Ал, бақша өсімдіктеріне көп күтім қажет. Оларды суарамыз, суарудың да көптеген әдістері бар. Ағаштың діңін ағашқа құрт түспеуі үшін ақтаймыз. Ағаштардың өсуіне не қажет. Су, ауа топырақ қажет. Тыңайтқыштар береміз. Өйткені күтімді уақытылы жасаса жемісті мол береді.

Бейнетаспадан «өсімдіктерді суаруды» көрсету

Ағаштар жеміс ағаштары бұталар болып бөлінеді. Өз балабақшамызда шиі алма сирень бұталары бар. Балалар ағаштар бірден биік болып өсіп кете ме? Оларды арнайы көшеттерін отырғызады екен. Слайд бұтақтар жеміс ағаштары.

Ағаштардың пайдасы өте көп емдік қасиеттері де бар ақ қайынның шырынын ішеміз. Жеміс ағаштарында дәруменге бай. Ал, балалар, ағаштар туралы біраз мәліметтер алдық, енді сендерге, ағаштар қандай бөліктерден тұратынын айтып түсіндірейін.

Тамыры, діні, бұтағы, жапырағы. Міне, мына суретке қараңдаршы, бірінші жер астында ағашқа өмр, нәрін беріп тұрған тамыры орналасқан, ал, мынау діні, діңнен жан-жаққа бұтақтары таралған, бұтақтарынан жапырақтар өркен жаяды.

**Сергіту сәтін жасау.**

Биік болып өсеміз,

Жапырақтай жайқылап.

Табиғатты сүйеміз,

Шетімізден шеберміз.

Денемізді тік ұстап,

Билеп-билеп аламыз.

**Ойын:** «Ағаштар мен Жеміс ағаштарды» ажырату.



**Бағбан атай:** Бағбан атаймен амандасып ағаш көшеттерін отырғызу сәтін тамашалау.

Қажетті құралдармен танысу.

Саламатсыздар ма балалар. Маған көмек қажет болып тұр еді. Көшет отырғызайын деп едім. Көшет отырғызу үшін алдымен жерді қазамыз.

**КӨШЕТ** — ашық не қалқаланған жерге көшіріп отырғызу үшін өсірілетін жас өсімдік. К. жылыжайда, парникте өсіріледі. К-терді күзде немесе көктемде алу қажет. Соған көшетті салып тамырымен топырақпен көлеміз. Су құямыз.

**Тәрбиеші:** Балалар, ағаштардың бізге сән береді және көлеңке береді ауаны тазартады.

**Тәрбиеші:** Көрдiңдерме, балалар, ағаштар бiздiң өмiрiмiзге ауадай қажет екен. Сондықтанда ағаштарды аялап, оларға қамқорлық жасап көбейту керек. Міне, мынау ағашқа өмір беріп тұрған тамыры — біздің ата-әжемiз, олар бiздiң әке-шешемiзге өмiр берiп тұр-дiнi, бұтақтар балалар сендерер, сендерiң бауырларың.

Бағбан атай рахметін айтып балаларға көшет сыйға тартады.

**Бiледi:** Ағаш туралы түсiнiктi .

**Игередi:** Жас көшеттердiң адамдардың күтiмi және табиғаттың өзiнiң күтiмi нәтижесiнде өсiп жетiлетiндiгi туралы түсiнiктерiн.

**Меңгередi:** Ағаштарды танып, атай бiлуге бұтақ, жапырақ, тамыр, дiңiн.

Аялы ағаш — Саялы.

Қалың ағаштың

Қисығы болмайды.

Қу ағашқа ну ағаш — сүйеу.

Қайтқан күнде қайыр жоқ,

Қу ағашта шайыр жоқ.

Жемiстi ағашқа тас атпа,

Буаз биеге тас артпа.

Алтын балтаның да сабыағаш.

Бiр жылдығын ойлаған халық бидай егедi,

Жүз жылдығын ойлаған халық ағаш егедi,

Мың жылдығын ойлаған халық саналы ұрпақ тәрбиелейдi.

Ағаш қаншалықты биiк болса да, жапырақтары жерге түседi.

Ағаш айғайға құламайды.

Издеген iскер ағашын табады.

Қарағайға сүйенiп тал өсер,

Басқа сүйенiп мал өсер.

Еменнен қатты ағаш жоқ,

Көп жатса жерде дерт iлер.

Болаттан қатты темiр жоқ,

Тасқа салса кертiлер.

Емен ағаштың иiлгенi — сынғаны,

Ер жiгiттiң екi сөйлегенi — өлгенi.

Қисық ағашқа тез, қисық мiнезге сын бар.

Ағаш жапырағымен, жер топырағымен.

**Ойын:** «Қай ағаштың жемiсi, қай бұтаның гүлi.

Бiз бүгiнгi оқу iс-әрекетiнде қандай тақырыпта жұмыс жасадық?

— Ағаштарға қандай күтiм жасаймыз?

Ағаштарды қалай топтастырдық?

Оқу iс-әрекетiне белсене қатысқан балаларды мадақтау, қуанышты хабарлама тарату.

**Шаттық шеңберi:**

Қол ұстасып тұрайық

Шеңбердi бiз құрайық.

Көрiскенше күн жақсы

Сау — саламат болайық!

Өсiмдiктер әлемi.

1) балаларды өсiмдiктердiң жаңа түрлерiмен (шырайгүл, барқытшөп, бальзамин) таныстыру: атауы, сыртқы түрi, құрылысы, күтiм жасау тәсiлдерi, көбею түрлерi;

2) көкөнiстер мен жемiстер, ағаштар, бұталар туралы балалардың түсiнiгiн бекiту. Балаларды орман жидектерi мен саңырауқұлақтары тануға үйрету. Бидай өсiру туралы балалардың бiлiмiн жетiлдiру. Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсiру мен нан өндiруге қатысатын адамдардың еңбегiне құрмет көрсету.

— Мен көкекпiн. Көктемде ең алғаш ұшып келетiнқұстардың бiрiмiн. Балалар сендердiң ауылдарыңа көктем келiптi ғой. Көктем жайлы қандай тақпақтар бiлесiңдер?

Келдi көктем жағаға,

Келдi сұлу шағала.

Аспандағы ақ құстар,

Ауылымды арала.

Көктем қандай көңiлдi,

Көктен жаңбыр төгiлдi.

Мөлдiр аспан ашылып,

Қатар-қатар көк терек,

Көкке бойлап өседi.

Жапырағы көкпеңбек,

Сәнге бөлер көшенi.

Бiлушi едiм емендi,

Ең мықты ағаш дегендi.

Жапырағы жайылған,

Саясы бар көлемдi.

Алатауды бөктерлей,

Өседi ылғи ақ қайың,

Жапырағы көкпеңбек,

Жайқалады жаз сайын. (Н.Әлiмқұлов)



## ҚАРАҒАЙ

Көкке бойын созады,  
Көпке Қолын созады.  
Кең құшағын ашады,  
Көлеңкесін тосады.  
Көк қарағай, қарағай,  
Мейірбанды анадай. (М. Әлімбаев)



# «Исследование планеты Земля»

**Г.И. Мажарова**, «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы», Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы

**Цель:** Развитие у дошкольников познавательного интереса к поисково-исследовательской деятельности через знакомство с водой, воздухом и почвой.

**Задачи: Образовательные:** формировать умения и навыки выявлять свойства воздуха, воды, почвы знакомить с окружающим миром; подводить детей к ответу полными предложениями; формировать навыки проведения лабораторных опытов; обогащать словарный запас новыми понятиями. **Развивающие:** развивать любознательность, внимательность, логическое мышление, умение выражать свои мысли, делать умозаключения. **Воспитательные:** воспитывать у детей игровое и речевое взаимодействие со сверстниками и взрослыми; формировать самостоятельность, трудолюбие, аккуратность; прививать любовь к природе.

**Оборудование для воспитателя/детей:** песок, вода, почва, тарелочки, трубочки, салфетки, ложки, стаканы с водой, лупа.

**Методы и приёмы: Словесный:** вопросы к детям, ответы, указания, пояснения. **Практический:** экспериментирование — элементарные опыты.

## ХОД ЗАНЯТИЯ.

— Представьте себе, что мы находимся высоко в ночном небе. Давайте поприветствуем небо, звёзды.

## Круг приветствия «Мы в космосе»

Здравствуй, небо — высокое и голубое!  
Здравствуй, звёзды — далёкие и прекрасные!  
Здравствуй космос — огромный и загадочный!  
Здравствуй Земля — родная планета моя!

— Дети посмотрите на картинку (показывает картинку — планеты солнечной системы)

— Что мы видим на картинке? (Ответы детей: планеты). — Правильно. Мы видим планеты.

Планета голубая,  
Любимая, родная,  
Она твоя, она моя,  
А называется... (Ответ: Земля)

— Ребята, мы живем на огромной планете Земля (показывает глобус). На Земле есть жизнь, а на других планетах ее нет. А знаете почему?

**Дети:** Нет.

**Воспитатель:** Все потому, что на Земле есть воздух, которым мы дышим, почва дает нам урожай. Вода — без нее человек не может прожить. А все это мы знаем благодаря людям, которые изучали природу (показать несколько портретов ученых). Ребята, все ученые проводили свои опыты в лаборатории, и добывали знания путем экспериментирования. Я предлагаю вам познакомиться с нашей мини-лабораторией в детском саду. Давайте с вами пройдем к ней. Чтобы узнать нужно загадку отгадать:

Всех добрее и милее,  
Всех богаче и щедрее.  
Её все матушкой зовут,  
По ней все ножками бегут. (Ответ: Земля)

## Опыт №1 «В почве есть воздух»

— Посмотрите на столе у каждого из вас стоят: стакан с водой, ложка на салфетке, лупа и на тарелочке земля (почва). Сначала возьмем лупу и рассмотрим почву на тарелочке. Что мы видим? (Ответы детей). Предлагает детям в стакан с водой бросить почву и понаблюдать. — Что вы видите? (Ответы детей: пузырьки) — Правильно. Появились пузырьки, значит в почве есть воздух.

## Опыт №2. «Почва растворяется в воде»

Предлагает взять ложку и размешать в стакане с водой почву. — Что происходит с почвой она растворилась в воде. Вода помутнела по тому, что в почве есть глина. Она смешалась с водой. На дно осел песок, а на поверхности воды плавает мусор, это перегной. Благодаря перегною растут разные растения. Теперь мы знаем что, земля (почва) состоит из глины, песка и перегноя.

**Опыт №3 «В почве есть вода»**

— В стакан насыпаю почву, закрываю крышкой и нагрею стакан с почвой. Когда стакан с почвой нагреется, то мы увидим на стенках стакана маленькие капельки. Получается, что в почве есть вода.

**Пальчиковая гимнастика по теме «Космос»**

В тёмном небе звёзды светят,

*(Сжимаем и разжимаем кулачки.)*

Космонавт летит в ракете.

*(Потираем ладонь о ладонь.)*

День летит и ночь летит.

*(Сжимаем и разжимаем кулачки.)*

И на землю вниз глядит.

*(Имитируем бинокль.)*

Видит сверху он поля,

*(Разводим руки в стороны ладонями вниз.)*

Горы, реки и моря.

*(Руки поднимаем вверх, показывая*

*высоту гор. Ладони соединяем и выполняем волнообразные движения, имитируем реку.)*

Видит он весь шар земной,

*(Соединяем руки над головой.)*

Шар земной — наш дом родной.

*(Попеременно пожимаем руки.)*

Чтобы узнать, с чем мы дальше будем опыты проводить нужно отгадать загадку:

Никто его не замечает,

А он всю Землю окружает.

Для дыхания он нужен,

С ветром, вьюгой очень дружен. *(Ответ: воздух)*

**Опыт №1. «Воздух не видим и прозрачен».**

Детям предлагается опустить стакан в банку с водой. Держать стакан нужно не прямо, а немного наклонив его. Что появляется в воде? *(Видны пузырьки воздуха)*. Откуда они взялись? Воздух выходит из стакана, и его место занимает вода. Вывод: Воздух прозрачный,

**Опыт №2. «Буря в стакане».**

Детям предлагается опустить в стакан с водой соломинку и дуть в неё. Что получается? *(Получается буря в стакане воды)*.

**Опыт №3 «Поймай воздух в пакет»**

— Возьмём полиэтиленовый пакет. Посмотрите на него внимательней, в нем что-то есть?

**Дети:** Он пустой.

— Правильно, пакет пустой, в нем ничего нет. Пакет можно набрать воздух. Воздух занял всё место в пакете. А мы его видим?

**Дети:** Нет.

Мы просто видим, что пакет раздулся и чем-то наполнился. Значит, какой воздух?

**Дети:** Бесцветный, прозрачный.

— Теперь пакет раскрутим и выпустим из него воздух. Пакет опять стал тоненьким. Почему? *(Ответы детей)* В нём нет воздуха, но теперь мы с вами его обнаружили, нам удалось его поймать. Вывод: Ребята, на этом опыте мы поняли, что воздух прозрачный, бесцветный. Мы смогли поймать воздух и закрыть его в пакете, а потом выпустили.

А теперь отгадайте загадку:

Чтобы лился дождик с неба,

Чтоб росли колосья хлеба,

Чтобы плыли корабли

Жить нельзя нам без ... *(воды.)*

**Опыт №1 (с водой)**

— Перед вами стоят два стаканчика с водой — один пустой, другой с водой. Возьмите стаканчик с водой и медленно перелейте воду в пустой стаканчик. Слышите, как она звучит? Вода льется, и мы слышим ее. А если она льется, значит, она какая?

**Дети:** Жидкая.

— Если бы вода не была жидкой, она не смогла бы течь в реках, ручейках, из крана в доме. Вывод: Вода — жидкая

**Опыт №2»Какая вода?»**

Посмотрите на воду и ответьте на вопрос: «Какая вода?» *(Ответы детей.)* Правильно, ваши глазки очень внимательные. Вода чистая, прозрачная. А сейчас в стаканчик с водой опустим игрушки. Что мы видим? *(Ответы детей.)* В стаканчике лежат игрушки, но вода осталась чистой и прозрачной. А сейчас смотрите: в стаканчик насыплем немного песка. Что происходит? *(Ответы детей.)* Игрушки уже плохо видны. Но почему? *(Дети высказывают предположения.)* Значит, мы доказали, что вода не всегда бывает чистой и прозрачной.

— Ребята, что мы сегодня узнали о почве (она состоит из перегноя, глины, песка. В почве есть воздух, вода). Мы с вами узнали свойства воды. Какие? 1. Вода какая? Жидкая. 2. Вода — прозрачная. Но добавив песок, она становится мутной и грязной. 3. Вода не имеет цвета. Но может окраситься, если добавить в нее красители. 4. В воде не все вещества растворяются. 5. Вода не имеет вкуса. Но мы можем придать вкус воде, добавив сахар, лимон и т.д.

А еще мы много узнали про воздух. Воздух какой? Прозрачный, невидимый.





## Үй жануарлары тіршілігі

**З.Е.Ешмағамбетова**, №35 «Балбұлақ»  
МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы, Астана  
ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы

**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары туралы, олардың төлдерін ажырата білуді және пайдасы жайлы алған білімдерін бекіту. Балалардың сөздік қорын молайту, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.

Ересектердің үй жануарларына күтім жасаудағы еңбектерін бағалауға үйрету. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Үй жануарларының ойыншықтары, жануарларға арналған қора. Олардан алынатын өнім түрлері. Ат арбасымен.

**Жүрісі.** Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады.

Еңбекті біз сүйеміз,  
Көмектесіп жүреміз.  
Үлкендердің әрқашан  
Қолғанаты боламыз!

**Тәрбиеші:** Балалар сендер еңбек ету дегенді қалай түсінесіңдер? Сендер еңбек етесіңдер ме? Мамаларыңа көмектесесіңдер ме?

**Балалар:** Өз жауаптарын айтады. (осы кезде телефонның сыңғыры естіледі)

**Тәрбиеші:** Ало кім екен? Әже сіз бе? Қалыңыз қалай?

**Әже:** Айналайын амансыңдар ма? Маған «Гүлдер» тобының балаларының көмегі қажет болып тұр. Немерелерімнің демалыстары бітіп, сабақтарына кетті. Сондықта үйде жануарларыма қарасатын ешкім жоқ. Сіздер келіп көмектессеңдер жақсы болар еді.

**Тәрбиеші:** Балалар әжеге көмекке барамыз ба?

**Балалар:** Ия, барамыз.

**Тәрбиеші:** Әже, балалар көмектесеміз деп тұр. Бірақ біз сіздің үйіңізді таба алмаймыз ғой.

**Әже:** Жоқ айналайын мен сіздерді алып келуге Атқосшыларымды жібердім. Олар сіздерді ат арбамен алып келеді.

**Тәрбиеші:** Ой рахмет әже. Біз қазір — ақ жетіп барамыз (тәрбиеші тұтқаны қоя салып). — Балалар, біз әженің үйіне ат арбамен баратын болдық.

**Балалар:** Алақайлап қуанады.

**Атқосшылар:** Саламатсыздар ма? Сіздер дайын болсаңыздар, біз дайынбыз

**Тәрбиеші:** Балалар үй жануарларын өз көзімізбен көріп, олардың азықтарын өзіміз беріп, қораларын тазартып, әжеміздің батасын алып келетін болдық. Керемет емес пе? (тәрбиеші балаларды ат арбаға абайлап отырғызып, ат жүріп келе жатқанда орнымыздан тұмаймыз, деген сияқты сақтық шараларын айтады. Атқосшылар балалар ат арбаға мініп болғанша аттарды ұстап тұрады.) (Ат шаба бастағаннан «Тұлпарым» әні қосылады да, балалар да бірге айтып, ауылға да жетіп барады)

**Әже:** Айналайын балаларым жақсы келдіңдер. Төрлетіңдер. (осы кезде үрген иттің дыбысы естіледі)

**Тәрбиеші:** Балалар бұл ненің дыбысы? Сақ болайық таныс емес итке жақындауға болмайды. Неліктен екенін білесіңдер ме? Балалардың жауап береді. (Мысықтың дыбысы естіледі)

**Тәрбиеші:** Ал бұл не дыбыс? Бұл әженің мысығы екен ғой. Балалар таныс емес мысықтарды да ұстауға, оларды ренжітуге болмайды. Неліктен екенін білесіңдер ме? Балалар жауап береді.

**Тәрбиеші:** Әже біз бірден жануарларды қоректендіруге кірісейік, әйтпесе кеш болып кетеді де ата-аналарымыз күтіп қалады.

**Әже:** Ендеше келіңдер мен сендерге қораны көрсетейін. (әже балаларды қораға апарады)

**Тәрбиеші:** Балалар сендер үй жануарларын білесіңдер ме? Айтыңдаршы.

**Балалар:** Үй жануарларына түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысық, жылқы жатады.

**Тәрбиеші:** Балалар, бұл қора деп аталады. Мұнда үй жануарлары тұрады. Балалар үй жануарларының немен қоректенетіндерін білесіңдер ме? Не жейді? Не ішеді?

**Балалар:** Шөп, жем жейді. Су ішеді. **Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, дұрыс. Ендеше әженің үй жануарларын қоректендірейік. (балалар жануарларға жем, шөп, су береді. Екі бала қораның ішін тазартады).

**Тәрбиеші:** Балалар үй жануарларының төлдерін атайықшы.

**Ойын:** «Төлдерін тап»

Ойынның шарты: Суреттердің арасынан төлдерін дұрыс тауып, орнына орналастыру.

**Тәрбиеші:** Балалар осы жануарларды біз не үшін бағамыз, оларды жылы қораларда ұстап, не үшін қоректендіреміз? Бізге қандай пайдасы бар?

**Балалар:** Сүтін аламыз, етін жейміз, жүнінен киімдер тоқимыз, тігеміз,

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасындар. Тағы бір пайдасы олар мінсек көлік те болады. Осы жерге біз немен келдік?

**Балалар:** Атпен.

**Тәрбиеші:** Ия ат арбасына біздің бәрімізді мінгізіп алып, әженің ауылына жеткізді. Көрдіндер ғой қандай пайдасы бар екенін. Ендеше осы жануарлардың қалай дыбыстайтынын тыңдап көрейік. Ал сендер дыбысына қарап, қай жануар екенін табындар.

**Ойын:** «Дыбысына қарап ажырат» Ойынның шарты: Дыбысына қарап жануарларды атау.

**Тәрбиеші:** Әже енді рұқсат болса біз жүрейік.

**Әже:** Ия, бірақ менің жануарларымды жылы қорасына кіргізіп кетіндерші. Әйтпесе маған кіргізу қиын болады.

**Тәрбиеші:** Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Ауа райы қандай?

**Балалар:** Күз мезгілі. Ауа райы салқын.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасындар әженің жануарлары да тоңып қамас үшін біз оларды жылы қорасына кіргізуіміз керек. (балалар жануарларды жылы қорасына кіргізеді.)

(Әже балаларға рахметін айтып, бір қалта құрт береді.)

**Әже:** Балалар, бұл сиырдың сүтінен жасалған құрт. Топтарыңа барып жейсіңдер. Ал мынаны сендердің қуыршақтарыңа арнап тоқыдым. Балалар бұл шұлықты өзімнің түйемнің жүнінен тоқыдым, ал мына бас киімді ешкімнің жүнінен тоқыдым. Сендерге көп-көп рахмет жандарым. Атарбаға отырып алындар. Менің Атқосшыларым сендерді балабақшаларыңа апарып тастайды.

(Тәрбиеші мен балалар әжеге рахметтерін айтып, қоштасып арбаға отырады.)

**Тәрбиеші:** Балалар сендерге бүгінгі күні істеген істеріміз ұнады ма? Біз не істедік? Үй жануарларын немен қоректендірдік? Өсіп, көбейуі үшін оларға не қажет екен? Пайдасы қандай? Олардың төлдері қалай аталады? Олар қалай дыбыстайды? — деген сұрақтар арқылы білімдерін пысықтап шығады.

## «Күлімде, Наурыз, күлімде!»

**Н.Р.Жаксимбетова, №1 «Еркетай»**

*Алға бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі,  
Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы*

**Мақсаты:** Наурыз мерекесінің мән — мағынасын балаларға түсіндіру, ақ тілек, бата, наурыз көже, құт — береке ұғымдарын қалыптастыру, жақсылыққа адамгершілеке тәрбиелеу.

**Көрнектілер:** Залды мерекеге қазақ дәстүрі бойынша көркемдеу. Жартылай киіз үй көрнісі, қазақша киімдер.

**Жүргізуші:** Құрметті қауым! Бүгінгі балабақшамызда өткізілетін Наурыз мерекесі ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Береке де осында,

Мереке де осында.

Болып жатыр той думан,

Қырандарың қасыңда.

Асқақтаған ән дайын,

Күмбірлеген күй дайын.

Ал, қанекей, қонақтар,

Төрге шығыңыздар!

«Наурыз-думан» — әнінің әуенімен қонақтар, балалар залға кіріп, жайғасды.

**Жүргізуші:** Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесі құтты болсын!

Наурыз күні қазанына ортаймасын.

Жаңа жыл шаттық әкел, той тойласын!

Күннің жаңа нұры бар.

Мұның ғажап сыры бар.

**Балалардың тақпақтары:**

Қуанып сол сәт батаға,

Бастайды ел наурыз шаттығын.

Риза боп үлкен атаға,

Сөйлер ел баспай аптығын.

*Мырза-Мұхан*

«Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар.

Ұлы кісіден бата алса,

Сонда олжалы жол болар».

*Амина*

Басталар елдің дәстүрі,

Өзге іс түгіл тежелер.

Басталар тамақ тасқыны,

Бұрқырап наурыз көжелер.

*Алма*



<p>Басталар сыр боп мына елге, Бабалар салған мереке. Жайғасып қалы кілемге, Елменен енер береке.</p>	<p><i>Айзере</i></p>	<p>Жадырады адамдардың келбеттері.</p>	<p><i>Аян</i></p>
<p>Байқадым бұл күн — дүбірлі, Молшылық, мейір маңайым. Басты ұран тойда бүгінгі — Береке, бірлік, ағайын!</p>	<p><i>Рамина</i></p>	<p>Наурыз, жыл он екі ай елдің жүгін, Арқалап арамызға келдің бүгін. Дамытып бейбіт елдің еркіндігін, Жайлауын жарастырдың елдігімнің.</p>	<p><i>Айым</i></p>
<p>Енді балаларымыздың орындауларында «Наурыз» — әнін тыңдаңыздар.</p>		<p>Наурыз түріп тастап жер түндігін, Айығып ақ күмістей серпілді күн. Сұлудай сылаңдаған мөлдір сулар, Жылғамен ағып жатыр еркін бүгін.</p>	<p><i>Раяна</i></p>
<p>Армысыңдар, халайық, Бармысыңдар, халайық. Наурыз жайып жүр жазбай, Жылды қарсы алайық! Ал, халайық, тұрмайық, Әндетейік, жырлайық. Ортамызды ашайық. Брыс тілек бұл жылға, Жырдан шашу шашайық.</p>		<p>Халқымыз қастерлеген ежелден — ақ, Келе бер аттың басын тежемей — ақ. Наурыз көжемізден қанып ішкін, Ұлыстың ұлы күні тұрма қарап.</p>	<p><i>Әдемі</i></p>
<p>Қазір бүлдіршіндеріміздің орындауында «Шашу» биін қабыл алыңыздар.</p>		<p>Шуағы жер әлімді жандандырып, Өріске барады өріп алуан түлік. Дән сеуіп молшылықты жасаймын деп, Барады диқан жігіт таңнан тұрып.</p>	<p><i>Айша</i></p>
<p><b>Жүргізуші:</b> Кел, балалар, келіндер. Тамашаны көріңдер. Бізде қызық ойын бар, Ойынға әбден тойыңдар. «Асық ату» ойынын ойнайық.</p>		<p><b>Жүргізуші:</b> Рахмет, рахмет! Шашылғандай мұң, кірбің Наурыз тойда. Нағыз әже ойлайды, нағыз салтты. Оу, ағайын, келіндер бүгін бізге, Наурыз көже, құрт, қатық бәрі бізде. Ұлы күнде халайық Қалай қарап қалайық. Ортамызға шақырып, Қыдыр атамыздан Ақ батасын алайық! (Қыдыр ата бата береді.)</p>	
<p><b>Жүргізуші:</b> Біздің балалардың тақпағын тыңдайық.</p>		<p>«Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын, Қайда барсаң жол болсын. Ұлыс бақты болсын, Төрт түлік ақты болсын, Ұлыс береке берсін, Бәле — жала жерге енсін. Әумин!»</p>	<p><i>Мырза-Мұхан</i></p>
<p>Туған жер жұпар тұр аңқып, Гүл шашып жатыр бар аймақ. Атады елді қуантып, Көктемнің таңы арайлап.</p>	<p><i>М.Айару</i></p>		
<p>Келісіп қызық ойынға, Келеді ән — жыр айтысқа. Өрмелеп баған бойына, Жарысқа, арқан тартысқа.</p>	<p><i>Б.Айару</i></p>		
<p>Жастарды көріп жасарып, Береді қарттар ақ бата. Тілекпен игі жасанып, Былай да берік салтқа ата: Қыздарымыздың әнін тамашалайық.</p>	<p><i>Диана</i></p>	<p><b>Жүргізуші:</b> Құрметті қонақтар, әріптестер, тағыда сіздерді Наурыз мерекесімен құттықтаймын, «Ақбота» ересек тобының Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміздің аяқталды. «Шақырады көктем» әнінің музыка әуені ойналады...</p>	
<p><b>Жүргізуші:</b> Біздің балалардың тақпағын тыңдайық. Наурыз Қош келдің, Наурызым төрлет бері, Қыр төсін жауқазындай өрнектеді. Тіршілік тамырына нәр жүгіріп,</p>			



## ҚЫЗЫҚТЫ математика

**А.Ж.Құлниязова,**

№32 «Қуаныш» МДҰ тәрбиешісі

**Мақсаты:** 10 санының құрамын анықтай алады. Геометриялық пішіндер туралы біледі. Сұрақтарға толық жауап бере алады.

**Көрнекілігі:** Әр-түрлі пішіндегі кілттер, суреттер, 10 көлемінде сандар карточкасы, тақырыпқа байланысты суреттер, пішіндер т.б.

**Сабақтың әдістері:** шаттық шеңбері, жұмбақ, түсіндіру, сұрақ-жауап, сергіту сәті.

### Ұйымдастыру кезеңі.

#### Сәлемдесу.

Білер қазақ баласы.

«Сәлем — сөздің анасы»

Алдымыздан кезіккен

Көп танысты көреміз,

Бәріне де ізетпен

Біздер сәлем береміз.

#### Тосын сый.

Осы кезде есік қағылады. Балалар есік қағылған сияқты кім екен бұл?

**Буратино:** Салеметсіздер ме, балалар! Балалар осы жер «Ғажайып білім әлемі ме?»

**Тәрбиеші:** Жоқ Буратино, бұл жер балабақша

**Буратино:** Балалар мен алтын кілтімді жоғалтып алдым, кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтінді «Қызықты математика әлеміне» барсаң табасың деді. Мен «Қызықты математика әлеміне» қалай барсам екен баратын жолды таба алмай адасып, осы топқа кіріп кетіппін. Маған баратын жолды көрсетіп жібересіңдер ме?

**Тәрбиеші:** Еш уайымдама, Буратино

Қане балалар, Буратиноға көмектесеміз бе? (Бала үні)

**Тәрбиеші:** Олай болса балалар Буратиноны ертіп, жол көрсетіп, «Қызықты математика әлеміне» бізде саяхатқа шығып қайтайық. Саяхатқа шығамыз ба? (Бала үні)

Онда Буратино бізбен бірге шеңберге тұрып, әуе шарларын ұстап ұшып барайық.

Міне «Қызықты математика әлеміне» де келдік.

**Тәрбиеші:** Енді балалар Буратиномен бірге қызықты математика әлемінің тапсырмаларын бірге орындайық.

### «Топтастыру» әдісі:

Пішіндермен топтастыру.

**1 тапсырма. Дидактикалық ойын. «Санап жаз».** Қарларды санап қанша екенін санмен жазды. (педагог жетекшілігімен ойын).



**2 тапсырма. «Жұмбақ» (педагог жетекшілігімен ойын)**

Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма

Гүлден ұшты 5 ара

Қайтып қонды 2 ара


Қоңбады оның нешеуі

Кәне оны кім біледі?

**Бала үні.** Дұрыс айтасыңдар балалар.

**Сергіту сәті. (музыкамен)**

**3 тапсырма. Дидактикалық ойын. «Санамайық»** Суреттегі затты атап қандай әріптен басталатынын айту және пішінін айтады. (педагог жетекшілігімен ойын).





**4 тапсырма. Дидактикалық ойын. «Санның құрамын табайық».** (педагог жетекшілігімен ойын).



**5 тапсырма. Қосындысын табамыз.** Қосудың мәнін тауып баумен көрсетеді. (құрылымдалған ойын).



**6 тапсырма. Етіктердің қарын санап тиісті санды тап.** Педагог жетекшілігімен ойын.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар Буратинамен бірге көптеген тапсырмалар орындадық. Кілтті таппадық енді не істесек екен. (осы кезде аудио дауыс естіледі Буратинаның кілті сөренің ішінде) Алақай, алақай кілтті тауып алдық. Енді Буратинаға табыстаймыз.

**Буратино:** Рахмет балалар мен өте қуаныштымын. Сау болыңдар.

**Қорытынды:** Балалар қандай тапсырмалар орындадық? (бала үні)

Жарайсыңдар, балалар! (бағалау) Балабақшаға қайтатын уақыт келді. (шеңбер жасап шығып кетеді).



## «Түрлі – түсті көбелектер»

**А.Н.Текешова,**

№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасының тәрбиешісі, Ақтөбе облысы, Алға қаласы

**Мақсаты:** Дәстүрлі және дәстүрден тыс техника арқылы балаларда бейнелеу өнерін қызығушылықтарын арттыру; Өз талғамымен бояуларды таңдауға дағдыларын қалыптастыру; Акварельмен жұмыс істеу тәртібін қолдана білуге, қол-саусақ қимылдарын қалыптастыру.

### Шаттық шеңбері

Кел балалар күлейік

Күлкіменен түлейік

Түрлі-түсті бояумен

Әсемдеп біз жүрейік

Бізге келген қонаққа

Иліп сәлем берейік

Триз технологиясы арқылы ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбын анықтау.

Гүлдер, гүлдер көктесін

Көбелектер көп келсін

Гүл қанатты көбелек

Бақшамыздан кетпесін, — өлең жолдарын сурет бойынша көрсету.

**Тәрбиеші:** Өлеңде не туралы айтылған?

**Балалар:** Өлеңде көбелектер туралы айтылған.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, өте дұрыс!

Олай болса бүгінгі «Сурет салу» оқу қызметінің тақырыбы ең қызықты, ең тартымды «Түрлі-түсті көбелектер» деп аталады.

— Ал қанеки, арамызда көбелек туралы тақпақ айтатын балдар бар ма екен?

### Тақпақ

1-ші бала: Мен тимеймін, жасқанба,

Дос болайық, көбелек.

Жайнап тұрған бақшамда,

Гүлдерімді көре кет.

2-ші бала: Көбелек-ау, көбелек,

Әдемісің керемет!

Гүлге келіп қона ғой,

Өзің де гүл бола ғой.

3-ші бала: Ақпын, сары, көкпін,

Түрлі-түсті көппін.

Жүрем өзім жайнап.

Арасында шөптің



**Тосын сәт:** Осы кезде топқа көбелек ұшып келеді (көбелек болып киінген қыз)

**Көбелек:** Сәлеметсіңдер ме балалар, мен кімін? Иә, мен көбелекпін, біз өте нәзікпіз, жаз мезгілінде өмір сүреміз. Гүлден-гүлге қонып, гүлдің ішіндегі шырындармен қоректенеміз. Гүлдің иісін мұртшалар арқылы сеземіз. Гүлдерге қонып, өсімдіктерді тозаңдандырамыз. Тоzaңданбаған өсімдік жеміс пен тұқым бермейді.

**Тәрбиеші:** Балалар көбелекті орыс тілінде қалай атайды?

**Балалар:** Көбелекті орыс тілінде «Бабочка» деп атаймыз. Басы, көзі, аузы, мұртшасы, қанаты болады. Көбелектердің де түстеріне қарай өз аттары болады екен. Көбелектер бақшаның ішінде гүлдің, шөптің арасында, ұшып-қонып жүреді.

**Тәрбиеші:** Балалар, көбелек сендерден көмек сұрап келіп тұр. Көбелек саған не болған?

**Көбелек:** Менің достарымның бір-бір қанаттарын таба алмай жүрмін. Сендер менің достарымның қанаттарын қалпына келтіруге көмектесемісіңдер?

**Тәрбиеші:** Балалар көбелектің достарының қанатын қалпына келтіруге көмектесеміз бе?

**Ойын мозаика:** «Көбелектің қанатын дәл тап»

**Балалар:** Ия. Басы, көзі, аузы, мұртшасы, қанаты болады. Көбелектердің де түстеріне қарай өз аттары болады екен. Көбелектер бақшаның ішінде гүлдің, шөптің арасында, ұшып-қонып жүреді.

**Балалар губкамен сурет салады**

**Техникалық қауіпсіздік ережелерін ескерту!**

Алдымен балалар қылқаламды ұқыпты ұстаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз, субо-яқты пайдаланып; қылқаламмен губкаға жағып, ақ қағазға бастыру арқылы саламыз.

**Көбелек:** Ой қандай тамаша! Менің бейнемді осылай салуға болады екен ғой! Әр баланың жұмысын мадақта.

— Ал енді бойымызды сергітіп алайық.

**Сергіту сәті. «Көбелек» әні.**

**Ақ қанатты көбелек**

1. Ақ қанатты көбелек

Көк қанатты көбелек

Қызыл қанат көбелек

Бақшамызға келе кет

Бақшамызға келе кет.

қ-сы: Көбелек-ау; көбелек

Бақшамызға келе кет

2. Гүлдер, гүлдер көктесін

Көбелектер көп келсін

Қызыл қанат көбелек

Бақшамыздан кетпесін

**Ойын:**

**Тақырыбы:** «Көбелекті өз түсіне орналастыр» санына, түстеріне қарай ажырату.

**Мақсаты:** Көбелектерді түсін ажырата отырып, өз түсімен сәйкестендіру.

**Қорытынды**

— Балалар бүгін біз не жайында үйрендік?

— Сендерден көбелек қандай көмек сұрап келді?

— Көбелек қайда болады?

— Біз сендермен түсі қандай көбелек салдық?

— Көбелек орыс тілінде қалай аталады?

**Мадақтау:** Бүгін балалар оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар, көбелекті жақсы бейнеледіңдер рахмет сендерге.



## Күшік пен мысық ертегісі

*Ж.Т.Кубденова, №35 «Балбұлақ» МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы*

**Мақсаты:** Бір немесе екі буынды сөздерді буынға бөлуді жәнесөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету, ертегіні рөлдерге бөліп орындауды және ертегі желісін ары қарай жалғастыра білуді дамыту, балаларды үй жануарларын қорғай білуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, әңгімелеу, ойын, сұрақ-жауап.

Қажетті көрнекі құралдар: Күшік пен мысықтың құрастырма суреті (пазл), атрибуттар, жануарлар (күшік пен мысық) мүсіндері, интерактивті тақта, слайд.

**Оқу-ұйымдастыру кезеңдері:**

**Амандасу. Шаттық шеңбері:**

— Армысың, Аспан ата!

Армысың, Жер — ана!

Армысың, алтын күн!

Күліп атты таң бүгін!



Қайырлы таң, балалар!  
 Қайырлы таң, қонақтар  
 Бәріміз бірге қуанайық,  
 Бәріміз дос болайық!

— Балалар келген қонақтарға амандасады. Балалар өздеріне ұнаған күшіктің немесе мысықтың мүсіндерін таңдап, топқа бөлініп отырады.

— Құрастырманы құрастырып ненің бейнесі шыққанын табайықшы.

— Күшік пен мысықты құрастырады. (пазл)

— Ал, сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма?

— Үйінде бар балалар айтады.

— Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер, олар қандай тамақ жейді?

— Мен мысығымна сүт беремін. Ал күшігім етті жақсы көреді.

— Ал сендердің күшіктерің қандай дыбыс шығарады?

— Мен өзімнің мысығымның дауысын саламын. Ол «мияу-мияу» деп дыбыстайды.

Менің күшігім «әуп-әуп» деп үреді.

Тақтаға күшік пен мысықтың суреті ілінеді.

— Балалар, сендер ненің суретін көріп тұрсыңдар?

Күшік пен мысықтың суретін көріп отырмыз.

— Ал, күшіктің анасын қалай атаймыз?

— Ит деп атаймыз,

— Ит деген сөз неше буыннан тұрады.

— Ит — деген сөз бір буыннан тұрады, қолдарын шапалақтау арқылы көрсетеді.

— Ал, мысықтың баласын марғау деп атаймыз.

— Балалар марғау деп қайталайды.

— Марғау сөзі неше буынға бөлінеді?

— Марғау сөзі екі буынға бөлінеді.

— Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы, күшікті «Құтжол» деп, ал мысықты «Мамық» деп атаймыз.

— Құтжол пен Мамық сөздері неше буыннан тұрады?

— Құт-жол, мамық сөздері екі буыннан тұрады.

— Ал, мына текшелермен ойнай отырып, суретті атап, буынға бөлеміз.

— Қазір мен «Күшік пен мысық» ертегісін оқып беремін, мұқият тыңдап отырамыз.

— Қарны ашқан күшік қаңғып жүріп, тауда қасқырға кезігеді.

— Ей, күшік мен сені жеймін, — дейді қасқыр.

— Қой, жеме мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің — дейді күшік.

— Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, — дейді қасқыр. Екеуі бір топ сиырды көреді.

— Күшік, менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай? — дейді қасқыр.

— Көздерің қып-қызыл, екі құлағың жымыған, аузың арандай ашылған, құйрығың жас шыбықтай майысып тұр.

### Қасқыр:

— Енді маған қара, — деп бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, күшікті детойғызады, өзі де тояды.

— Күшік енді мен сені жемеймін. сау бол! — деп кетіп қалады. Іші пысқан күшік мысыққа кездеседі.

— Мысық мен сені жеймін, — дейді.

— Мені тойдыр күшік.

— Жарайды, менімен бірге жүр, — дейді күшік. Екеуі бір топ жылқыны көреді.

— Мысық маған қара, құлағым, көзім, құйрықтарым қандай?

— Көзің бозарып, құлағың сылпиып, құйрығың салпақтап тұр.

### Күшік:

— Қара маған не қыларымды? — деп жылқыға жабыса кетеді. Жылқы маңдайынан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі.

### Сонда мысық:

— Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен қасқыр бола алмайсың, — дейді.

### Ертегі мазмұнын сұрау.

— Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

— Иә, ұнады.

— Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші?

— Күшік, мысық, бұзау, жылқы, қасқыр.

— Күшік келе жатып неге жолығады?

— Қасқырға.

— Қасқыр не дейді?

— Сені жеймін дейді.

— Күшік не дейді?

— Жеме алдымен тойдыр дейді.

— Екеуі келе жатып нелерді көреді?

— Сиырларды көреді.

— Қасқыр не жейді?

— Бұзауды жейді.

— Тойған қасқыр күшікке не дейді?

— Кете бер сені жемеймін дейді.

— Іші пысқан күшік неге жолығады?

— Мысыққа

— Мысыққа не дейді?

— Сені жеймін дейді.

— Мысық не дейді?

— Мені тойдыр, — дейді.

— Күшік жолда нелерді көреді?

— жылқыларды көреді.

— Жылқыға күшіктің шамасы келе ме?



— Жоқ шамасы келмейді.

— Міне балалар, «әлін білмеген әлек» деген осыдан қалған екен.

— Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық. (Атрибуттар кигізу)

Балалар рөлдерге бөліп сахналайды.

**Сергіту сәті:**

Керіледі мысық,

Көзін жаймен қысып,

Жүгіреді күшік,

Аула ішін кезіп.

Өлең мазмұнына сәйкес, қимылдар жасайды.

**Дидактикалық ойын:** «Бұл ненің дауысы?»

Ойын шарты: Аудиодан үй жануарларының дауысын тыңдату арқылы қай жануарға тиесілі екенін табады.

**Қорытынды:**

— Балалар сендер қандай ертегі сахналадыңдар?

— Күшік пен мысық ертегісін.

— Ертегідегі кейіпкерлерді атаңдаршы?

— Қасқыр, күшік, мысық, жылқы.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегіні сахналап, бір екі буынды сөздерді буынға бөлуді.

**Түсінеді:** Ертегі мазмұнын, дыбысталуына қарай сөздерді салыстыруды.

**Меңгереді:** Жануарлардың дауыс ырғағын салады.



## «Ғажайып орманға саяхат»

*Г.Молдабекова, №48 «Шаттық»  
балабақшасының психологі, Ақтөбе қаласы*

**Білімділігі:** Балалардың жыл бойы алған білімдерін бекіту, ертегілерге қызығушылығын арттыру, нұсқау бойынша тапсырмаларды орындауға үйрету, танымдық қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелілігі:** Ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа, бір-бірінің сөзін тыңдауға, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

**Дамытушылығы:** Балаларды ертегілер арқылы сөйлеу дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін, ойлау және сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Сабақтың түрі:** Ойын түріндегі саяхат сабақ

**Сабақтың көрнекілігі:** Слайд, үйшік, түрлі таратпа материалдар, тапқырыпқа байланысты суреттер.

### I. ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢІ

**Автор:** Үлпек қыз ғажайып орманда серуендеп келе жатып, алыстан бір үйшікті көреді. Қызығып бірден жүкіріп барады.

**Үлпек қыз:** Тук-тук-тук!!! Тук-тук-тук!!! Кім бар екен мұнда...?

**Автор:** Үйшік ішінен кішкентай ергежейлілер шығады.

**Үлпек қыз:** Саламатсыңдарма? Сендер кімсіңдер?..

**Балалар:** Сәлеметсізбе! Біз кішкентай ергежейлілерміз. Осы ғажайып орманда тұрамыз.

**Үлпек қыз:** Мен сендерді тапқанымға қуаныштымын. Келіңдер балалар, сендер осы ғажайып орманда күні бойы не істейсіңдер? Не білесіңдер? Сендердің білімдеріңді тексеріп көрейін.

— Маған мына ғажайып орманға саяхатқа шығуға көмектесесіңдерме?

**Балалар:** Я көмектесеміз.

**Үлпек қыз:** Олай болса кішкентай ергежейлілер саяхатымызға дайындалып шаттық шеңберін құрып жіберейік.

**Психологиялық дайындық**

Орман, тау, көлдер ғажайып,

Біз серуенге барайық.

Көрікті шексіз даламыз,

Біз бақытты баламыз.

— Ал, онда кеттік... Балалар осы ғажайып орманда сиқырлы тапсырмалар бар деп естіп едім. Келіңдерші бірігіп іздейік.

### II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**1-тапсырма. «Жалпы атауын ата»**

**Мақсаты:** балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында аттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып, шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.

**Көрнекіліктер:** жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздары.

**Ойын шарты:** тәрбиеші балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оқу құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірне-





ше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Өзінің топтағанын айтуы тиіс.

**Мысалы:** алма, өрік, алмұрт жемістерге жа-тады. Өйткені олар жеміс ағаштары.

— Жарайсыңдар балалар сендер бірінші тапсырмадан сүрінбей өттіңдер.

— Балалар мына жаққа қараңдаршы үлкен ға-жайып теледидар бар екен.

### 2-тапсырма. «Қарама-қарсы?»

**Мақсаты:** Ойлау қабілетін дамыту

**Көрнекіліктер:** Әр түрлі заттар бейнеленген суреттер.

**Ойын шарты:** Суреттегі қасиеттері қара-ма-қарсы заттарды тауып атау.

— Ал, енді балалар бұл тапсырманы да орын-дадық. Сендер шаршаған шығарсыңдар. Енді мына әсем гүлдерге отырып, көзімізді жұмып, тыныштық жаттығуын орындап жіберейік.

Бойымыз бір сергіп қалсын.

**Тыныштық сәті:** (әуен ойналады) В.А.Мо-царт «Ближе к мечте»

Мен әуенді қосқан кезде бәріміз жүрегіміздегі сиқырлы ертегілер әлеміне аттанамыз. Айналаның бары тып тыныш, сен ертегілер еліне келдің. Ерте-гілер елі өте ғажап екен. Зәулім биік алтынмен қап-талған сарайлар, айнала тола әдемі түрлі-түсті гүл-дерге, жап жасыл ағаштарға, айнала тып тыныш, керемет. Сен сол жердің таза ауасымен терең тыныс аласың, демді шығарасың. Тағы тыныс аласың, демді шығарамыз. Демді сыртқа шығарғанда бойыңдағы барлық қобалжу, қорқыныш, мазасыз-дану кетіп сен өзінді еркін сезінесің. Ол жерде сен жақсы көретін ертегі кейіпкерлерің жүр. Солармен бірге сенде ертегі елінде жүрсің. Ол қандай ертегі көзіңе елестетші? Ал енді терең тыныс алып көзі-мізді ашамыз. Біз ертегілер еліндеміз.

Қандай ертегіні елестетің? Кейіпкерлерді аташы? Қай кейіпкер ол жерде жақсы? Неге?

— Балалар қараңдаршы, мына ғажайып орман-да неге біздің күніміз шауағын төкпей тұр.

### 3-тапсырма. «Күн және бояулар»

**Автор:** Мені бір суретші Болат деген бала сал-ды, содан ол менің шуақтарымды бояуды ұмытып кет-тіпті. Менің бетімді бұлт басып, барлығы маған күле бастады. Кішкентай балапандар да күлді. Кішкентай ергежейлілер маған көмектесіңдерші. Сосын мен сендерді өзімнің шуақтарыммен жылытамын.

**Үлпек қыз:** Балалар күнге көмектесемізбе?

**Балалар:** Я

**Үлпек қыз:** Ендеше, тезірек бояуларымызды

алып күнге көмектесейік.

**Үлпек қыз:** Жарайсыңдар, балалар! Күніміз жарқырап шыға келді. Ал, енді менің кішкентай до-старым барлығымыз демалып көңілді ойын ойнап жіберейік.

### «Ормандағы ағаштар» ойыны

**Мақсаты:** Балаларға қозғалуға, демалуға мүм-кіндік беру. Музыка ойналады.

**Мәтін:** Сендер ағашқа айналуға дайынсыңдар ма?

Бір-біріңнің арттарыңа тұрыңдар. Орманда күн шығып барлық ағаштар оған жапырақтарын жайып қарап тұрды. Күнге әрбір жапырағы жылыну үшін жоғары-жоғары созылды. Саусақ-жапырақтар күннің астында билеп тұрды. Кенеттен қатты жел тұрып, талдар жан-жаққа шайқа бастады. Бірақ талдың тамырлары тереңге кеткен, олар жәй ғана тербеледі. Желдің артынан жаңбыр жауып, талдар алғышқы жауын тамшыларын сезінді.

Алдыңғы тұрған баланың арқасын сау-сақтарымен жауын тамшыларындай тырсылдат. Кәдімгі майда жаңбыр жауып-жауып тұрғандай қимыл жеңіл болу қажет.

Жауын одан әрі күшейіп қатты жауа бастады. Талдар бір біріне жанашырлық білдіріп жаңбырдың қатты соқысынан қорғап сипалай бастайды. Көп ұза-мау көк жиектен күн көрініп, талдар қуанды. Олар өздеріндегі артық жауын тамшыларын сілкіп тастады. Өздерін сенімді, сергек, тап-таза сезініп қалды.

### III. ҚОРТЫНДЫ

— Балалар мына ғажайып орманның тағы не сиқыры бар екен, қане барлығымыз жан-жағымыз-дан іздеп көрейікші.

**Балалар:** Сиқырлы сандықшаны таптық

**Үлпек қыз:** Жарайсыңдар, енді сиқырлы сан-дықшаны ашып не бар екенін көрейік. Менің кішкен-тай достарым сендерге ғажайып орманның сыйлығы ұнады ма? Олай болса мына көңіл-күй айнасынан бүгінгі саяхатымыздан алған әсерімізбен бөлісейік.

— Балалар көңіл-күй айнасынан түрлі смай-ликтер арқылы өз әсерлерімен бөліседі.

**Үлпек қыз:** Кішкентай ергежейлілер мен сен-дерге көп алғыс айтқым келеді. Маған сендермен саяхат жасаған қатты ұнады. Ендеше мен сендерді өзімнің үйіме қонаққа шақырамын, менімен бірге жүріңдер.

**Күтілетін нәтиже:** Балалардың ертегілер ту-ралы түсініктерін кеңейту.

**Бала жасай білу керек:** Балалар өздеріне жүк-телген тапсырмаларды дұрыс, әрі тиянақты орын-дай алады.



## «Түстер әлемі» апталығы

*Э.М.Жаулбаева, №3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы тәрбиешісі, Ақтөбе облысы, Алға қаласы*

**Апталықтың мақсаты:** балалардың негізгі түстер туралы білімдерін бекіту.

**Білімділік:** балаларды затты түсіне, пішініне, көлеміне қарап тануға және атауға, қоршаған ортадан заттарды белгілі бір түсіне қарай табуға, оның қандай материалдан жасалғанын айта білуге, сұрақтарға толық жауап беруге, өз бейнесіне қарай заттарға түс таңдай білуге, карандаштарды дұрыс қолдана білуге үйрету.

**Дамытушылық:** балалардың көру арқылы есте сақтау және қиял, ойлау қабілеттерін, қолдың саусақ ұсақ бұлшықеттерін, ой-өрісін дамыту.

**Тәрбиелілік:** балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, жауапкершілікке, өздерін қоршаған ортада тәртіпті, көңілді ұстауға, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.

**Алдын-ала жұмыс:** түстер бойынша ойын түрлерін жинақтау; көрнекілік материал, бейне материал жинақтау;

**Ата-анамен жұмыс:** жылжымалы папка «Түстерді ажырата білейік»

**Апталық бес күн ішінде өтеді. Әр күн белгілі бір түске арналады.**

1 күн — қызыл түс;

2 күн — көк түс;

3 күн — сары түс;

4 күн — жасыл түс;

5 күн — тұсаукесер, апталықты қорытындылау.

Әр күн сайын үстел үстінде сол күнгі түске байланысты түсті салфеткалар, жарға шарлар ілінеді.

Балалар сол күнгі түске қарай киініп келеді, сондай түс шар әкеледі.

**1 күн: «Қызыл түсті патшалық».**

Тәрбиеші балаларға әр түсті бояулар патшалығына саяхаттауға баратындарын айтып түсіндіреді, әңгімелейді. Әр күн сайын патшалық өз түсін ауыстырып отырады. Бүгін қандай түсті патшалықта екендерін сұрайды. Балалар өздері Қызыл түсті патшалық екенін айтады.

**Қызыл түс** адамның энергияға толы екенін көрсетеді. Өмірлік күшті, нәтиже, сәттілікке қол жеткізу үшін талпынысты жеңіске деген жігерді, құлшынысты білдіреді. Күрескер, батыл адамдар.

**Ойын:** «Көргенінді ата»

— Балалар, суреттен қандай заттар көріп тұрмыз? Қандай түс? Пішіні қандай? (мысалы: бұл қызыл, ол кішкентай, домалақ, қызыл )

— Ал енді балалар топ бөлмесінен қызыл түсті қандай зат көріп тұрсыңдар? Сол затты үстелге алып келеміз.

**2 күн: «Көк түсті патшалық»**

**Көк түс** — жан тыныштығын, молшылықты, таулықты білдіреді. Көк түсті таңдағандар — тыныш ортаны мазасыздық пен сотқарлықтан, келіспеушіліктен алыс болуды қалайтындар.

**Ойын:** «Бірдей түсті тап»

Ойын «Кім жылдам?»

Сергіту сәті: «Бұлттар»

Ойын: «Көңілді карандаштар»

3 күн: «Сары түсті патшалық»

**Сары түс** — жеңілдік пен қуанышты, нұр сәулені білдіреді. Күн шапағатының нышаны. Сары түс адамды болашаққа бағыттайды, жаңалыққа талпындырады. Сары түске құмар адамға тұрақсыздық тән, өзгерісті жиі қалап тұрады.

**Ойын:** «Көргенінді ата»

**Ойын:** «Бірдей түсті тап»

**Сергіту сәті:** «Тауық пен балапандар»

**Ойын:** «Қандай шар?»

**4 күн: «Жасыл түсті патшалық»**

**Жасыл түс** — еркіндікке деген жігерлілікті, табандылықты, мақсаткерлікті, өзімшілдікті, «мен» деп өзіне жоғары баға берушілікті білдіреді. Бұл түсті таңдағандар — айналасындағы адамдардан мақтаулар, жақсы пікірлер күтетін адамдар.

**«Түстер туралы ертегі «оқып беру».**

**Ойын:** «Көргенінді ата»

**Ойын:** «Бірдей түсті тап»

**Ойын:** «Өз түсін тап»

**Сергіту сәті:** «Бақа, бақа, балпақ»

**5 күн: «Тұсаукесер» (презентация )**

**Апталықты қорытындылау.**

Бұл күні балалар әртүрлі түсті киімдермен келеді. Түрлі-түсті шарлар ілінеді.

— Балалар, бүгін біздер соңғы күн түсті бояулар патшалығында қонақтамыз. Бүгін барлық түстер бірге келді, түстердің әртүрлі болғаны қандай әдемі.

— Балалар, есімізге түсірейікші, біздер қандай түстер патшалығында болдық?

Балалар жауап береді.

**Ойын:** «Доптарды түсіне қарай жинау»

**Ойын:** «Көбелекті өзі түстес гүлге қондыру»

**Би:** «Кемпірқосақ» балалар түрлі-түсті шарлармен билейді.



## «1-ден 5-ке дейін тура және кері санау»

**Ә.Ж.Қуанышова**, №3 «Гүлдер»  
Алға балалар бақшасының тәрбиешісі,  
Ақтөбе облысы, Алға қаласы



**Білімділік:** 1-ден 5-ке дейінгі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру, геометриялық пішіндерді меңгерту. Логикалық есептер шығаруға, уақытты, кеңістікті бағдарлай білуге, жыл мезгілері мен ай тауларын дұрыс атауға.

**Дамытушылық:** Өздігінен жұмыс істеуге машықтандыру, ойлау қабілетін, байқампаздығын, ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылығын дамыту. Өздігінен талдау жасауға үйрету, санаған сандарын саналы түрде түсіне білуге дағдыландыру. Ой-өрісін, білімділігін, зейінін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

**Тәрбиелік:** Шыдамды болуға, ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу, ой еңбегіне бейімдеу, адам мен табиғат арасындағы байланыс арқылы еңбексүйгіштікке, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, жұмбақтар жасыру, көрсету, дид/ойын, сергіту сәті, мадақтау, қорытындылау.

**Көрнекіліктер:** Сандар жиынтығы, геометриялық пішіндер, үй жануарлары суреттері

### Шаттық шеңбері:

Амансың ба, алтын күн!  
Амансың ба көкаспан!  
Амансың ба достарым!  
Сендерді көрсем қуанам!  
Ұйымдастыру кезеңі:

**Тәрбиеші:** Қане балалар, есімізге түсірейікші, бір жылда неше мезгіл бар?

**Балалар:** 4 мезгіл.

**Тәрбиеші:** Осы төрт мезгілді атайықшы.

**Балалар:** Қыс, көктем, жаз, күз.

**Тәрбиеші:** Ал, қазір жылдың қай мезгілі?

**Балалар:** Қыс.

**Тәрбиеші:** Өте жақсы айттыңдар, дұрыс.

Осы қыс мезгілінде неше ай бар? Соларды атап көрейікші.

**Балалар:** Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

**Тәрбиеші:** Қыс мезгілі келгелі сендер қандай өзгеріс — ерекшеліктерді байқадыңдар?

**Балалар:** Күн суыды, қар жауды.қалың киіне бастадық.

**Дид/ойын «Төлдерін ата».**

**Тәрбиеші:** Кімнің үйінде қандай үй жануарлары бар?

**Балалар:** Сиыр, қой, ешкі, жылқы, түйе.

**Тәрбиеші:** Балалар біздер үй жануарларының төлдерін айтайықшы.

Сиыр — төлі бұзау

Қой — төлі қозы


Ешкі — төлі лақ

Бие жылқы — төлі құлын

Түйе — төлі бота. — Дұрыс айтасыңдар балалар! Ата — әжелеріміз, әке — аналарымыз осы сөздерді пайдаланып бізді қалай еркелететінін айтып көрейікші: Құлыным, қозым, ботам...

— Сонда біздер неше үй жануарын біледі екенбіз? Балалар біздер 1-ден 5-ке дейін тура және кері санауды есімізге түсірейікші. (Балалар бірге санайды).


— Балалар, біз қандай геометриялық пішіндердің түрлерін білеміз?




— Өте дұрыс. Мен сендерге жұмбақ жасырайын. Сендер жауабын шешіп, атап, қандай пішінге ұқсайтынын атайсыңдар.




1. Таңмен көзін ашады,  
Әлімге нұрын шашады.  
— (күн)




2. Төртбұрышты, бірауызды  
— ұқсайды.  
(сандық)



3. Айдалада ақ отау,  
Аузы, мұрны жоқ отау.  
— ұқсайды.  
(жұмыртқа)



4. Тікен — тікен тік пісте,  
Қысы — жазы бір түсте.  
— ұқсайды.  
(шырша)



5. Төрде жатып шалқиған,  
Дәу қарны бар қампиған.  
— ұқсайды.  
(жастық)



### Логикалық есептер:

1. Бес алманың үшеуін,  
Досың сұрап алады.  
Айтшы сонда нешеуі,  
Өз қолыңда қалады?  
(екі)

2. «5» алған балаға 5 алма,  
«4» алған балаға 4 алма.  
«3» алған балаға 3 алма.  
«2» алған балаға неше алма?  
(екі)

3. Қолымды 1 алма, табақта 2 алма,  
Қосқанда барлығын болады неше алма?  
(үш)

### Сергіту сәті:

**Қорытынды:** Жақсы, балалар 1-ден 5-ке дейінгі сандарды жақсы меңгеріпсіңдер. Өте тамаша оқу қызметіне қатыстыңдар. Сабақ сендерге ұнады ма? Ендеше бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінен алған қуанышты көңіл-күйімізді қалай білетінімізді көрсетейік.

Қол ұстасып тұрайық,  
Шеңберді біз құрайық  
Көріскенше күн жақсы  
Сау — саламат болайық.

## «Менің сүйкімді күшігім»

**Л.М.Толыбаева,**

№35 «Балбұлақ» МДҰ музыка жетекшісі

**Мақсаты:** Балаларды үй жануарларының бірі күшікпен таныстырып «Менің сүйкімді күшігім» әнінің сөздерін жаттату. Оның әдемілігін, сүйкімділігін сезінуге және қайырымдылыққа баурап жануарлар дүниесіне қамқор болуға тәрбиелеу.

**Әрекет кезеңдері:** Залға бір қатармен жүріп музыкамен кіріп келеді.

(Музыкамен бірге би қимылдарын жасайды.)

**Тәрбиешінің іс-әрекеті:** Қане, балалар, апайлар мен амандасайық.

**Балалардың іс-әрекеті:** Саламатсыздар ма?

**Дәлелдеу:** «Шаттық шеңберін» жасау;

Қане, қане тұрамыз,

Үлкен шеңбер құрамыз.

Күннен жылулық алып,

Апайларға сыйлаймыз. (Алақандарын ашып үфф деп үрлейді)

Балалар, мен сендерге сұрақ қоямын, сендер жауап беріңдер, жарай ма?

1. Балалар, біз қандай сабаққа келдік?

2. Музыка сабағында не үйренеміз?

3. Музыка сабағында ән айтсақ қалай отырамыз?

4. Балалар, қараңдаршы, мына жердегі нелердің суреттері? (Слайдта үй жануарларының суреттері)

5. Сендер үй жануарларын, олардың балаларын жақсы білесіңдер, ия балалар?

6. Қане, олай болса аттарын айтып шығайықшы?

7. Ішіндегі сүйкімді болып тұрған күшікті көрсетіп.

Мынау ненің суреті, балалар?

Бұл — күшік.

— Сендер күшікті білесіңдер ме?

— Күшік үлкен болып өссе оны не деп айтамыз?

— Күшіктің дауысын салайықшы?

— Күшіктер қандай тамақ жейді?

— Сендердің үйлеріңде күшік, ит бар ма?

— Білесіңдер ме? олардың аттары болады. Мысалы, біз мына отырған күшікке ат қояйықшы, қане ойланайық! Балалар, бұл күшіктің атын «Ақтөс» деп қойсақ қалай болады?



Қысқаша күшік жайлы әңгіме айтып беру:

Өлеңін оқу:

Күшігім, менің үріп тұр — аф, аф,

Бір нәрсені сезіп тұр — аф — аф.

Есікті ашып қарасам,

Атам, әжем келіп тұр!

**Дидактикалық ойын: «Күшіктерді табыңдар».** (Суреттерге қарап күшіктерді бір жағына, мысықтарды бір жағына жинау керек)

**Психологиялық сергіту сәті:** (Сұрақтарға жауап беру арқылы сергіп алу.)

Балалар күшік ашуланса қайтеді?

Бірдеңені сезіп қалса не істейді?

Қатты жүгіргенде қайтеді?

Тағы да өлең жолдарын қайталау:

**Өлеңін оқу:**

Күшігім, менің үріп тұр — аф, аф,

Бір нәрсені сезіп тұр — аф — аф.

Есікті ашып қарасам,

Атам, әжем келіп тұр!

Жарайсыңдар, балалар!

Біз не жайлы айттық, күшік жайлы

Балалар, бір қолымызбен жүрегімізді ұстап, екінші қолымыз бен күн шуағын шақырып, қолдарын алға созып үрлеп келген қонақтарға жылу сыйлайды.

Апайларға сау болыңыздар! — деп, шығып кетеді.



## «Шалқан» ертегісін сахналау

**Г.К.Нурписова, №35 «Балбұлақ» МДҰ**

*тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы*

**Мақсаты:** дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстайды; сахнаны, алаңды бағдарлайды; театрландырылған қойылымды дайындау барысында ересектермен және құрдастарымен өзара әрекет ете алады; жануарлардың суреттерін салады; ертегі бейнелерін мүсіндеуге қызығушылық танытады.

**Өту барысы:**

— Саламатсыңдар ма балалар, бүгін сендер тағы да ертегілер елінде қонаққа келдіңдер!

— Қане, күнімізді сәтті өтуіне сиқырлы тілектер айтайық.

Арайлап таң атты

Шуағын таратты

Қайырлы таң алтын күн!

Қайырлы таң кайырымды жер!

Қайырлы таң достарым!

Балалар бір біріне жақсы тілектер айтады.

— Осы жолы балалар біз бақшаға барамыз.

Тәрбиеші балаларды алдын ала жабдықталған бақшаға алып келеді.

— Енді мен сендерге көкөністер мен жемістерді көрсетем. Солардың арасынан ертегінің атын таба аласыңдар. (Слайд көрсету — 3 минут)

— Дұрыс таптыңыздар. Ол шалқан.

— Қане, ертегіні көріп алайық. (видео көрсету)

**Келесі тапсырма:** ертегіні сахналау. (бақылау)

Екі топқа бөлу «суретшілер» мен «мүсіншілер» ертегі кейіпкерлерін бейнелеу.

**4К:** командалық жұмыс.

**1 топ «суретшілер»** ертегі кейіпкерлерін ақ параққа салады.

**2 топ «мүсіншілер»** ертегі кейіпкерлерін тақтайшада мүсіндеу

**Келесі тапсырма:** ертегі желісін ретімен әр топ өз жұмыстарына қарап отырып айту

**Қортындылау**

**Блум токсномиясы**

1	білім	Ертегі не туралы?
2	түсіну	Ертегіде қандай кейіпкерлер болды?
3	қолдану	Ертегі кейіпкерлерін ретімен айтып бер
4	талдау	Не себепті атай шалқанды жұла алмады?
5	синтездеу	Егер тышқан да шалқанды жұлыса алмаса не болар еді?
6	бағалау	Өзіне ұнаған кейіпкеріңді ата, неліктен ол саған ұнады?

**Бағалау «От шашу»**



## «Балабақша мен отбасы»

**Б.О.Молжанова**, №35 «Балбұлақ»  
МДҰ меңгерушісі, Ақтөбе қаласы, Астана  
ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы

**Мақсаты:** Ата-аналардың өзара қарым — қатынасын жақсарту. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешімен дұрыс қарым — қатынаста болу. Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу.

**Көрнекілігі:** Музыка жазылған ұнтаспа, қағаз — қаламдар, ағаш, алмалар, шарлар, себет

### Шаттық шеңбері:

Ата — аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір — біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір-бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз. Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

**Танысу:** Әр ата-ана өзін таныстыру керек, өзінің атына екі — үш сын есімін қосып таныстыру. Мысалы: Айдай сұлу — Айсұлу.

### Тренинг:

Енді ата — аналар, «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діңі болып бөлінеді.

Ал енді ата — аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырақ таңдадыңыздар, сіздер не үшін діңін таңдадыңыздар соны тобыңызбен келісе отырып бір келісімге келіп, топтан бір адам шығып қорғайсыздар. (әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік. Тамыр таңдағандар

істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Діңгекті таңдағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар. Енді ата — аналар мына үлкен қағазға «тамыр тобы» — тамырды, «діңгек тобы» — діңгекті, «жапырақ тобы» — жапырақты саламыз.

*(Музыкалық сүйемел, қалам — қағаздар)*

Ұстаздарыңызға деген талап — тілектеріңізді «тамыр тобы» — тамырға, «діңгек тобы» — діңгекке, «жапырақ тобы» — жапыраққа жазыңыздар.

Осы ағаштың тамыры — ата — ана, діңгегі — тәрбиеші, жапырағы — балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді.

Енді мына себеттен алмаларды алып, өз балаларыңызға тілек жазып, ағаштың жемісін іліп, балаларыңыздың қызығын көрейік.

*(музыкалық сүйемелдеу, тілек жазу)*

**Ойын:** «Қай жұп күшті?»

Қазір әркім өзіне серік таңдайды, шарды алып, көңілді музыкаға билеп, шарды жарады. Шардың ішінен жақсы тілектер алып шығып, қалған ойыншыларға дауыстап оқып беру. Әр жұп кезектесіп белгіленген уақыттан белгіленген жерге дейін шарды бір — бірін құшақтап шарды жарады.

**Ойын:** «Кім екенін тап»

Әрбір адам өзінің аты — жөнін көрсетпей, өз — өзіне психологиялық мінездеме жазады. Өзінің ұнамсыз қасиеттерін жазуы керек. Бұл мінездеме жазылған беттерді жетекші жинап, араластырады да, арасынан біреуін алып, дауыстап оқиды. Топ мүшелері мінездеменің иесін табу керек.

**«Тілек гүлі»** (қорытындылау)

**Мақсаты:** тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата — ана мен балабақша арасын (дағы қарым — қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя — жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Ата — аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін.



## «Мои любимые игрушки»

**А.Ж.Тәжібай**, №3 «Гүлдер»

Алға балалар бақшасының тәрбиешісі,  
Ақтөбе облысы, Алға қаласы

**Мақсаты:** Учить детей понимать вопросы на русском языке и давать правильные ответы, называть игрушки, использовать в речи подходящие по смыслу глаголы и прилагательные, формировать понятие об обобщающих словах; правильно выговаривать слова, развевать речь, воспитывать интерес к занятиям по русскому языку и бережное отношение к игрушкам.

**Көрнекіліктер:** Картинки игрушек, мягкие игрушки.

**Сөздікжұмыс:** игрушки, твердые, мягкие.

**Существительные:** мяч, кукла, мишка, зайка, пирамидка.

**Прилагательные:** круглый, большой, маленький, красивая.

**Әдіс-тәсілдер:** показать, объяснить, сюрпризный момент.

**Приветствие.**

**Круг радости (шаттық шеңбері):**

Мы весёлые ребята

Мы ребята-дошколята

Дружно за руки возьмёмся

И друг другу улыбнёмся.

— Здравствуйте, ребята. Как Ваши дела, здорово?

**Сюрпризный момент.** Есік қағылады.

— Балалар, біреу біздің есікті қағып тұрған сияқты. Қонақ келген сияқты.

Есікті ашып, Әсел қуыршақты қарсы алу.

— Здравствуй, Әсел! Балалар, қонақпен амандасыңдар.

Балалар орыс тілінде амандасады.

Қуыршақ Әсел:

Балалар, мен сендермен орысша сөйлесуге келдім. Мен орысша айта аламын, маған достарым үйретті. Қуыршақты көрсетіп — это мяч, қоянды — слон, пілді-аю дейді

— Балалар, сендер не дейсіңдер? Қонағымыз ойыншықтарды дұрыс атады ма? Оған орысша дұрыс атауды үйретейік.

**Жұмбақ шешу:** доп, құрастырғыш кубиктер, машина.

**Работа с картинками.**

— Дети, посмотрите, что вы видите на картинках?

— А как их в общем назовем?

— Правильно, дети.

— Их называем игрушки.

Ойыншықтар жасалуына қарай бірнеше түрге бөлінеді екен:

1. жұмсақ — мягкие; 2. резина — 3. қатты — твердый немесе пластмассадан жасалады екен.

— Ребята, скажите, можно рвать игрушки? Почему нельзя?

**Д/о:** «какой? какая? какое?»

**Д/о:** «Назовем ласково игрушки» (ойыншығымды еркелетем )

Заяц-зайка, машина-машинка, мяч-мячик, кукла-куколка.

**Сергіту сәті: «Мишка косолапый»**

**Д/о:** «Что лишнее?» (не артық? )

Балалар суреттен артық затты тауып айтады.

**Д/о:** «Найди тень» (көлеңкесін тап )

— Молодцы, ребята!

— Балалар, қане кім ойыншықтар туралы тақпақтар біледі екен?

**Томирис:**

Наша Таня громко плачет

Уронила в речку мячик

Тише Танечка не плачь

Не утонет в речке мяч.

**Еркеназ:**

Игрушки не люди

Но все понимают

И очень не любят

Когда их ломают.

**«Помоги Әсел раскрасить мячи».** Еремексазды пайдаланып допты жапсыру.

Әсел балаларға ризашылығын білдіреді

До свидания!

**Тәрбиеші:**

— Дети, мы сегодня про что говорили?

— У нас в группе какие игрушки есть?

— Какие слова учили?

Балалар, сендер бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар. Молодцы! До свидания!



## «Сиқырлы қағаз»

(Оригами)


**З.А.Токпанова**, №35 «Балбұлақ»

МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы

Мың жыл бұрын қытайлар қағазды ойлап тапқан уақытта, оригами өнері пайда болды. Бұл жай ғана қарапайым қағаздан, қандай да бір ойыншық жасау өнері. Кейініректе оригами Жапонияға әкелінді. Жапондықтар небір кереметтерге қол жеткізді, жай қағаздардан түрлі фигуралар жасап шығарды. Жапондықтар өз ісінің шеберлері болды, бірнеше секундтарда бір бет қағаздан құстың, жәндіктің, жануардың бейнесін шығара алатын. Оригамидағы еңбек құралы — жалғыз қағаз. Балалар, басқа материалдарға қарағанда қағазбен ертерек танысады. Қағаз қарапайым және кез-келген өзгерістерге тез енетін зат. Дайын фигурамен ойнауға, сыйлауға, балаларға арналған қағаздан жасалған

ертегі кейіпкерлері мен ертегілер қоюға болады. Бұл керемет қой. Жаңа ғана қолында бір бет қағаз бар сияқты еді, бірнеше қимыл жасағаннан кейін бір құс қанатын қағып ұша жөнеледі! Қағаздан бір фигура жасау үшін, мысалы қайық, қорап сияқты, балалар үлкен адамның қолының қимыл қлозғалысын бақылап, қадағалап, қайталап отыруы керек. Олар 5 жастан бастап тапсымаларды орындай алады. Мұндай жаттығуларды оқу тиімділігі бар, бала зейінін, есте сақтау қабілетін тұрақтандырып, саусақтарын жаттықтырады. Оригами балалардың логикалық ерекшеліктерін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға себептеседі, сонымен қатар көркемөнерлік талғамын, көңіл аударушылық және жинақтылыққа, мектепте білім алуға дайындайды.

Кейбір кездерде балаларда істей алмаймын деген қорқыныш пайда болады. Егер бала жасқаншақ, ұялшақ болса, үлкендер үйретпей, «сілтеп», «бұйрық берсе», онда бұл қорқынышты жеңу қиын болады. Мұндай жағдайларда жаттығу үрдісі кезінде, ертегі қоса айтылып отырғаны жақсы көмектеседі. Бала көңілін мазмұнға аударады да сол кезде қайшылықтың туындауы төмендейді. Фигура ертегімен бірге бірлесіп, бала мәтінді қайталап,







сонымен қатар қағаздан бір нәрсе жасап шығарады. Ол өзің ертегі кейіпкері ретінде сезініп, қорқыныш пен ұялшақтықтан арылады. Бала ойнай отыра әлеммен өзара қарым-қатынас тәжірибесін алады.

Сіздердің назарларыңызға оригами бойынша «Сиқырлы қағаз» ойын сабағын ұсынамын.

**Тақырыбы:** Мысық.

**Мақсаты:** Балалардың «оригами» әдісімен жұмыс жасау іскерлігін жалғастыру. Мысық бейнесін қағаздан бүктеп жасауға үйрету. Бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын дамыту. Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Мотивациялық қозғаушы**

Жұмбақ жасыру

Мұрты бар, сақалы жоқ

Тоны бар, шапаны жоқ (мысық)

Шықпайды үйден,

Тоны — жібектен.

Күндіз ұйықтайды,

Түнде дамыл таппайды. (мысық)

Аңға барады,

Сол аңды үйден табады. (мысық)

Мысық арқылы не білесіз?

Әр түрлі мысықтар бейнеленген бірнеше суреттерді үлестіру

**Жұмбақтарды шешеді. Ойланады**

Өздерінің мысықтары туралы не білетіндерін айтады.

Балалардың көңіл-күйлері сурет арқылы көңілдерін аударады.

**Ұйымдастырушылық ізденіс**

Балалар суреттердегі мысықтардың дене мүшелеріне көңіл бөліп қарайды, мінез-құлықтарына сипаттама береді.

**Саусақ жаттығу**

Оригами әдісімен мысықтың бейнесін жасайтындарын айтып, түсіндіремін. Оригами бейнелерінің ерекшелігінің бірі-оны қолға ұстап ойыншық қып ойнауға болады.

Үстел үстінде жатқан керекті материалдарға балалардың назарын аударып, үлгіге қарап жұмысқа кіріседі.

**Жұмыс барысы:**

**Сергіту сәті. Мысықтың дене мүшелерін атайды:** Құлақ, құйрық, аяқ, мұрын, көз, бас.

Саусақ жаттығуды орындайды. Балалар суреттерді тамашалайды, жасауға кіріседі.

Қағазды бүктеу кезінде ұқыпты, әдемі бүктеуге тырысады.

Оригами мен ойнайды.

**Рефлексстік түзету**

Кимылды ойын «Мысық және тышқандар» Балалар жұмыстарын аяқтап, оны бәріміз бірге талдаймыз.

Көңілді қатысады, ойнайды

Бірлесе отырып талдайды

Күтілетін нәтиже:

**Ұғынады:** жасауды, көрнекіліктерді, түрлі қағаздарды пайдалануды

**Түсінеді:** мысық бейнесін қағаздан бүктеп жасау.

**Қолданады:** оригами әдісімен жұмыс жасап мысықтың бейнесін эстетика нормаларымен шығару.



## «Күн сәулесі және біз»

**И.Х.Аяпбергенова,**

№32 «Қуаныш» МДҰ тәрбиешісі

**Мақсаты:** Табиғаттың тазалығы — адам денсаулығының кепілі екенін біледі. Сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. Сөздерді байланыстырып толық сөйлей біледі. Ұқыпты, тиянақты болуды, табиғатты қорғау керек екенін түсіне алады.

**Жылулық шеңбер:**

Қайырлы таң атты,

Жарқыраған күн шықты.

Сәлем саған Алтын күн,

Сәлем саған Жер ана.

Сәлем саған балабақша,

Сәлем саған достарым.

(қимылмен қайталайды)

**Жүрек жылуы:** «Біздің бүгінгі күніміз қандай болсын?» балалардың таңғы тілектері.

**Сұрақ-жауап:**

- Бүгін аптаның қай күні?
- Бір аптада неше күн болады және атап айту.
- Қазір жылдық қай мезгілі?
- Қыс мезгілінің нешінші айы?
- Бір мезгілде неше ай болады және атап айту?
- Қыс мезгілінің құбылыстары қандай?
- Қысқы ойындарды атап айту?

(бала үні) (педагог жетекшілігімен)

**Жұмбақ шешу:**

Күндіз барда , түнде жоқ,

Онсыз мүлдем өмір жоқ ол не ? (Күн)

**Тақтамен жұмыс:** «Күн суретін сал»

**Үлкен күн.**

**Күлімдеген күн.**

**Шашақты күн.**

**Ғажайып сәт**

«Күн тапсырмалары» карточка көмегімен командаларға бөліну.

**1-ші тапсырма:**

Үстел үсті ойындары: «Ұқсасын тап?»

(құрылымдалған ойын)

**2-ші тапсырма:**

Қызықты математика: «Артық, кем, тең», «есеп шығар».

**(Балалар үні) (педагог жетекшілігімен)****Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрамыз,

Қолымызды созамыз.

Оңға қарай иіліп, солға қарай иіліп.

Бір отырып, бір тұрып

Біз шынығып аламыз.

**3-тапсырма:**

Сауат ашу негіздері: «Сиқырлы текше»

**(Педагог жетекшілігімен ойын) (бала үні)****Дыбыстық талдау:**

«К» — дыбысы қатаң дауыссыз дыбыс және айтылған кезінде ауаны кедергіге ұшырап шығуы арқылы дыбысталады.

«Ү» — дыбысы жіңішке дауысты дыбыс және тілдің қатысына қарай жақтың ашылуымен дыбысталады.

«Н» — дыбысы үнді дауыссыз дыбыс және өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады.

**«Артикуляциялық жаттығу»**

- Күркетауық
- Ат шауып келеді
- Ашуланған мысық
- Саңырауқұлақ
- Әткеншек
- Бақа

**4-тапсырма:**

Денсаулық : «Кім жылдам?»

(командалық)

**5-тапсырма:**

**Шығармашылық:** «Мен суретшімін» (бала үні)

**Бағалау:** балаларды өздерінің суреттері бейнеленген медалімен марапатталады.

## Қыстап қалатын құстар

*Г.М.Есеналиева, «Нұрлы болашақ»*

*балабақшасының тәрбиешісі*

**Мақсаты:** Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып, оны күтіп-баптауға, аялауға, оларға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру.

**Көрнекілігі:** Құстар бейнеленген атрибуттар, ұнтаспа, ойын құралдары.

**Әдіс-тәсілдер:** 4к моделі.

Ұнтаспадан жәй әуенмен «Құстар әні» орындалады, осы кезде бір топ бала бастарына құстардың суретін тағып, құсша қанаттарын қағып топқа кіреді да, әр ағаштың түбіне барып қонады.

**Тәрбиеші:** Біздің топтағы ағаштарға құстар қонған екен.

Құстар әні қайтадан ойнағанда балалар шеңбер құрып, апайға жақындайды.

**Тәрбиеші:** Балалар қане ойын ойнаймыз.

**Сыни-ойлау:** Дид. ойын. Құстар даусын ажырат.

**Тәрбиеші:** Қай құстың даусы.

**Балалар:** Торғай, қарға.

**Тәрбиеші:** Дұрыс таптыңдар балалар, біз бүгін қыстап қалатын құстар туралы әңгімелейтін боламыз. Экранға назар аударамыз. Қане бәріміз тыңдаймыз.

Торғай, торғай, тоқылдақ

Жерден тары шоқымақ

Бөтекесі томпайып, жерден тары шоқымақ.

Қандай құс туралы айтып тұр?

Қарға, қарға, қарғалар,

Қар үстінде жорғалар.

Боран соқса қар болар,

Бұтаға қонар қарғалар.

**Балалар:** Торғай, қарға.

**Тәрбиеші:** Осы құстар нені қорғайды?



**Балалар:** Ағаштарды.

**Тәрбиеші:** Ағаштар не үшін адамға?

**Балалар:** Ағаштар ауаны тазалайды.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасындар? Балалар қане бәріміз тыныс алу жаттығуын жасап алсақ. Бәріміз терең тыныс алып, қане бәріміз үрлейміз.

**Балалар:** Жасайды.

**Тәрбиеші:** Балалар осы құстар туралы кім тақпақ біледі?

**Дид ойын:** Кім жылдам.

**Тәрбиеші:** Кім тақпақты, анық дұрыс айтады екен.

Айнаш, Әлімхан.

**Тәрбиеші:** Балалар менің ойыма мына бір мақал келіп тұр.

Қыста құсқа жақсылық жасасаң, жазда жақсылықты қайтарады.

**Тәрбиеші:** Ал сіздер қандай тиым сөздер білесіңдер?

1. Құсқа тас лақтырма. Амина

2. Құстардың жұмыртқасын жарма. Нұртілек.

3. Құстың ұясын бұзба. Сұлтанбек.

### Креативтілігі.

**Ғажайып сәт:** Ақ көгершін әні орындалып тұрады. Сол сәтте аузында тістеген себеті бар көгершін ұшып келді.

Көгершін: сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен аспанда ұшып жүріп, сендерді көріп қонаққа келдім. Мен сендерге босқа келген жоқпын. Сендердің білімдеріңді тексерейін деп келдім. Мына менің аузыма тістеген себеттің ішінде жұмыртқалар бар, сол жұмыртқаны жарып ашсаңдар ішінде сендерге арналған тапсырмалар бар.

**1-тапсырма:** Балалар сендер құстар туралы қандай ойын білесіңдер? Кәне, атаңдаршы.

**Балалар:** «Ұшты-ұшты», «Мысық пен торғай».

**2-тапсырма:** Мен сендерге жаңадан бір ойын алып келдім. Қим ойын: «Құстар-балықтар-аңдар»

### Командамен жұмыс.

**Кюзенер таяқшалары:** **Дид ойын:** Құрастыр (балалар кюзенер таяқшаларынан құрастырады).

**Көгершін:** Балалар, сендерге көп рахмет! Өздерің ақылды бала екенсіңдер, әкелген тапсырмалардың бәрін орындадыңдар. Өзіме достар тауып алдым. Ал, енді осы достарыммен ұшып қайтам. Сау болыңдар!

**Балалар:** Сау бол!

**Тәрбиеші:** Көктем мезгілінде құстар жылы жақтан ұшып келеді, біз құстарды күтіп-баптап, аялауымыз керек. Құстар біздің досымыз. Құстар ағаш түбіндегі құрт-құмырсқалармен қоректенеді. Ағаштың жайылып жақсы өсуіне, түрлі жәндіктерден тазаруына көмектеседі. Құстарға сол себепті қамқорлық көрсетіп, ұя жасап, жем беруіміз керек.

### Викториналық сұрақтар:

1. Құстың негізгі мекені? (Ұя)

2. Қандай құс хат тасушы атанған? (Көгершін)

3. Балалар сендерге оқу қызметі ұнады ма?

4. Ұнады.

5. Бүгінгі оқу қызметінде нелер туралы әңгімелестік?

6. Құстар туралы әңгімелестік, тақпақтар айттық, мақал-мәтелдер, құстар туралы тыйым сөздер айттық.

7. Қонаққа Көгершін келді, бізге тапсырмалар алып келді.

8. Ойын ойнадық.

9. Өте жақсы балалар.



## Біз жолаушымыз

**Г.Е.Сартова**, №35 «Балбұлақ» МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы

**Мақсаты:** Көліктердің түрлері туралы білім беруді жалғастыру, қоғамдық транспортта жүру ережелерін бекіту, достыққа мейірімділікке тәрбиелеу.

Жұмбақ жасыру

Көзін ашып жұмады

Бағыт сілтеп тұрады (*Бағдаршам*)

— Балалар, бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі. Жолда жүретін көліктердің жүруін реттеп тұрады.

Қауіпсіздік ережелерін есімізге түсірейік.



## Мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытуда ертегілердің маңызы

*Ж.С.Нурғалиева, №35 «Балбұлақ»*

*МДҰ әдіскері, Ақтөбе қаласы, Астана  
ауданы, Жаңақоныс тұрғындар алабы*

*«Жаңа әлемдегі — жаңа Қазақстан!»  
атты Қазақстан халқына жолдауында  
еліміз дамуының жаңа кезеңінің келесі  
он жылға арналған бағыт-бағдарын анықтап,  
айқындап берген болатын  
— елбасы Н.Назарбаев*

1) Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өт.

2) Жолдан өтерде алдымен солға, ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара.

3) Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамның жасыл түсі жанғанда өту қажет.

4) Көліктен түскенде артынан айналып өту керек.

— Балалар, балабақшаға келе жатырғанда көп көліктерді көреміз.

— Қандай көлік түрлерін білеміз?

— Автобус, машина, жүк көліктерін көреміз.

— Жарайсыңдар

— Біздер бүгін қоғамдық көлік автобуска мініп, саяхатқа шығамыз.

— Автобуска отырғанда, көлік ішінде қауіпсіздік ережесін сақтай білу қажет.

— Балалар, машинаға отыратын қоғамдық көлікке мінетін адамдарды жолаушы деп атаймыз. Қария адамдарға орын, жол береміз. Қоғамдық көлік ішінде дауыс көтеріп сөйлеуге, жүгіруге, терезеден қолды шығаруға болмайды.

— Мына суретке назар аударайық

— Нені көріп тұрмыз?

— Пойыз, ұшақты

— Алыс жолға пойызбен барамыз.

— Ұшаққа отырғанда бірінші жолаушылар белдігін тағып алу қажет. Жол серігі жолаушыларға жол амандығын тілейді.

Қай көлікке отырсақта, балалар, қауіпсіздік ережелерін сақтап, ата-аналарымызды тыңдап мұқият болу керек.

— Біздің саяхатымыз мәресіне жетіп қалды. Автобус келіп, аялдамаға тоқтағанша орнымыздан тұрып, жүгіруге болмайды.

— Балалар, есімізге сақтайық. Автобуска мінген кезде артқы есікпен кіреміз, ал түскен кезде алдыңғы есіктен түсеміз.

Жолаушылар қауіпсіздік ережесін сақтай білсе, көлік жүргізушілері жол тәртібін сақтап жүрсе, жолаушылар отбасына аман-есен оралады.

Көліктерге мінеміз

Күнде тынбай жүреміз

Жол жүрудегі тәртібін

Ережесін білеміз.

Сақтағанда қатерден

Сау саламат жүреміз

Балалар, біздер бүгін саяхат барысында жолаушылар туралы көптеген мағлұмат алдық. Жол тәртібін, қауіпсіздік ережелерін есімізге сақтап жүрейік.

Сондықтан мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруда педагогикалық қызметкерлер алдында үлкен мақсатты жұмыс тұрғандығын көрсетеді. Алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде.

Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ұлттық тәрбиенің алатын рөлі зор. Қазақ халқы басқа халықтар сияқты бала тәрбиесіне ерте заманнан-ақ өзінің жиып — терген бай, асыл қазынасы, мол тәжірибесімен көңіл аударған. Қазақ атамыз келешек ұрпақтың қамын алыстан болжап, өмірге нәресте келгенде оған лайықты ат қойып, бесікке салып, тұсау кесер рәсімдерін жасап, өсе келе оған қазақ халқының ұлттық шежіресін, өзінің шыққан тегін, халықтың даналық сөздерінің мағынасын түсіндірген.

Демек, жас баланың ойлау, есту, сөйлеу, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің алатын орын ерекше. Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі «ертегілер».

Ертегілер — халқымыздың тұрмыс — салтын, арман — үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі. Ертегілердің білім мен тәрбие беру саласында маңызы өте зор. Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегілерді оқып беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Әрбір ертегіні оқып беріп, таныстыру арқылы танымдық қабілеттерін арттыруға болады. Балабақшадағы жоғарғы топтарда



өткізілетін әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде ертегілерді негізгі динамикалық қозғаушы күш яғни дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануға болады.

Сонымен қатар өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу әрбір әдіскер мен тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді әртүрлі сабақтарда өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан-жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. ҰОҚ барысында ертегі кейіпкерлерінің жан-жақты мінез-құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене?, жаман деген немене? екендігіне көзін жеткізеді. Ертегілердің балабақша тәрбиеленушілерімен өткізілетін үойә-де қолданылу аясы. Өз тәжірибемде мектеп жасына дейінгі балаларға ертегіні ең алдымен тыңдатамын, сонан соң тыңдаған ертегінің мазмұнын сұраймын, тіл байлықтарын арттыру мақсатында түрлі көңіл-күй көтеру ойындарын өткіземін. Ендеше, сол ертегілерді әр сала бойынша қалай қолдануға болатындығына тоқталып өтсем: Мысалы «Көркем әдебиет» саласында ертегіні оқып, мазмұнымен танысып, негізгі ойын анықтасақ, енді математика сабағында осы ертегі кейіпкерлерін пайдаланып денелердің көлемін салыстыруды, атап айтсақ түйе мен тышқанды, қой мен сиырды салыстыру арқылы «үлкен», «кіші», немесе «биік», «аласа» деген ұғымдарды қалыптастырып, таныстыруға болады.

Ал, шығармашылық саласына келетін болсақ, ертегі кейіпкерлерін музыка сабағында пайдалану тәрбиеленушілердің есте сақтау және дыбыстау қабілеттерін арттырады. Егер тәрбиеші ертегіні өзі оқығанда қызықсыз болады десе түрлі дыбыстық дискілерге жазып әкеліп оқуға болады. Ондай жазбалар музыка пәнінде балалардың есту қабілеттері мен дауыс ырғағын қайталауын (ритмдерді таңдауын) арттыруға көмектеседі.

Ертегілердің мазмұнына қарай қандай топтарға бөлінетіндігін де таныстырып айта кеткен жөн. Сюжеттік суреттер арқылы ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге және ертегі мазмұнын құрастыру балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Ертегі халық ауыз әдебиетінің негізгі бөлімдерінің бірі екенін ескерсек, олардың бала тәрбиесіндегі яғни жас бүлдіршіндерді адамгершілікке, имандылыққа, еңбекке, тапқырлыққа, туған өлкеге сүйіспеншілік сезіміне баулуға тәрбиелейді.

Балабақша тәрбиеленушілерінің даму сатысының іргетасы міне осы мезгілден қалыптасып, түзелу процестері жүргізіле бастайды. Бұл уақытта

тәрбиешінің іс-әрекеті жоспарлы ұйымдастыру болып табылады. Олардың қызығушылығын ынтасын ояту арқылы, зерттеушілік іс-әрекеттерін туғызуға болады.

Тәрбиешінің қиялдауына қанат бітіріп шығармашылық белсенділігін арттыру арқылы жан-жақты дамыту үрдісін ұйымдастыруда әрбір пәнде сюжетті, көркем, ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсету арқылы ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі — «ертегілердің» бала тәрбиесіндегі маңызды орынын көрсетуге болады.



## Ә дыбысы мен әрпі

**А.К.Сармантаева,**

№44 «Тұлпар» МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы

**Мақсаты:** Ә дыбысы және әрпімен таныстыру. Сөзге дыбыстық талдау жасату. Буындап оқуға жаттықтыру, логикалық ойындар, сөздер арқылы балалардың қызығушылықтарын қалыптастыру. Қолдарын жаттықтыру.

**Көрнекіліктері:** Ә дыбысынан басталатын сөздерге суреттер, үлестірмелі қағаздар, Ә әрпінің таңбасы.

**Әдістері:** көрнекілік, сөздік, ойндар, тапсырмалар.

**Барысы. Шаттық шеңбері.**

Қуанамын мен де, қуанасың сен де,

Қуанайық, достарым, арайлап атқан күнге.

Бүгінгі күніміз сәтті өтсін.

**Көрнекілікпен жұмыс.**

— Балалар, суреттен қандай жыл мезгілін көріп тұрсыздар?

— Қыс мезгілінің қандай ерекшелігін білесіздер?

— Қысқы ойын түрлерін атап бересіздер ме?

**Жұмбақ. Бұрап қойған сағаттай**

Айқайлайды таң атпай. (әтеш)

— Балалар, әтеш деген сөзді айтқанда сөздің басында қандай дыбыс естіледі?

— Ә дыбысынан басталатын қандай сөздерді білесіздер?

**Суретпен жұмыс.**

Әткеншек суреті, отбасындағы әкенің бейнесі, әтірдің суреті, т.б.

Ә дыбысын айту.

Ә дыбысы — дауысты, жіңішке дыбыс.

Ә дыбысының айтылуы — тілдің ілгері жылжуынан жасалады.

**Дидактикалық ойын:** «Ойлан, тап» (ә,к,е дыбысынан басталатын сөздер айтады)

Ә — әже, әке, әткеншек, әмиян

К — кесе, кеме, картоп, көбелек.

Е — ет, есік, етік, емен.

«Әке» деген сөзді оқыту.

**Сергіту сәті.**

Мынау менің жүрегім,

Бәрі осыдан басталған.

Мынау басым ақылды,

Бәрін осы басқарған.

Мынау менің оң қолым,

Мынау менің сол қолым,

Барлық істі атқарған.

**Дидактикалық ойын:** «Кім жылдам?»

Ә дыбысына сөз ойлау, айту, дыбыстық талдау жасау, сөздерді буынға бөліп, қанша буыннан тұратынын айту.

Әй–нек (бес дыбыс, екі буын, ә дыбысы сөздің басында)

Ә–теш (төрт дыбыс, екі буын, ә дыбысы сөздің басында)

Ә–де–мі (бес дыбыс, үш буын, ә дыбысы сөздің басында)

Пә–тер (бес дыбыс, екі буын, ә дыбысы сөздің ортасында), т.с.с.

**Дәптермен жұмыс. Ә әрпін жазу.**

**Дидактикалық ойын.**

Үлестірмелі қағаздармен жұмыс.

Суреттегі заттарды қатыстырып сөйлем құрастыру)

Сәбіз, әже, дәптер, әтеш.

Мен көжегіме сәбіз бердім. Айнұрға әжесі ертегі айтып берді. Апам дүкеннен дәптер сатып алды. Алмастың әтеші бар.

**Қорытындылау.**

**Мнемокесте.**

Суретте әже, сәби, бесік бейнесі. Сөздерді ұйқастырып, өлең жолдарын құрастырады.

Әжем бесік тербетіп,

Әлди әнін айтады.

Ә дыбысын таңбалау.

Ә әрпінің жазылуын көрсеті.

Ауада жазып көрсету.

## Баланың балабақшаға бейімделуі

**Б.Х.Өтесінова**, «Сан-Бобек» ЖШС

балабақшасы психологі, Ақтөбе қаласы

Сіздің балаңыз аяғын апыл-тапыл басып жүре бастады, сөйлеуді үйренді, адамдармен араласады, өз бетінше пайымдайды және өз бетінше тамақтанады. Енді балаға жас ерекшелігіне байланысты қарым-қатынас жасап, тіл табысуға мүмкіндік тудыратын орта-балабақшаға орналастыру мәселесі туындайды. Үйдегі баланың басқа ортаға түсуі алғашында оңай болмайды. Сәби өзінен басқа бала бар екенін, олармен бірге бәрі қызықты екенін түсінуі керек. Сәбиді туған-туыстары мен жақындарынан айырып, басқа адамдар мен таныс емес балалардың арасына түсуі оған ауыр әсер етеді. Бала жаңа ортада ата-анасының мейірімін, өзіне ерекше көңіл бөлуін аңсайды. Дәл осы толқымалы ұақытта ата-ана, тәрбиеші үшін жауапты кезең. Педагогтың өзіне жүктелген жауапкершілігі және ата-ананың көмегі баланың психикалық және дене дамуына, көңіл күймен көп әсерін тигізеді.

Бала үйден балабақшаға ауысу кезеңінде қандай көмек бере аламыз?

Міне осы тұрғыда ата-аналарға мына төмендегідей бірнеше кеңесті ұсынамыз.

1. Алғашқы күннен бастап, нәрестеңізбен балабақшаның ішін аралаңыз. Балаңызға тәрбиешімен бірге ән-күй залын көрсетіңіз. Сәбиіңізге балалар серуенде не істейді, қай жерде тамақ ішеді, күндіз қай жерде тамақ ішеді, қалай ұйықтайтыны жөнінде түсінік беріңіз.
2. Үйде күн тәртібін бұзбаңыз, баланы ерте жатқызып, ұйқысының тыныш болуына көңіл бөліңіз. Өйткені оның ұйқысы бұзылса, маза-сыздана береді.
3. Балаңызды балабақшаға алғаш әкелгенде жалғыз қалдырмаңыз. Сол жерде онымен біраз уақыт бірге болыңыз. Баланы уақытында алып отырыңыз. Алғашқы екі аптада сәбиіңізді түс мезгілінде алып кеткеніңіз жөн.
4. Балаңыздың ең сүйікті ойыншығын балабақшаға апаруға рұқсат етіңіз. Оны сонда тастап кетіп, ойыншығын таңертең келгенде сені қарсы алады деп, түсіндіріңіз. Егер балаңыз келіссе, ойыншықты өзімен бірге алып жүріп, басқа-



лармен ойнасын. Сонан соң, балаңыздан «ойыншық балабақшада не істеді, онымен кім достасты, кім ренжітті, оған көңілсіз болды ма?» — деп сұраңыз. Осындай сауалдар арқылы сіз балаңызды балабақшаға қаншалықты үйренгенін білесіз.

5. Үйдегі ойыншықтармен «Балабақша ойынын» ойнап көріңіз, бір ойыншықты баланың өзіне қалдырып, онымен қыдыртыңыз. Сонан соң, сырттай бақылаңыз. Сол ойыншық арқылы баланың балабақшадағы көңіл-күйін біле аласыз.



## «Баланы дұрыс сөйлей білуге үйрету»

**А.С. Жолымбетова, №44 «Тұлпар»**

*МДҰ тәрбиешісі, Ақтөбе қаласы*

Тіл — қоғамдағы адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы. Таза мәнерлі тіл — бұл ойлау жемісі. Баланы ана тілінде дұрыс сөйлеуге үйрету арқылы олардың бойындағы тілдік мәдениетті қалыптастырамыз. Олай болса тіл адам баласы қоғамымен бірге туып, өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мұра. Баланы тілдік мәдениетке тәрбиелеуде отбасының, бала-бақшаның қажырлы еңбегі орасан. Балабақшада тәрбие жұмыстарының басты мақсаттарының бірі — баланың тілін ұстартып, жақсы сөйлей білуге үйрету.

Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы. Алтынсарин ағамызда балаларды оқу және оқыту, тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатындығын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай-қай тілде болса да, еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес» — деген болатын. Мектеп жасына дейінгі баланың тағы бір ерекшелігі — олардың еліктеу, қиялдау қабілетінің басым болуы. Сол себепті әрбір ата-ана, тәрбиеші баланың қойған сұрақтарына үнемі, дұрыс жауап берулері керек. Баланың тілін дамытуда мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

1. Айналадағы бар, күнделікті өмірде пайдаланып жүрген заттарды (киім-кешек, ыдыс-аяқ, тағам, үй жиһаздарын) көрсетіп, атын сұрап айтқызу.

2. Осы заттардың қайдан, неден (ағаштан, шыныдан, жүннен, темірден жасалғандығын) түсіндіру.

3. Ойыншықтары жайында, жақсы көретін ертегісі туралы әңгімелесу.

Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып, сақталып келе жатқан наным-сенімдерін, дәстүрін, жол-жоралғыларын, әдеп-ғұрыптарын өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына сіңіру мектеп жасына дейінгі баланың тілін дамытуға баға жетпес нәтиже береді. Балаларға осы халқымыздың игі дәстүрлерін: бесікке салу, ат қою, тұсау кесу, қонақ күту, ас қайыру т. с. с әр сабақта тақырыпқа байланысты айтып отыру. Балаларға жасына қарай көркем әдебиет шығармаларын мазмұнын айтқызу, мақал-мәтел айту, жұмбақтар жасыру сияқты жұмыстарды да жүргізуге болады. Жұмбақ жаттау кезінде балалар өзінің білім дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, ынта-жігері артып, жауапкершілікті сезінеді.

### **Мысалы:**

Қараңғыны түреді,

Білгі жалғыз жүреді. (*ай*)

Домалап кетеді,

Қайта домалап жетеді. (*дон*)

Қабат-қабат қаттама,

Ақылың болса, аттама. (*кіман*)

Мақал-мәтелдің де бала тәрбиелеуде орны ерекше.

**Мысалы:** Жақсы болсаң, жақын көп.

Тіл — буынсыз, ой — түпсіз.

Ағаш тамырымен мықты,

Адам жолдасымен мықты.

Жаңылтпаштар айту баланың тілін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Шілікті шаптым,

Жілікті астым.

Шілікті жақтым,

Жілікті шақтым.

Қаштым қатты-ақ

Ұшты қалпақ,

Балақ сатпақ,

Аяқ батпақ.

Қорыта айтқанда, баланың жан-жақты дамуына, тілдік қорының молаюына көбірек көңіл бөліну керек.

## ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ТАҚТАСЫ

## Құрметті оқырман!

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналының №3 (25) санын **2021 жылғы 27 қыркүйекте** шығарады. Тоқсанына 1 рет жарыққа шығатын журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:

- 1. Тілтаным:** профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үштұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралықынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.
- 2. Рухани жаңғыру:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.
- 3. Тіл үйрету әдістемесі:** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалықшеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т. б. беріледі.
- 4. Үздік сабақ:** тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер), әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.
- 5. Тәрбиеші жазбалары:** мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаныжан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі **2 беттен** көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см, сол жағынан 2 см, оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, кегль 12, жоғары ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23–25] рәсімделеді. Файлдық құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте, иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделіп, [ortaluktil@mail.ru](mailto:ortaluktil@mail.ru) электронды поштасына жіберілуі қажет. Баспаға материал жариялау-тегін.

Журналдың №3 (25) санына материалдар **2021 жылғы 30 тамызға** дейін мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А», №102 кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 41–69–34.

«Habar-Servis» JŞS baspahanasynda basylǵan.

Qazaqstan Respublikasy, Aqtöbe qalasy, Smagulov köşesi, 9/2.

Tel.: 8 (7132) 545–545, 400–400.